Раздел по тюркским языкам – самый обширный в данном номере, и в нём представлены исследования как в диахроническом разрезе, так и синхроническом аспекте. Возможно, некоторые проблемы, рассматриваемые в статьях, будут дискуссионными. Так, статья ученых из Турции и Казахстана H. Yıldız, N. Jamalova, A. Öztürk «*Phonetic and orthographic features of the Armeno-Turkish translation of the Bible*» (англ.) посвящена историко-культурному и языковому фонетико-орфографическому анализу священной книги Евангелия на османском языке, написанной кыпчако-армянской графикой. Тюркские письменные памятники, написанные армянской графикой, были достаточно распространены в позднее средневековье и новое время. Текст статьи регламентирует, с одной стороны, духовную ценность, поскольку в ней изложены учения и жизнь Иисуса Христа от рождения до последних дней; с другой - языковую ценность, ибо раскрываются особенности языковых единиц османского языка.

Интересной для читателей будет статья известного профессора из Ташкента М. Джусупова «*Халел Досмухамедулы: сингармонизм – основа тюркской сингармонической орфоэпии, орфографии, словообразования, словоизменения*» (рус.). Несмотря на то,что в статье рассматривается роль труда Халела Досмухамедулы в обосновании фонетического закона тюркских языков, закона сингармонизма, статья вносит свой вклад в развитие исторической фонологии тюркских языков, общего языкознания и сопоставительной лингвистики. Статья отличается глубиной мысли, обширными познаниями автора и доказательной базой результатов. Профессор М. Джусупов смог раскрыть значение теоретических выкладок казахского ученого в сопоставлении с концепциями других ученых, осветить его социальную и языковую личность в непростых политических условиях того времени, отмечая, что «его (Х. Досмухамедова) национальный колорит остается подлинно казахским, по-настоящему тюркским». Более того, сингармонизм как универсальное суперсегментное свойство тюркских языков в учении самого М. Джусупова углубляется, детализируется, маркируется терминами сингармофонология, сингармофонема, сингар-

моинвариант, сингармоассимиляция, сингармо-аффикс и др., что значительно расширяет границы современных фонолого-морфемных, деривационно-грамматических исследований тюркских языков.

Фонетико-фонологическое освещение системы тюркских языков нашло также отражение в статье алматинских ученых профессора З. Базарбаевой и ее коллег *«Comparative and typological features of consonant system in Turkic languages»* (англ.). Авторы статьи, используя сравнительно-исторический метод и структурную типологию языков, сопоставляют систему консонантизма в казахском, башкирском, уйгурском, каракалпакском, хакасском, шорском, чувашском языках. Анализу подвергаются система согласных в анлауте, инлауте и ауслауте, выявляется проявление согласных в законе сингармонизма, их комбинаторные изменения в зависимости от позиции и произношения и другие фонетические закономерности системы консонантизма в тюркских языках.

Статья молодого ученого из Турции, доктора PhD Р. Мухаммеда *«On the word bolmačï in Turkic Languages»* (англ.) также написана в контексте ретроспективных исследований и посвящена анализу конкретного тюркского слова bolmačï в письменных памятниках средневековья: Караханидских, Хорезмийских и Кыпчакских. Автор осуществил тотальную выборку иллюстративного материала из текстов памятников, сделал хороший семантический анализ прямого и переносного значений лексемы, обусловленных контекстуальными и историко-культурными смыслами. Значимым является раскрытие семантических трансформаций значений слова в современных тюркских языках (карачаево-балкарском, турецком, казахском и др.), а также процесс лексикализации грамматических форм слова.

Наконец, в статье доктора PhD А.Абиш из Центрального университета национальностей (г.Пекин, Китай) *«Қытайдағы қазақтар тіліндегі топикализация стратегиялары»* (каз.) раскрываются проблемы синтаксиса современных тюркских языков. Впервые для анализа языковой системы тюркских языков используется синтаксическая теория – темарематическая система коммуникаций, известных и новых знаний в структуре предложения. Автор эту модель именует стратегией топикализации и на базе локального казахского языка и его взаимодействия с уйгурским и китайским языками определяет маркеры топикализации (специальные частицы, изменение порядка слов, паузы, интонаций). В статье также

раскрываются вопросы контактного влияния разноструктурных языков в мега ареале, каким является Китайская Народная Республика.

Завершает третий номер обзорная рецензия доктора филологических наук, профессора Ж. Аймухамбет *«Шәкір Ибраев зерттеуіндегі ғұрыптық фольклор»* (каз.) на монографию известного в тюркском мире ученого, тюрколога- фольклориста Шакира Ибраева

Н.Г. Шаймердинова,
доктор филологических наук, профессор;
заместитель редактора *Turkic Studies Journal*

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Turkic Studies Journal 3 (2025) 26-52
Journal homepage: https:tsj.enu.kz

Medieval History (Archeology)/ Ортағасырлық тарих (археология)/ Средневековая история (археология)

Article

Ортағасырлық Нөгербек қаласы: археологиялық және палеоэкономикалық зерттеулер нәтижелері[1]

Ж. Утубаев[a], *М. Сүйіндікова[b], М. Шагирбаев[c], А. Касенова[d], Ж. Қалиева[e]

[a]*Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы, Қазақстан Республикасы*
ORCID: 0000-0002-6484-2923
(E-mail: utubaev@mail.ru)
[b]*Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы, Қазақстан Республикасы*
ORCID: 0000-0002-8184-7830
*(E-mail: makpal1226@mail.ru). *Байланыс үшін автор: makpal1226@mail.ru*
[c]*Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы, Қазақстан Республикасы*
ORCID: 0000-0001-8176-932
(E-mail: mambet_87@mail.ru)
[d]*Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы, Қазақстан Республикасы*
ORCID: 0000-0002-8401-6610
(E-mail: asema_94@mail.ru)
[e]*Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институтының Астана қаласындағы филиалы*
Астана, Қазақстан Республикасы
ORCID: 0000-0002-4668-6058
(E-mail: zhkalieva@mail.ru)

ARTICLE INFO

Кілт сөздер:
Орталық Қазақстан, Ұлытау, ортағасыр, қалалық мәдениет, Нөгербек қаласы, археология, цитадель, керамика, археозоология, палеоэкономика

ҒТАМР 03.41.91

DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-3-26-52

АННОТАЦИЯ

Мақалада Ұлытау өңіріндегі ортағасырлық Нөгербек-Дарасы қаласына жүргізілген археологиялық және палеоэкономикалық зерттеулердің нәтижелері талданады. Ескерткішті археологиялық тұрғыдан алғашқы зерттеген ғалымдар академик Ә.Х. Марғұлан мен С. Жолдасбаев болып табылады. 2015-2017 жж. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкері Ғ. Ахатов қазба жұмыстарын жүргізді. Мақалада 2018 жылы жүргізілген далалық қазба жұмыстарының және одан кейінгі кезеңде орындалған зертханалық талдаулардың нәтижелері ұсынылады (жетекшісі: Ж.Р. Утубаев). Керамикалық материалдарға морфологиялық талдау жүргізіліп, ыдыстардың шаруашылық және асханалық мақсатта пайдаланылғаны анықталды. Қыш ыдыстардың басым бөлігі, яғни 83%-ы дәстүрлі жапсырма әдісімен жасалып, ашық отта күйдірілген. Ал арнайы шарықта ұқыпты дайындалған қыш ыдыстар 17 пайызды құрады. Ыдыстар пайдалану мақсаттарына қарай төмендегіше жіктелді: құмша – 3%, көзе – 21%, құмыра – 14%, асханалық шағын құмыра – 52%, саптыаяқ – 3%. Олар өз ішінде бірнеше түрлерге

[1]Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «BR24992951 «Сарыарқаның археологиялық мұрасы (тас дәуірінен орта ғасырға дейін)» тақырыбындағы бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды.

© Ж. Утубаев, М. Сүйіндікова, М. Шагирбаев, А. Касенова, Ж. Қалиева, 2025

бөлінді. Аталмыш ыдыстардың ішінде шаруашылық мақсаттағы көзе және асханалық ыдыстар тобындағы шағын құмыра ыдыстарының пайызы басым. Қазба барысында тіркелген қыш ыдыстардың жақын баламаларын Сырдариянның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардан жиі кездестіруге болады. Соның ішінде пішіні мен ыдыс беттеріне түсірілген өрнек, белгі түрлері Жанкент қаласындағы қыш ыдыстарға өте жақын екендігі анықталды. Ыдыстардың пішіндік және технологиялық ерекшеліктері олардың жергілікті өнім екендігін дәлелдей түседі. Сондай-ақ зерттеу нәтижелері ортағасырлық қалалық мәдениеттің тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық құрылымы жөнінде маңызды деректер ұсынады. Археозоологиялық талдаулар барысында остеологиялық материалдардың жануар түрі бойынша таксономиялық құрамы анықталып, үй жануарларының анатомиялық құрамы, қаңқа бөліктері, жас ерекшеліктері, тұрғындардың етті тұтыну мөлшері, сүйектердегі бірқатар модификациялық өзгерістер және патологиялар анықталды. Жиыны 503 сүтқоректілерге тиесілі элементтер зерттеліп, оның ішінде 404 (80,3%) сүйек нақты түрге дейін ажыратылды. Остеологиялық материалдардың құрамында үй жануарларының сүйектері басым (98,5%), сонымен қатар жабайы жануарлардың сүйектері де (1,5%) кездесті. Жабайы фаунаның құрамында ақбөкен (Saiga tatarica) және қабан (Sus scrofa) секілді жұптұяқтылардың сүйектері кездесіп отыр. Үй жануарлары қалдықтарының арасында уақ малдың сүйектері басым (35,9%). Екінші орында – жылқы (33,2%), үшінші орында – ірі қара сүйектері (28,4%). Аз мөлшерде түйе сүйектері мен иттің қаңқа қалдықтары кездесті. Уақ малдың басым бөлігі 1,5-2,5 жас аралығында көбірек сойылғаны байқалды. Ірі қараны 2,5 жастан асқанда көбірек етке пайдаланған. Жылқылар 10 жастан асқанда етке пайдаланылған.

Zh. Utubayev[a]
[a]*Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Republic of Kazakhstan*
ORCID: 0000-0002-6484-2923
(E-mail: utubaev@mail.ru)

***M. Suyundikova**[b]
[b]*Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Republic of Kazakhstan*
ORCID: 0000-0002-8184-7830
(E-mail: makpal1226@mail.ru)
*Corresponding author: makpal1226@mail.ru

M. Shagirbayev[c]
[c]*Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Republic of Kazakhstan*
ORCID: 0000-0001-8176-932
(E-mail: mambet_87@mail.ru)

Received 26 June 2025. Revised 30 July 2025. Accepted 30 August 2025. Available online 30 September 2025.

Дәйексөз үшін: Ж. Утубаев, М. Сүйіндікова, М. Шагирбаев, А. Касенова, Ж. Қалиева Ортағасырлық Нөгербек қаласы: археологиялық және палеоэкономикалық зерттеулер нәтижелері // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. № 3. 26-52 б. DOI: ttp://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-3-26-52

For citation: Zh. Utubayev, M. Suyundikova, M. Shagirbayev, A. Kassenova, Zh. Kaliyeva The medieval settlement of Nogerbek: Results of archaeological and paleo-economic research // Turkic Studies Journal. 2025. Vol. 7. No 3. P. 26-52. DOI: ttp://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-3-26-52

A. Kassenova[d]
[d]*Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Republic of Kazakhstan*
ORCID: 0000-0002-8401-6610
(E-mail: asema_94@mail.ru)

Zh. Kaliyeva[e]
[e]*The branch of the Margulan Institute of Archaeology in Astana, Astana, Republic of Kazakhstan*
ORCID: 0000-0002-4668-6058
(E-mail: zhkalieva@mail.ru)

The medieval settlement of Nogerbek: Results of archaeological and paleo-economic research

Abstract. The article examines the results of archaeological and paleo-economic studies of the medieval city of Nogerbek, which is located in the Ulytau region. The first archaeological research at the site was conducted by Academician A.Kh. Margulan and S. Zholdasbayev. Archaeological excavations were resumed by G. Akhatov, a researcher at the A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, in subsequent years, during 2015-2017. This study presents the findings of the field excavations conducted at the site in 2018 (excavation director: Zh.R. Utubaev), as well as the subsequent laboratory analyses. A morphological analysis of the ceramic material revealed that the vessels were used for both household and kitchen purposes. The majority of the ceramics (83%) were made using the traditional hand-building technique of coiling and fired in open flames. Only 17% of the vessels were carefully made on a potter's wheel and fired in special kilns. Based on their function, the vessels were classified based on their function as follows: kumsha (3%), köze (21%), large storage jars (14%), small kitchen jars (52%), and handled cups (3%). The most dominant items were the storage köze and small kitchen jars. Comparable ceramics have been frequently unearthed at medieval settlements in the lower reaches of the Syr Darya. The vessels from the city of Zhankent were found to be the most similar in terms of shape and decorative motifs. The morphological and technological characteristics of the ceramic assemblage suggest local production, providing insights into daily life and the economic structure of medieval urban culture. The archaeozoological analysis revealed the taxonomic composition of the osteological material, the anatomical structure of the domestic animals, their age profiles, their meat consumption patterns and any traces of modifications or pathologies on the bones. A total of 503 mammalian bones were studied, 404 (80.3%) identified to species. The assemblage is dominated by domestic animals (98.5%), with a small share of wild fauna (1.5%), including saiga (Saiga tatarica) and wild boar (Sus scrofa). Among domestic species, small ruminants account for the largest share (35.9%), followed by horses (33.2%) and cattle (28.4%), with smaller quantities of camel and dog remains. Slaughter profiles show small ruminants at 1,5-2,5 years, cattle after 2,5 years, and horses mostly over 10 years.

Keywords: Central Kazakhstan, Ulytau, medieval period, urban culture, Nogerbek settlement, archaeology, citadel, ceramics, archaeozoology, paleo-economy.

Ж. Утубаев[a]
[a]*Институт археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Республика Казахстан*
(E-mail: utubaev@mail.ru)
ORCID: 0000-0002-6484-2923

***М. Суюндикова**[b]
[b]*Институт археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Республика Казахстан*
ORCID: 0000-0002-8184-7830
(E-mail: makpal1226@mail.ru)

М. Шагирбаев[c]
[c]*Институт археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Республика Казахстан*
ORCID: 0000-0001-8176-932
(E-mail: mambet_87@mail.ru)

А. Касенова[d]
[d]*Институт археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Республика Казахстан*
ORCID: 0000-0002-8401-6610
(E-mail: asema_94@mail.ru)

Ж. Калиева[e]
[e]*Филиал Института археологии им. А.Х. Маргулана в городе Астане, Астана, Республика Казахстан*
ORCID: 0000-0002-4668-6058
(E-mail: zhkalieva@mail.ru)

Средневековое городище Ногербек: результаты археологических и палеоэкономических исследований

Аннотация. В статье рассматриваются результаты археологических и палеоэкономических исследований средневекового города Ногербек, расположенного в регионе Улытау. Первые археологические исследования памятника были проведены академиком А.Х. Маргуланом и С. Жолдасбаевым. В последующие годы, в 2015-2017 гг., раскопки были возобновлены научным сотрудником Института археологии имени А.Х. Маргулана Г. Ахатовым. В данном исследовании представлены результаты полевых раскопок, проведённых на памятнике в 2018 году (руководитель раскопок: Ж.Р. Утубаев), а также последующих лабораторных анализов. Был проведён морфологический анализ керамического материала, в результате которого установлено, что сосуды использовались в хозяйственных и кухонных целях. Большая часть керамики – 83% – была изготовлена традиционным налепным способом и обжигалась на открытом огне. Лишь 17% сосудов были тщательно выполнены на гончарном круге и обожжены в специальных печах. По функциональному назначению сосуды классифицируются следующим образом: кумша 3%, горшки 21%, кувшины 14%, столовые кувшины 52%, кружки 3%. Внутри этих групп выделяются различные морфологические типы. Среди них наибольшую долю составляют хозяйственные горшки и столовые кувшины. Близкие аналогии керамики, обнаруженной в ходе раскопок, часто встречаются на средневековых городищах в нижнем течении Сырдарьи. В частности, установлено, что по форме и типам орнаментации наиболее схожими являются сосуды из города Жанкент. Морфологические и технологические особенности керамики подтверждают её местное происхождение. Кроме того, результаты исследования предоставляют важные сведения

о повседневной жизни и хозяйственной структуре городской культуры средневекового периода.

В ходе археозоологических исследований был определён таксономический состав остеологического материала по видам животных, а также проанализированы анатомический состав домашних животных, соотношение отделов скелета, возрастные характеристики, объёмы потребления мяса населением, различные модификационные изменения и патологии на костях. Всего было изучено 503 кости, принадлежащих млекопитающим, из них 404 (80,3%) удалось точно определить до видового уровня. В составе остеологического материала преобладают кости домашних животных (98,5%), однако встречаются и остатки дикой фауны (1,5%). Среди последних выявлены кости парнокопытных – сайги (Saiga tatarica) и кабана (Sus scrofa). Среди домашних животных наибольшую долю составляет мелкий рогатый скот (35,9%), на втором месте – лошади (33,2%), на третьем – крупный рогатый скот (28,4%). В меньших количествах встречены останки верблюдов и собак. На убой мелкий скот, как правило, шёл в возрасте от 1,5 до 2,5 лет; крупный рогатый скот использовался после 2,5 лет, а лошади – преимущественно в возрасте старше 10 лет.

Ключевые слова: Центральный Казахстан, Улытау, средневековье, городская культура, городище Ногербек, археология, цитадель, керамика, археозоология, палеоэкономика.

Кіріспе

Су көздері мен кең жайылымдарға бай Сарыарқа даласы көшпелі өмір салты үшін қолайлы табиғи-географиялық орта болып табылады. Мұндай қолайлы экологиялық жағдайлар өңірде адамзаттың мыңдаған жылдар бойы тұрақты өмір сүруіне және мәдени дамуына ықпал етеді. Соның нәтижесінде Сарыарқа аумағында әр түрлі тарихи кезеңдерге жататын археологиялық және тарихи-мәдени ескерткіштер бүгінгі күнге дейін сақталған.

Академик Ә.Х. Марғұлан өз еңбектерінде Сарыарқа даласында тіркелген ескерткіштердің басым бөлігі ортағасырлық кезеңге, атап айтқанда, түркі және қыпшақ дәуірлеріне тән екенін атап көрсетеді (Марғұлан және т.б., 1966: 435). Орталық Қазақстан аумағында осы кезеңге жататын қалалар мен қорғаныс сипатындағы ірі қамалдар, қоныстар мен қорымдар жақсы сақталған. Олардың қатарында Алаша хан, Басқамыр, Аяққамыр, Сарайлы (Хан Ордасы), Айбас-Дарасы, Нөгербек-Дарасы, Домбағұл, Қаратон және басқа да ірі қалаларды атауға болады. Бұл нысандардың басым бөлігі Ұлытау және Арғанаты тауларының етегінде орналасқан, бұл өз кезегінде олардың стратегиялық және шаруашылық жағынан тиімді аумақта салынғанын көрсетеді.

Ұлытау өңіріндегі Кеңгір мен Сарысу өзендерінің бойына орналасқан ортағасырлық қалалар бұл аумақта отырықшы мәдениет пен суармалы егіншіліктің дамығанын айғақтайды (Марғұлан, 1978). Отырықшы мәдениетке тән ескерткіштердің ішіндегі ең ірісі Нөгербек-Дарасы (1-сурет). Аталған ескерткіш Ұлытаудың батыс бөлігінде орналасқан Нөгербек сайының бойында, Айбас-Дарасы қалашығынан солтүстік-шығысқа қарай 4 шақырым қашықтықта орналасқан.



1-сур. Нөгербек-Дарасы қаласының орналасу картасы. Орындаған: Қ.Асылбеков.
Fig. 1. Location map of the city of Nogerbek-Darasy. Prepared by: K. Asylbekov.
Рис. 1. Карта расположения городища Ногербек-Дара. Подготовил: К.Асылбеков.

Нөгербек-Дарасы мен Айбас-Дарасы орналасқан алқап Ұлытау және Едіге тауларынан бастау алатын бұлақ суларымен қоректенетін ұсақ өзен арналары арасындағы кең әрі шұрайлы аңғар болып табылады. Бұл өңірдің гидрографиялық жүйесінде ең ірі су көзі – Ұлытау жотасының шекарасымен ағатын Нөгербек өзені. Аталған өзенге шығыс және солтүстік-шығыс бағыттардан бірнеше шағын салалар құйылады, алайда олардың көпшілігі маусымдық сипатқа ие және жаз айларында тез арада тартылып, құрғап қалады. Нөгербек аңғары табиғи өсімдіктер жамылғысына бай: өзен жағалауларында шөптесін өсімдіктермен қатар қайың, көктерек, тал және итмұрын сияқты бұталы өсімдіктер кеңінен таралған. Мұндай табиғи жағдайлар ортағасырлық отырықшы және жартылай көшпелі қауымдастықтардың шаруашылық өміріне қолайлы орта қалыптастырған.

Нөгербек-Дарасы қаласы тау өзендерінің тармақтары қоршаған тұйық шеңбер тәрізді кең алаңда орналасқан. Ескерткіштің солтүстік-батыс бөлігі су тасқыны салдарынан ішінара бүлінген. Сонымен қатар, ескерткіштің беткі қабаты шөппен көмкеріліп, қалың бұталы өсімдіктер өскен. Жалпы жоспары жағынан Нөгербек-Дарасы Айбас-Дарасыға қарағанда әлдеқайда күрделі жоспарға ие. Жоспары трапеция пішінінде салынған және мұндай айқын геометриялық жоспар археологиялық нысандар арасында өте сирек кездеседі. Қалашықтың жоспары алғаш рет 1941 жылы геолог Б.М. Чудинов тарапынан түсірілген. Кейін, 2024 жылы Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының аға ғылыми қызметкері Қ. Асылбеков аэрофототопографиялық жұмыстар кешенін жүргізіді (2,3-сурет).



2-сур. Нөгербек-Дарасы қаласының цифрлық моделі. Орындаған: Қ. Асылбеков.
Fig. 2. Digital model of the city of Nogerbek-Darasy. Prepared by: K. Asylbekov.
Рис. 2. Цифровая модель городища Ногербек-Дара. Подготовил: К.Асылбеков.



3-сур. Нөгербек-Дарасы қаласының топографиялық жоспары. Орындаған: Қ. Асылбеков.
Fig. 3. Topographic plan of the city of Nogerbek-Darasy. Prepared by: K. Asylbekov.
Рис. 3. Топографический план городища Ногербек-Дара. Подготовил: К.Асылбеков.

Ескерткіш кірпіш пен тастан тұрғызылған. Қорғаныс қабырғаларының ұзындығы шамамен 90 м, ені 55-78 м аралығында, қалыңдығы 4-5 м, ал сақталған биіктігі шамамен 1,5 м-ге жетеді. Бұрыштарында орналасқан мұнаралардан бөлек, әр қабырға бойында биіктігі 2,5 м-ге дейін жететін қорғаныс мұнаралар салынған. Қамалдың солтүстік-шығыс бөлігінде екіге бөлінген цитадель орналасқан. Цитадельдің шығыс бөлігінде үш бөлмеден тұратын құрылыстың қабырғалары сақталған. Қорғаныс қабырғасының ішкі жағында бірқатар тұрғын үй орындарының іздері анықталған, бұл қалашықтың отырықшы сипатта болғанын көрсетеді. Цитадель аумағындағы тұрғын үй құрылыстарының барлығы тікбұрышты және сопақша пішінді жоспарға ие. Қалашықтың орталық және шығыс бөліктерінің мал шаруашылығына арналғаны байқалады. Сонымен қатар, ескерткіш маңынан тастан өрілген үш құдықтың орны мен суармалы егіншілік пен бау-бақша өсіруге арналған алаңдардың іздері тіркелген. Қамалдың қорғаныс қабырғасының үстіне кейінгі кезеңдерге тән жерлеу орны орналастырылған болса, айналадағы биіктеу төбелерде этнографиялық дәуірмен мерзімделетін жерлеу орындары анықталды. Жерлеу ескерткіштері орташа және ірі көлемдегі тастардан үйілген обалар түрінде көрініс табады. Осы себепті археологиялық қазба жұмыстары негізінен цитадельдің бос алаңында жүргізілген. 2018 жылғы далалық маусымда

жүргізілген зерттеулер нәтижесінде ескерткіштің құрылысы жөніндегі мәліметтер едәуір толықтырылып, оның архитектуралық-жоспарлау ерекшеліктері айқындалды. Қалашықтың стратиграфиясы мен жоспарын нақтылау мақсатында цитадельдің оңтүстік жағында, солтүстік-шығыс секторда 100 м^2 (12 × 8 м) көлемінде қазба жүргізілді.

Қазбаның солтүстік-шығыс секторында, 20 см тереңдікте, құрылыс орнына тән мәдени қабат анықталды. Бұл қабаттан құрылысқа пайдаланылған тастар, керамикалық материалдар мен жануар сүйектерінің фрагменттері табылды. Сол сияқты, қазбаның солтүстік-батыс бөлігінде ені 0,7-1,2 м, ұзындығы 7,5 м болатын, әртүрлі пішіндегі тастардан қаланған бір құрылыс қабырғасы мен бірнеше бөлменің іздері анықталды. Қабырға солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай бағытталып, цитадельдің негізгі қабырғаларына параллель орналасқан. Қабырғалар бірнеше қатар етіп қойылған тастардан қаланып, олардың беті саз ерітіндісімен сыланған. Мұндай сазбен сылау тәсілі құрылыстың беріктігін арттыруға бағытталған құрылыс техникасы болғанын көрсетеді.

Жалпы қазба материалдары қаланың тегістелген табиғи алаңда салынғанын растайды. Цитадель ішінен анықталған құрылыс қабырғалары нығыздалған саз блоктарынан тұрғызылған, ал оның солтүстік бөлігінде тастан қаланған құрылыс бөліктері жапсарлас орналасқан. Бұл мәліметтер Нөгербек-Дарасы қаласының құрылыс жүйесінің күрделілігі мен әртүрлі құрылыс материалдарын қолдану дәстүрін сипаттайды.

Нөгербек-Дарасы қаласына жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижелері ортағасырлық сәулет өнері, жоспарлау жүйесі мен құрылыс техникасының ерекшеліктері туралы деректер қорын едәуір толықтыруға мүмкіндік берді. Қазба жұмыстары барысында мәдени қабаттардан түрлі археологиялық олжалар – керамикалық материалдар, жануар сүйектері, қола және темірден жасалған бұйымдар, сондай-ақ тас құралдары анықталды.

Ұлытау өңіріндегі ортағасырлық ескерткіштердің бірі – Нөгербек-Дарасы қаласы аймақтың әлеуметтік-экономикалық және шаруашылық құрылымын зерттеу үшін маңызды археологиялық нысан болып табылады. 2018 жылы қазба барысында табылған жануар сүйектерін талдау нәтижелері орта ғасырдағы мал шаруашылығының даму ерекшеліктері, тұрғындардың ет өнімдерін тұтыну стратегиясы және үй жануарларының биологиялық ерекшеліктері туралы маңызды мәліметтер береді. Археозоологиялық сараптама барысында остеологиялық материалдардың таксономиялық құрамы, қаңқа элементтері мен қаңқа бөліктері, үй жануарларының жас ерекшеліктері, сүйектердегі патологиялық және модификациялық өзгеріс түрлері кешенді түрде талданып, ортағасырлық шаруашылықтың құрылымы реконструкцияланады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Нөгербек-Дарасы қаласы алғаш рет археологиялық тұрғыдан Орталық Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы аясында, 1950 ж. академик Ә.Х. Марғұланның жетекшілігімен зерттелді. Экспедиция барысында ескерткіштің топографиялық құрылымы зерттеліп, алғашқы ғылыми сипаттамасы жасалды. Алынған деректер мен керамикалық материалдарға жүргізілген талдау нәтижесінде қалашық ортағасыр дәуіріне жатқызылды. Сонымен қатар, Орталық Қазақстан аумағындағы бірқатар қалашықтар мен қоныстар материалдарына сүйене отырып, зерттеуші олардың типологиялық жіктемесін ұсынды (Марғұлан, 1978: 3).

1970 ж. ескерткіште С. Жолдасбаевтың басшылық жасауымен зерттеу жұмыстары жалғасады. Аталмыш зерттеулер барысында цитадель мен сыртқы қорғаныс қабыр-

ғаларына стратиграфиялық шурфтар салынып, ескерткіштің топографиялық ерекшеліктеріне сипаттама береді (Жолдасбаев, 2017: 245).

Кейінгі зерттеушілер Нөгербек-Дарасы қаласын «қала-тұрақ» типіндегі ескерткіштер қатарына жатқызады. Ұлытау өңіріндегі бірқатар ортағасырлық қалашықтар секілді, бұл ескерткіште цитадельдің болуы арқылы айқын жоспарымен ерекшеленетіндігін айтады. Сондай-ақ бұған дейінгі зерттеулер қалашықтың орналасу орнын қысқы тұрақтарға қолайлы аймақ ретінде сипаттайды. Шамамен, бұл секілді қалалар көшпелі тұрғындардың қысқы қоныстарының орнына салынған болуы мүмкін деп тұжырымдайды (Смаилов, 1997: 152).

Ұзақ уақыт үзілістен кейін 2015-2017 жж. Мәдениет министрлігінің қаржыландыруымен археолог Ғ. Ахатов ескерткіште қазба жұмысын жүргізеді. Ал 2018 жылы Ж.Р. Утубаевтың жетекшілігімен зерттеу жұмыстары жалғастырылды. Қазба нәтижесінде қаланың, қабырғаларының салыну ерекшеліктері, бөлмелердің жоспарлануы және өзге де архитектуралық элементтер жүйелі түрде зерттелді. Қазба барысында алынған археологиялық материалдар академик Ә.Х. Марғұлан ұсынған ғылыми тұжырымдарды толық растайды (Ахатов, 2015; 2017)[2,3].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланың негізгі материалдары ретінде 2018 жылы Нөгербек-Дарасы қаласына жүргізілген археологиялық қазба барысында тіркелген қыш ыдыстар мен жануар сүйектері алынды.

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының қорында 849 фрагмент түрінде сақталған керамикалық кешенге морфологиялық талдау жүргізілді.

Зерттеу әдістері:

1. Пішіндік талдау (қыш ыдыстардың жалпы пішіні);
2. Өлшемдік сипаттама (биіктігі, диаметрі, қабырға қалыңдығы);
3. Топтастыру және типология (ұқсас морфологиялық белгілеріне қарай ыдыстарды түрлерге бөлу, пайдалану мақсаттарына орай топтастыру).

Морфологиялық талдау әдістерінде керамикалық материалдар пайдалану мақсаттарына қарай топтастырылды. Қыш ыдыстардың өлшемдері алынды, жасалу, пішінделу ерекшеліктері мен айырмашылықтарына сипаттама жасалды.

Салыстырмалы талдау әдістері бойынша аталмыш ескерткіштен табылған ыдыстардағы морфологиялық белгілер өзге ескерткіштердегі керамикалық материалдармен салыстырылып, ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары көрсетілді. Сондай-ақ, ыдыстардың жақын баламалары, таралу аймағы жайында жан-жақты мәліметтер қарастырылды.

Жануарлардың жас ерекшеліктері төменгі жақ сүйектердегі тістердің иекті жарып шығу реті және түтікшелі сүйектердің эпифиздерінің жетілу жағдайына қарай анықталды (Silver, 1969). Ешкі мен қойдың (әрі қарай: уақ мал) қаңқа элементтерін ажыратуда арнайы әдістемелік еңбектер пайдаланылды (Громова, 1953; Zeder, Pilaar, 2010; Zeder, Lapham, 2010). Ет өнімдеріне негізделген тамақтану рационын қалпына келтіру үшін РҒА Археология институты жаратылыстану ғылымдары әдістері зертханасының арнайы

[2] Ахатов Г., 2015. Отчет об археологических работах 2015 г. Археологические исследования городища Ногербек-дарасы в Центральном Казахстане // Архив ИА КН МНВО РК, Ф. 1. Д. 3214. 22 л.

[3] Ахатов Г., 2017. Отчет об археологических работах 2017 г. Археологические исследования городища Ногербек-дарасы в Центральном Казахстане – 2017 // Архив ИА КН МНВО РК, Ф. 1. Д. 3215. 116 л.

әдістемесі қолданылды (Антипина, 2013: 139). Жануар сүйектеріндегі өзгерістер палеопатологиялық бағыттағы зерттеулерге (Рассадников, 2024) негізделіп жүргізілді.

Талдау

Керамикалық материалдарға морфологиялық талдау. Қазба барысында тіркелген барлық қыш ыдыстарды жасалу технологиясына қарай екі топқа бөлеміз: 1) шарық көмегімен сапалы дайындалып, арнайы қыш күйдіретін пеште күйдірілген; 2) жапсырма әдісімен жасалған, ашық отта күйдіріліп дайындалған қарапайым ыдыстар. Қыш ыдыстардың күйдірілу деңгейлері де әр түрлі, арнайы пештерде күйдірілген ыдыстар сапалы, біркелкі күйдірілсе, ашық отта күйдірілген ыдыстардың күйдірілу деңгейі керсінше төмен, қарапайым ыдыстар. Пайызы жағынан жапсырма әдісімен жасалған ыдыс түрлері басым. Қыш ыдыстардың морфологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, пайдалану мақсаттарына қарай шаруашылық және асханалық ыдыстар деп топтастырдық. Сондай-ақ, ыдыстардың пішіні мен өлшемдеріне сәйкес барлығы I-жабық пішінді құмша, құмыра, көзе ыдыстары екендігі анықталды. Ыдыстардың түрлері бас әріптермен белгіленді: құмыра-Қ, көзе-К және т.б. Олар өз ішінде кіші типтерге бөлініп, латын әріптері – a, b, c, d түрінде белгіленді.

Шаруашылық ыдыстар атауынан көрініп тұрғандай, астық, сұйықтық және басқа да өнімдерді тасымалдау мен ұзақ уақыт сақтауға арналған, күнделікті тұрмыста кең қолданылған ыдыс түрлері. Бұл топқа негізінен көлемі үлкен, қабырғалары қалың көзе, құмша және құмыралар жатқызылды (3-сурет).



4-сур. Шаруашылық ыдыс түрлері.
Fig. 4. Types of household vessel
Рис. 4. Виды хозяйственной посуды.

Құмша Қ.I құмшаның бір данасы тіркелді. Шарық көмегімен ұқыпты жасалған ыдыстың бүйірі сопақша, мойын бөлігі ұзын емес, жоғары қарай сәл кеңейіп, ернеуге өтеді. Ернеу бөлігі жұмырланып, сыртқа қайырылған, қимасы дөңгелек. Ернеу диаметрі 21 см. Қабырға қалыңдығы 1–1,3 см аралығында. Түсі қызғылт, ал сыртқы бетінде қанық қызыл ангоб іздері сақталған.

Көзе К.I – Ернеу ерекшеліктеріне қарай үш түрге бөлінеді. Барлық көзелер жапсырма әдісімен жасалған.

К.I.a. көзелерде ернеу бөлігінің пішіні айқын ерекшеленбейді. Мойын бөлігінде сәл қысылып, жоғары қарай тік көтеріледі де, ернеумен біртіндеп жалғасады. Ыдыстың жоғарғы бөлігі сәл қалыңдаған. Ернеуі дөңгелек пішінді, диаметрі 24 см.

К.I.b. морфологиялық жағынан К.I.а типіне ұқсас, бірақ ернеу жиегі тегіс әрі жайпақ. Қимасында төртбұрышты болып келеді. Ернеу диаметрі 18 см.

К.I.c. көзе түрлері төменнен жоғары қарай біртіндеп ашыла түсіп, мойын бөлігінде тарыла түседі. Ыдыс иығы еңкіш әрі түсіңкі. Ернеу жиегі сыртқа қайырылған, қимасында тұмсық тәрізді. Ернеу диаметрі 19 см. Аталмыш көзелердің жақын баламаларын Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі археологиялық ескерткіштерден жиі кездестіруге болады, атап айтқанда Отырар және Қаратөбе қалаларынан көруге болады (Акишев және т.б., 1972: 102; Смагулов, 2010: 360).

Шаруашылық ыдыстар қатарына көлемі үлкен *құмыраларды* топтастырдық. Құмыралардың ернеу бөліктері мен өрнек түрлеріне қарай төрт түрін бөліп қарастырамыз. Ыдыстардың барлығы жапсырма әдісімен жасалған. Ернеу диаметрлері 18-19 см. Сонымен қатар, құмыралардың ернеу жиектері анық аңғарылмайтынын және тік мойынды екендігін ескерген жөн.

Қ.I.a. түріндегі құмыраның ернеу жиегі ішке қарай бүрілген. Ернеу жиегі қимасында сопақша тәрізді. Қабырға қалыңдығы 1-1,5 см.

Қ.I.b. иығы түсіңкі келген құмыралардың ернеуі сыртқа қайрылған, қимасында құс тұмсығы тәрізді. Ернеу бөлігінің сыртқы беті қиғаш сызықтар батырып түсіру арқылы салынған. Қабырға қалыңдықтары 0,7-1 см аралығында ауытқиды.

Қ.I.c. тік мойынды құмыраның жоғарғы бөлігі сүйірлене түседі. Қимасында үшбұрышты. Ернеу жиегінен сәл төмен ыдыстың сыртқы бетінде айналдыра толқын бейнесін жабыстыру арқылы орындалған. Нәтижесінде өрнек бедерлі болып келеді.

Қ.I.d. аталмыш құмыра түрі жоғарыда сипатталған Қ.I.с.ыдысына пішіні жағынан өте ұқсас. Дегенмен бұл құмыраның жоғарғы бөлігі жоғары қарай қалыңдай түсуіне орай, қимасында дөңгелек пішінге ие. Сондай-ақ, ернеу жиегінің сыртқы беті айналдыра бас бармақты батыру арқылы өрнектелген. Ыдыстардағы өрнек немесе белгілер күйдірілуге дейін түсірілгендігін аңғарамыз. Шаруашылық мақсатта қолданылған көлемі үлкен құмша және құмыра ыдыстарының пішіні мен ернеу бөліктерінің ұқсастықтарын ортағасырлық Жанкент қаласынан табамыз (Аржанцева және т.б., 2010: 39)[4].

Асханалық ыдыстар дайын тағамды сақтау, құю немесе тікелей тұтыну мақсатында қолданылған. Бұл топқа негізінен құмыралар мен саптыаяқтарды жатқыздық.

Құмыралардың ернеу бөліктерінің морфологиялық ерекшеліктерін негізге ала отырып, оларды төрт типке жіктедік (4-сурет).

[4] Аржанцева И.А., Зиливинская Э.Д., Караманова М.С. Рузанова С.А., Уткельбаев К.З., Сыдыкова Ж.Т., Билалов С.У. 2010. Сводный отчет об археологических работах на городище Джанкент в 2005-2007, 2009 гг. Кызылорда. 87 с.



5-сур. Асханалық құмыра түрлері.
Fig. 5. Types of kitchen jugs.
Рис. 5. Виды столовых кувшинов.

Бұл топтағы құмыралар, сырт пішіні мен өрнек элементтері жағынан жоғарыда сипатталған шаруашылық мақсатта пайдаланылған құмыраларға ұқсас екендігі байқалады.

Қ.I.a. – түріне жататын құмыралардың ернеу жиектері тегіс әрі жалпақ болып келеді, нәтижесінде олардың ернеу қимасы төртбұрышты пішінге ие (сур. 4: 1-2). Ернеу диаметрі 12–14 см аралығында. Аталған құмыралардың жалпақ ернеу жиектері айналдыра қиғаш кертпелі өрнектермен безендірілген. Сонымен қатар, осы типке жататын құмыралардың бірінде мойын бөлігін бойлай бірқатар тырнақпен түсірілген өрнектер бар.

Қ.I.b. – типіне жататын құмыралардың жалпақ келген ернеу жиектерінің орта тұсы ішке қарай еңкіш, ал шеті сыртқа қайырылған болып келеді. Ернеу диаметрі шамамен 12-13 см. Бұл типтегі құмыралардың ернеу жиегі кертілген немесе толқын тәрізді пішінделген декоративтік өңдеу тәсілдерімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, кейбір үлгілердің мойын бөлігін бойлай айналдыра ромб тәрізді өрнекпен безендірілгені байқалады (сур. 4: 3-4).

Қ.I.c. – аталған түрдегі құмыралар цилиндр тәрізді қысқа мойындарымен ерекшеленеді. Ыдыстардың ернеу жиектері тік немесе сыртқа сәл иілген, қимасы бойынша дөңгелек пішінді. Ернеу диаметрі 11–16 см аралығында өзгереді (сур. 4: 5-6). Ернеу жиегі мен ернеу бөлігінің сыртқы беті айналдыра қиғаш кертпе сызықтармен өңделген. Құмыралардың бірінде ілмек тәрізді тұтқаның орны сақталған. Тұтқаның жоғарғы бөлігі ернеу деңгейінен сәл төмен жапсырылғаны байқалады. Сонымен қатар, тұтқаның маңайына тырнақпен батырылып өрнек іздері түсірілген.

Қ.I.d. – бұл топқа жататын құмыралар ірі көлемділігімен және пішіні жағынан шаруашылық мақсаттағы құмыраларға ұқсастығымен ерекшеленеді. Ыдыстардың жоғарғы

Ернеу диаметрі 12–14 см аралығында. Аталған құмыралардың жалпақ ернеу жиектері айналдыра қиғаш кертпелі өрнектермен безендірілген. Сонымен қатар, осы типке жататын құмыралардың бірінде мойын бөлігін бойлай бірқатар тырнақпен түсірілген өрнектер бар.

Қ.I.b. – типіне жататын құмыралардың жалпақ келген ернеу жиектерінің орта тұсы ішке қарай еңкіш, ал шеті сыртқа қайырылған болып келеді. Ернеу диаметрі шамамен 12-13 см. Бұл типтегі құмыралардың ернеу жиегі кертілген немесе толқын тәрізді пішінделген декоративтік өңдеу тәсілдерімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, кейбір үлгілердің мойын бөлігін бойлай айналдыра ромб тәрізді өрнекпен безендірілгені байқалады (сур. 4: 3-4).

Қ.I.c. – аталған түрдегі құмыралар цилиндр тәрізді қысқа мойындарымен ерекшеленеді. Ыдыстардың ернеу жиектері тік немесе сыртқа сәл иілген, қимасы бойынша дөңгелек пішінді. Ернеу диаметрі 11–16 см аралығында өзгереді (сур. 4: 5-6). Ернеу жиегі мен ернеу бөлігінің сыртқы беті айналдыра қиғаш кертпе сызықтармен өңделген. Құмыралардың бірінде ілмек тәрізді тұтқаның орны сақталған. Тұтқаның жоғарғы бөлігі ернеу деңгейінен сәл төмен жапсырылғаны байқалады. Сонымен қатар, тұтқаның маңайына тырнақпен батырылып өрнек іздері түсірілген.

Қ.I.d. – бұл топқа жататын құмыралар ірі көлемділігімен және пішіні жағынан шаруашылық мақсаттағы құмыраларға ұқсастығымен ерекшеленеді. Ыдыстардың жоғарғы бөлігі сүйірлеу келген, соның нәтижесінде олардың ернеу қимасы үшбұрышты пішінге ие болады. Ернеу диаметрлері 15-16 см. Кейбір үлгілердің ернеуден төменгі бөлігіне айналдыра толқын тәрізді өрнектер жапсырма әдісімен түсірілген. Ал басқа үлгілерде сыртқы бетіне қатты затпен сызу арқылы жүргізілген тік немесе көлбеу сызықтар айқын байқалады (сур. 4: 7-8). Асханалық мақсатта қолданылған шағын құмыраларды пішіні мен саз құрамына қарай Жанкент қаласындағы ыдыстарға жақындатамыз (Аржанцева, Тажекеев, 2014: 206).

Саптыаяқтар С. – ернеу бөліктерінің морфологиялық ерекшеліктеріне қарай үш түрге жіктеледі:

1) Жоғарғы бөлігі сүйір келген, ернеу қимасы үшбұрышты;

2) Ернеу жиегі сыртқа сәл иілген, қимасы дөңгелек пішінді;

3) Ернеу жиегі тегіс әрі жалпақ, қимасы төртбұрышты.

Соңғы үлгідегі саптыаяқтың ернеу жиегі айналдыра қосарланған үшбұрыш тәрізді ойылып түсірілген өрнекпен безендірілген. Саптыаяқтардың ернеу диаметрі 6–8 см аралығында. Қазба барысында табылған ұзындығы 4–5 см болатын ілмекті тұтқалар осы ыдыс түріне тиесілі болуы мүмкін. Бұл тұтқалардың бетіне күйдірілуге дейін қатты затпен түсірілген көлденең және тік сызықтар, сондай-ақ екі бүйірге салынған нүктелі өрнектерді аңғарамыз (сур 5: 1-4).



6-сур. Саптыаяқ түрлері мен ыдыс беттеріндегі өрнек, белгілер.
Fig. 6. Types of cups and decorative patterns, symbols on the dishes
Рис. 6. Виды деревянных чаш (саптыаяк) и посуда с орнаментом, метками.

Қазба барысында тіркелген керамикалық кешен ішінде түрлі белгі, өрнектер түсірілген қыш ыдыс фрагменттері анықталды. Ыдыс бөліктерінен олардың бастапқы пішінін немесе нақты түрін анықтау мүмкін болмады. Алайда, өрнек элементтерінің ерекшеліктеріне қарай оларды жеке қарастырып, сипаттап өту орынды деп шештік. Себебі бұл өрнек, белгілер негізінде аталмыш өңірдегі қыш өндірісінің түрлі қырларын толықтыруға септігін тигізері сөзсіз. Анықталған өрнектер ішінде ерекше назар аудартатыны, қазақтың дәстүрлі ою элементтеріне ұқсас бедерлермен қатар, оларды қоршай доға тәріздес ойық белгілердің қатар түсуі. Сонымен қатар, сыныктардың бірқатарында әртүрлі көлемдегі үшбұрыш пішіндер мен олардың ішіне түсірілген бір сызық бойындағы ұсақ дөңгелек таңбалар бейнеленген. Кейбір үлгілерде өрнектер бас бармақтың тырнағымен басып түсіру тәсілімен орындалғаны байқалады, ал басқа үлгілерде қатты заттың көмегімен жүргізілген толқын тәрізді сызықтар анықталды (сур 5: 5-8). Нөгербек қаласынан тіркелген қыш ыдыс беттеріндегі геометриялық, штампты және бас бармақты батыру арқылы түсірілген өрнек, белгілер Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалаларда жиі кездеседі (Левина, 1971: 64). Сондай-ақ, ғалымдар ыдыс беттеріндегі өрнек, белгілер эстетикалық қызметпен бірге технологиялық қызмет те атқаратындығын айтады (Сенигова, 1959: 224). Қыш ыдыстардан бөлек аталған кешеннен тоқыма өндірісіне қолданылатын бұйымдар, атап айтқанда, ұршық бастарының үш данасы табылды.

Остеологиялық материалдарға археозоологиялық талдау. Ортағасырлық Нөгербек-Дарасы қаласынан табылған 503 дана жануар сүйектері археозоологиялық әдістер

бойынша талданып, оның ішінде 398 сүйек үй жануарларына және 6 қаңқа элементінің жабайы жануарларға тиесілі екені анықталды. Сүйек коллекцияның ішінде 99 дана сүйектің нақты таксондары анықталмады және олар жалпы сүтқоректілер деп көрсетіледі (1-кесте).

Үй жануарлары қалдықтарының ішінде ең көп таралған түрі – уақ малға (қой-ешкі) тиесілі. Барлығы 143 сүйектің 34-і қойға, 6 сүйек ешкіге және 103 сүйек жалпы «уақ малға» тиесілі деп анықталды. Әрі қарай қой мен ешкі сүйектері өзара біріктіріліп, жалпы уақ мал деп көрсетіледі. Сүйек саны жағынан екінші орында жылқы (Equus caballus) – 132 сүйек (33,2%). Үшінші орында ірі қара (Bos taurus) – 113 сүйек (28,4%). Түйе (Camelus bactrianus) мен иттің (Canis familiaris) қаңқа қалдықтары аз мөлшерде, яғни әрқайсысынан 5 сүйектен (1,3%) ғана кездесіп отыр. Жабайы жануарлар арасында ақбөкен (Saiga tatarica) және қабан (Sus scrofa) сүйектері тіркелді. Ақбөкенге тиесілі 5 сүйек жабайы жануарлар сүйектерінің 83,3%-ын, ал қабанның 1 сүйегі 16,7%-ын құрайды. Бұл деректер қала маңындағы табиғи ортада дала және орманды-дала тіршілік ететін фаунаның болғанын аңғартады. Сонымен қатар, аңшылықтың қосалқы, қосымша азық көзі болғанын байқаймыз. Анықтауға келмейтін 99 дана сүтқоректі сүйегі остеологиялық материалдың 19,7%-ын (503 сүйектен) құрайды. Бұл сүйектердің 39-ы (39,4%) ірі сүтқоректілерден (түйе, ірі қара, жылқы), ал қалған 60 сүйек (60,6%) ұсақ жануарлардан (қой, ешкі, ақбөкен, ит және т.б.) тарауы мүмкін.

1-кесте. Нөгербек-Дарасы қаласы (2018 ж. қазба). Үй жануарларының таксономиялық құрамы.
Table 1. The city of Nogerbek-Darasy (Excavations, 2018). Taxonomic composition of domestic animals
Таблица 1. Городище Ногербек-Дара (раскопки 2018 г.). Таксономический состав домашних животных.

Түр	Сүйек саны		Сүйек саны, %		Жануар саны
Уақ мал – *Ovis et Capra*	103	143	25,9	35,9	49
Қой – *Ovis aries*	34		8,5		
Ешкі – *Capra hircus*	6		1,5		
Жылқы – *Equus caballus*	132		33,2		8
Ірі қара – *Bos taurus*	113		28,4		8
Түйе – *Camelus bactrianus*	5		1,3		2
Ит – *Canis familiaris*	5		1,3		2
Жиыны	398		100		69
Жабайы жануарлар					
Ақбөкен – *Saiga tatarica*	5		83,3		3
Қабан – *Sus scrofa*	1		16,7		1
Жиыны	6		100		4

Анықтауға келмейтін сүйектер			
Сүтқоректілер – Mammalia indet	99	39	39,4
		60	60,6
Барлығы	503		

Үй жануарларына жататын сүйектердің анатомиялық құрамы 2-кестеде көрсетіл-гендей үш негізгі таксон бойынша талданды. Бұл деректер үй жануарларының қаңқа-сындағы әртүрлі бөліктердің сақталу деңгейі мен таралу жиілігін анықтауға мүмкіндік береді.

Уақ мал (Ovis et Capra). Аталған жануарлар қаңқасына жататын 143 сүйек ішінде ең жиі кездескен элементтер – төменгі жақ сүйектер (Mandibula) – 25,2% және асықты жілік (Tibia) – 12,6%. Бұлармен қатар жоғарғы жақ сүйектер (9,8%), жауырын (10,5%), қабырғалар (5,6%) мен ұзын түтікшелі сүйектер де жақсы сақталған.

Жылқы. Бұл жануардың сүйектерінің ішінде (n = 132) ең көп таралған элемент – қабырғалар (Costae) – 26,5%. Жылқы сүйектері арасында төменгі жақ (5,3%), тіс (5,3%) және ұзын аяқ сүйектері, оның ішінде әсіресе асықты жілік (5,3%) пен тұяқ фалангалары (Phalanx 1-3) айтарлықтай жиілікпен кездеседі.

Ірі қара. Сиыр сүйектері (n = 113) арасында да ең көп кездескен элемент – қабырғалар (38,9%). Сонымен қатар, төменгі жақ сүйектер (8,0%), омыртқа (8,8%), жауырын (5,3%) және асықты жілік (5,3%) сияқты ірі анатомиялық элементтер жиі анықталды.

2-кесте. Нөгербек-Дарасы қаласы (2018 ж. қазба). Үй жануарларының қаңқа элементтерінің құрамы мен саны.

Table 2. The city of Nogerbek-Darasy (Excavations, 2018). Composition and number of skeletal elements of domestic animals

Таблица 2. Городище Ногербек-Дара (раскопки 2018 г.). Состав и количество элементов скелетов домашних животных.

Қаңқа элементі	Уақ мал		Жылқы		Ірі қара	
	абс.	%	абс.	%	абс.	%
Мүйіз – *Cornu*	0	0,0	–	–	4	3,5
Бас сүйек – *Cranium*	2	1,4	2	1,5	4	3,5
Жоғарғы жақ – *Maxilla*	14	9,8	0	0,0	2	1,8
Төменгі жақ – *Mandibula*	36	25,2	7	5,3	9	8,0
Тіс – *Dentes*	0	0,0	7	5,3	1	0,9
Атлант – *Atlas*	4	2,8	1	0,8	1	0,9
Эпистрофей – *Axis*	0	0,0	1	0,8	0	0,0
Омыртқа – *Vertebrae*	4	2,8	10	7,6	10	8,8
Кеуде – *Sternum*	0	0,0	1	0,8	0	0,0

Қабырға – *Costae*	8	5,6	35	26,5	44	38,9
Құйымшақ – *Sacrum*	0	0,0	0	0,0	1	0,9
Жауырын – *Scapula*	15	10,5	8	6,1	6	5,3
Тоқпан жілік – *Humerus*	8	5,6	4	3,0	0	0,0
Кәрі жілік – *Radius*	8	5,6	5	3,8	1	0,9
Шынтақ – *Ulna*	0	0,0	1	0,8	0	0,0
Жамбас – *Os coxae*	5	3,5	4	3,0	5	4,4
Сан жілік – *Femur*	6	4,2	0	0,0	3	2,7
Асықты жілік – *Tibia*	18	12,6	7	5,3	6	5,3
Асық – *Talus*	5	3,5	4	3,0	5	4,4
Өкше – *Calcaneus*	2	1,4	4	3,0	0	0,0
Тарзальды сүйек – *Ossa tarsi*	0	0,0	3	2,3	0	0,0
Метаподия – *Metapodium*	2	1,4	1	0,8	2	1,8
Алдыңғы сирақ – *Metacarpale (III-IV)*	0	0,0	4	3,0	3	2,7
Артқы сирақ – *Metatarsale (III-IV)*	6	4,2	3	2,3	0	0,0
Тұсамыс – *Phalanx 1*	0	0,0	8	6,1	4	3,5
Топай – *Phalanx 2*	0	0,0	5	3,8	1	0,9
Тұяқ – *Phalanx 3*	0	0,0	7	5,3	1	0,9
Жиыны	143	100,0	132	100,0	113	100,0

Үй жануарларының сүйектері бес негізгі анатомиялық бөлімге бөлініп, олардың пайыздық үлесі 3-кестеде көрсетілгендей талданды.

Уақ мал (Ovis et Capra). Қаңқа элементтерінің 46,9%-ын аяқтың проксимальды бөліктері құрайды. Бұл олардың «етті» бөліктерінің ас дайындау үшін жиі пайдаланылғанын көрсетеді.

Жылқы (Equus caballus). Қаңқа сүйектерінің ішінде кеуде бөліктері ең жиі кездеседі – 36,4%. Бұл жылқының дене көлемінің үлкен болуы және көбірек ет алу мақсатында союмен байланысты болуы ықтимал. Аяқтың проксимальды бөліктері 28%, дистальды бөліктері – 23,5% құрайды.

Ірі қара (Bos taurus). Аталған жануар сүйектерінде кеуде бөліктері 49,6%-ды құрайды және бұл – талданған жануарлар арасында ең жоғары көрсеткіш. Мұндай жағдай малды етке сою барысында кеуде қуысының (омыртқа, қабырға) маңыздылығы мен ірі анатомиялық сүйектердің жақсы сақталуымен түсіндіріледі. Аяқтың проксимальды бөліктері – 23,0%, ал дистальды бөліктер – 9,7%. Бас сүйектерінің үлесі – 16,8%, бұл ірі қара малдың бас бөлігінің де тағамдық мақсатта пайдаланылғанын көрсете алады.

3-кесте. Нөгербек-Дарасы қаласы (2018 ж. қазба). Үй жануарларының қаңқа бөліктерінің құрамы мен саны.

Table 3. The city of Nogerbek-Darasy (Excavations, 2018). Composition and number of skeletal parts of domestic animals

Таблица 3. Городище Ногербек-Дара (раскопки 2018 г.). Состав и количество фрагментов скелетов домашних животных.

Қаңқа бөліктері	Уақ мал		Жылқы		Ірі қара	
	абс.	%	абс.	%	абс.	%
Бас сүйек	52	36,4	9	6,8	19	16,8
Тіс	0	0,0	7	5,3	1	0,9
Кеуде сүйектері	16	11,2	48	36,4	56	49,6
Аяқтың проксимальды бөлігі	67	46,9	37	28,0	26	23,0
Аяқтың дистальды бөлігі	8	5,6	31	23,5	11	9,7
Жиыны	143	100	132	100	113	100

Үй жануарларының жас ерекшеліктері төменгі жақ сүйектердегі тістердің шығу мезгілдеріне қарай анықталды.

Уақ мал (Ovis et Capra). Сүйектерінің ішіндегі 49 дана төменгі жақ сүйегінің жас құрылымына талдау жасалғанда, олардың басым бөлігі – 59,2% толық қалыптасқан үшінші азу тісінің (m3) бар болуына қарай 24 айдан жоғары, яғни ересек малға жататыны анықталды (4-кесте). Сонымен қатар, 13 дана төменгі жақ сүйек (26,5%) 1-2 жас аралығындағы, яғни жартылай ересек мал ретінде жіктелсе, тек 7 төменгі жақ сүйек (14,3%) қана 3-12 айлық қозы-лаққа тән болды. Бұл дерек уақ мал негізінен ет пен жүн өндіру мақсатында ұзақ уақыт ұсталатынын және тек аз бөлігі ғана ерте жаста сойылғанын көрсетеді.

Жылқы (Equus caballus). Жеке және жақ сүйектермен бірге сақталған тістеріне негізделген жастық құрылым біртектілігімен ерекшеленеді. Барлық 8 тіс 10-15 жастағы ересек жылқыларға жатады. Бұл мәлімет жылқылардың шаруашылықта ұзақ уақыт бойы пайдаланылғанын, яғни көлік, жүк тасу немесе әскери-иерархиялық қызметтерде маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Жас жылқылардың болмауы малдың жастай сойылмай, жоғары еңбек қабілеті үшін сақталғанын білдіреді.

Ірі қара (Bos taurus). Сиырдың қаңқа элементтері бойынша 8 төменгі жақ сүйегі талданды. Оның ішінде 4 данасы (50,0%) үшінші азу тісінің (m3) дамуына қарай 2,5 жастан жоғары, яғни толық жетілген ересек малға жатады. Екі үлгі (25,0%) 1,5-2,5 жас аралығындағы жас малға тән болса, бір төменгі жақ сүйек алты айға дейінгі бұзауға тиесілі. Сонымен қатар, бір төменгі жақ сүйегінде тек соңғы премоляр тісінің (pm4) болуына қарай 3 жастан жоғары ересек сиыр сүйегі тіркелді. Бұл құрылым ірі қараның да көбіне толық жетілгеннен кейін ғана пайдаланылғанын аңғартады, яғни ол тек ет емес, сонымен қатар сүт өнімдерінің көзі ретінде де бағаланған болуы мүмкін.

4-кесте. Нөгербек-Дарасы қаласы (2018 ж. қазба). Үй жануарларының жас ерекшеліктері.
Table 4. The city of Nogerbek-Darasy (Excavations, 2018). Age characteristics of domestic animals
Таблица 4. Городище Ногербек-Дара (раскопки 2018 г.). Возрастные особенности домашних животных.

Төменгі жақ сүйектегі тістердің жағдайы	Жасы, ай	Абс.	%
	Уақ мал		
m3 бар	24 айдан жоғары	29	59,2
m2 бар, m3 жоқ	12–24 ай	13	26,5
Құдық этимологиясы мен тарихи топонимикасының еліміздің тарихы мен мәдениетіне, этнографиясына беретін деректік маңызы зор. Қазақ халқы ландшафты дәстүрлі игерудегі құдық қазу ісінің көне білімін бүгінгі күнге сақтап жеткізген. Құдықтың құрылысының күрделілігімен, адам атымен, жергілікті ландшафт ерекшелігімен, белгілі бір оқиғамен байланысты қалыптасқан этимологиясы, кәсіптік, аймақтық сөздер қазақ этнолингвистикасының маңызды қорын құрайды. Құдық байырғы қатынас жолдарында суат қана емес, маңызды бекет ролін атқарды. Тарихи дәуірлерде қолданыста болған қатынас жолдарының бойындағы құдықтардың ерекшелігі жергілікті ландшафтқа сай қалыптасты. Ұзақ бағыттардағы қара жолдарды игеруді ұйымдастыру – қазақ халқының табиғатпен етене өмір сүруі мен жер-суды тануының нәтижесі.

T. Kartaeva[a]
[a]*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan*
ORCID: 0000-0001-6180-4107
(E-mail: kartaeva07@mail.ru)

***S. Ashimova**[b]
[b]*International Centre for the Rapprochement of Cultures under the auspices of UNESCO, Almaty, Republic of Kazakhstan*
ORCID: 0000-0003-3493-9457
(E-mail: salta-03.04@mail.ru)
*Corresponding author: salta-03.04@mail.ru

Settlements and wells along the caravan-nomadic routes of the Aral-Caspian region: from the Middle Ages to the early 20th century

Abstract. The pastoral route from Konyrat to Karakobda covers the Aral-Caspian region, which includes the southern and northwestern parts of the Aral Sea, the southern and northern Ustyurt Plateau, and Karakobda River area south of Aktobe. The Aral-Caspian lowlands include part of the vast Kazakh territories historically known as the “Turan Plain”. From a geopolitical perspective, the historical trade routes that connected the main historical and cultural regions of Central Asia, the Altai-Sayan region, the Caucasus, and Eastern Europe facilitated interaction between Europe and Asia. The history of routes through the deserts and arid ecosystems of the Aral-Caspian region has not been well studied.

The routes in the Aral-Caspian region that connected Central Asia with the West were used during historical periods until the 1920s-1930s. Until the early 20th century, some medieval

Received 04 June 2025. Revised 10 July 2025. Accepted 28 August 2025. Available online 30 September 2025.

Дәйексөз үшін: Т. Картаева, С.Әшімова Арал-Каспий аймағындағы керуен-көш бағыттарындағы қоныстар мен құдықтар: ортағасырлардан – XX ғасыр басына дейін // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. № 3. 76-105 б. DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-3-76-105

For citation: T. Kartaeva, S. Ashimova Settlements and wells along the caravan-nomadic routes of the Aral-Caspian region: from the Middle Ages to the early 20th century // Turkic Studies Journal. 2025. Vol. 7. No 3. P. 76-105. DOI:http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-3-76-105

caravan routes linked Central Asia and Orenburg with Eastern Europe, with Konyrat being the first stop for caravans travelling from Khiva and Urgench. Depending on their direction and function, communication routes were classified as caravan or nomadic paths. In the study of toponyms related to seasonal pastures, such as Aksai, Ashyairyq, Tushyairyg, Kainar and Tasastau, along the Konyrat-Karakobda route through the Ustyurt, the location and preservation status of wells were documented. A section of the Konyrat–Karakobda route was part of the medieval caravan network through Mangystau and northwestern Ustyurt, intersecting with the branch linking Central Asia to Kyzyl-Kala and Ketik-Kala. Some medieval caravan routes were also used for herding livestock. The junctions where these routes branched out formed networks that were used not only for trade, but also for seasonal pastures. The southern section, from Konyrat to Karakobda, was known as the Kaskajol route.

The etymology of wells names are important for documenting the history and culture of Kazakhstan. The Kazakh people have preserved traditional well-digging knowledge that is still practised today. Terms reflecting regional dialects, construction methods, personal names, landscape features and historical events play a key role in Kazakh ethnolinguistics. As well as serving as water sources, wells also acted as checkpoints along trade routes, while long-distance pastoral routes developed from the Kazakhs' enduring coexistence with nature.

Keywords: Donyztau, Ustyurt, Traditional technology, Middle Ages, well etymology, well toponymy, communication routes, caravan routes, nomadic routes, folk knowledge.

Т. Картаева[a]
[a]*Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан*
ORCID: 0000-0001-6180-4107
(E-mail: kartaeva07@mail.ru)

***С. Ашимова**[b]
[b]*Центр сближения культур под эгидой ЮНЕСКО, Алматы, Республика Казахстан*
ORCID: 0000-0003-3493-9457
(E-mail: salta-03.04@mail.ru)
*Автор для корреспонденции: salta-03.04@mail.ru

Поселения и колодцы вдоль караванно-кочевых машрутов Арало-Каспийского региона: от средневековья до начала XX века

Аннотация. Маршрут Конырат-Каракобда охватывает Арало-Каспийский регион, южную и северо-западную части Аральского моря, Южный и Северный Устюрты, район реки Каракобда к югу от Актобе. В Арало-Каспийскую впадину входит часть обширной территории Казахстана, именуемой Туранской равниной. С геополитической точки зрения исторические магистральные пути, соединявшие крупные историко-культурные ареалы Центральной Азии, Алтай-Саянского нагорья, Кавказа и Восточной Европы, выступали важным каналом взаимодействия между Европой и Азией. Формирование исторических путей, пролегавших через пустынные, засушливые и экологически сложные территории Арало-Каспийского региона, остаётся одной из малоизученных тем. Транспортные пути, соединявшие Центральную Азию с Западом в исторические

эпохи на территории Арало-Каспийского региона, сохраняли своё функционирование вплоть до 1920-1930-х годов. Часть средневековых караванных путей в XIX – начале XX века использовалась как торговый маршрут, связывавший Центральную Азию с Восточной Европой через Оренбург. Поселение Коныpат было первым опорным пунктом для торговых караванов, отправлявшихся из Хивы и Ургенча.

Пути сообщения в зависимости от их направления и функционального назначения подразделялись на караванные и кочевые маршруты. В рамках исследования топонимики сезонных стоянок кочевников – Аксай, Ащыайрык, Тущыайрык, Кайнар и Тасастау, расположенных вдоль маршрута Коныpат – Каракобда, проходившего через Устюрт, были осуществлены документация колодцев и экспертная оценка степени их сохранности. Южная часть караванного пути, соединявшего Центральную Азию со средневековыми Кызылкала и Кетиккала, также пересекалась с данным кочевым маршрутом. Отдельные участки средневековых караванных путей использовались как кочевые маршруты в скотоводстве. Разветвления караванно-кочевых маршрутов складывались в зависимости от торгово-экономических интересов караванщиков и хозяйственно-бытовых задач освоения сезонных стоянок кочевников. Южный сегмент маршрута Коныpат – Каракобда в исторической традиции был известен под названием «Каскажол».

Этимология названий и историческая топонимика колодцев обладают значительным источниковедческим потенциалом для изучения истории, культуры и этнографии Казахстана. Казахский народ сохранил и передал до наших дней архаичные знания о рытье колодцев как важной составляющей традиционного освоения ландшафта. Этимология названий колодцев, связанная как со сложностью их сооружения, так и с именами людей, особенностями местного ландшафта, конкретными историческими событиями, наряду с профессиональной терминологией и региональной лексикой, формирует значимый корпус казахской этнолингвистики. На древних путях сообщения колодцы функционировали не только как источники водоснабжения, но и как ключевые опорные пункты. Особенности колодцев, расположенных вдоль дорог сообщения, использовавшихся в исторические эпохи, формировались в соответствии с местным ландшафтом.

Ключевые слова: Донызтау, Устюрт, традиционная технология, средневековье, этимология колодцев, топонимия колодцев, пути сообщения, караванные пути, кочевые пути, народные знания.

Кіріспе

Ерте ортағасырлардағы Орталық Азия мен Шығыс Еуропа арасындағы сауда-экономикалық байланыс кезінде қалыптасқан күрделі әрі ұзақ қашықтықты еңсерген жолдар Үстірт үстінен өткен (Манылов, Юсупов, 1983: 170-180; Калменов, 2013[2]). Қоңырат – Қарақобда арасындағы жол Қарақалпақстанның Қоңырат өлкесінің солтүстігін, Оңтүстік Үстірт, Оңтүстік Маңғыстау, Доңызтау, Солтүстік Үстірт, Ақтөбе өңірінде Қобда өзені жағасындағы қоныстарды қамтиды (Ищенко және т.б., 1928: 100)[3]. Керуен жолдарының бойындағы құдықтар ертеортағасырлық керуен-сарай,

[2] Калменов М., 2013. Археологические памятники Устюрта и Мангыстау на средневековых караванных путях (X-XIV вв.). Автоферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Казань. 28 с.

[3] Ищенко М.М., Казбеков И.С., Ларин И.В., Щелоков Б.К., 1928. Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда. Материалы Комиссии экспедиционных исследовании. Отчет о работах почвенно-Ботаническо-

керуен жолдарының қалыптасуымен бірге салынған (Манылов, Юсупов, 1983: 170; Әжіғали, 201: 7). Ортағасырлық жолдар, асулар, керуен сарайлар, қоныстардың тарихи топонимикасын құдықсыз талдау мүмкін емес, құдықтар ауыз суды ғана емес, көлік қызметін атқарған, тіршілік қажетін қамтамасыз еткен малды да сумен қамтамасыз етті. Ортағасырлық керуен-көш жолының ортағасырдан кейінгі қолданысы, жол бөліктерінің, бекеттердің атауы кешенді зерттеуді қажет етеді.

Қоңырат – Қарақобда ареалындағы Доңызтау, Үстірттегі құдықтар тұрақты құдықтарды құрап, керуен, көш жолдарында, мерзімдік қоныстарда қазылды. Көне құдықшылық кәсібіне жойылу қаупі төнуде. Оның себебі, біріншіден тереңнен шығатын су көзін танитын «көзі қарақты құдықшылардың» қалмауы немесе азаюы, отырықшылыққа өту, малшылардың мерзімді қоныстарда отырмауы, байырғы керуен-көш жолдарының қолданыстан шығуы, техника көмегімен артезиандық суларды қолдану мүмкіндігінің молдығы болып отыр. Үстірттегі кейбір ортағасырлық шыңыраулар үстінен қазіргі заманға бейімді техника (мотор) орнатылған түрлерін кездестірдік, алайда мұндай шыңыраулардың дәстүрлі тас шегенін көруге қазіргі орнатылған техника мен құдық үстіне жабылған темір қорап қиындық тудырады (АЭМ).

ҚР Материалдық емес мәдениет мұрасы Ұлттық тізімі 2024 жылы қайта толықтырылып, «Қазақ халқының құдық қазу және шегендеу өнері» нысаны «(d) табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар» типі бойынша шұғыл қорғауды қажет ететін мұра ретінде құжатталып, тізімге енгізілді (ұсыныс авторлары: Картаева Т., Ашимова С.). Құдық – қорғауға алынған ұлттық тізімдегі тарихи-мәдени мұра, этноархеологиялық ескерткіш ретінде оның орналасуын (керуен сарайлар, қала-қоныстарда, жол бойында, мерзімдік қоныста), оған қатысты атаулар жүйесі (этимология, топонимика) мен халықтық білімді (таяз, терең құдықтарын қазу әдісі, жер асты су көзін тану) зерттеу өте маңызды. Байырғы керуен-көш жолдарын жалғаған құдық топонимикасы антропоним (адам атымен), гидроним (табиғи су түрімен), ойконим (елді мекенмен), ороним (жергілікті ландшафтпен), агиотониммен (киелі орынмен) байланысты қалыптасады. Бұл құдық топонимикасының күрделілігін айғақтайды.

Материалдар және әдістер

Қоңырат – Қарақобда қатынас жолы бойындағы құдықтар туралы деректерді Маңғыстау, Үстірт өңіріне келген зерттеуші, саяхатшы, әскерилердің, жергілікті өлкетанушылардың жазбалары, әскери топографиялық карталар, көмілген құдық іздері, сақталған құдықтар береді (Р.Карутц, Н. Ломакин, М. Арнольди, Е. Беляевский, Н.И. Гродеков, О.С. Вялов және т.б.). Ортағасырлық керуен жолдары, оның бойындағы керуен сарайлар – археологиялық ескерткіштер типіне жатады (Маргулан, 1949; Манылов, Юсупов, 1983: 170; Калменов, 2013, т.б.). Ортағасырларда сауда қатынасы, көш жолына қатар қызмет еткен жолдарды **«керуен-көш жолы»** деп қосарлы атауды алғаш қолданған – Ә.Марғұлан (Маргулан, 1949). Керуен-көш жолындағы қоныстар, құдықтарды анықтауда дереккөз ретінде тарихи карталардың маңызы зор (Генеральная карта…, 1861[4]; Схематическая карта.., 1928; Материалы к схеме проекта…, 1931).

го отряда Казакстанской экспедиции АН СССР. Исследование 1926 года. Вып. VI. Ленинград, АНСССР. 215 с.

[4] Генеральная карта Оренбургского края и частей Хивинского и Бухарского владении составлена в долю 1\2100000 долю настоящей величины при Генеральном штабе Отдельного Оренбургского корпуса и гравирована в военно-топографическом депо, 1861. Гравировано в 1851 году исправлено в 1861 году. Оренбург: военно-топографическое депо.

Этнографиялық далалық зерттеу барысында Қоңырат – Қарақобда қатынас жолының бойындағы Солтүстік Үстіртпен жалғасатын Доңызтау етегіндегі Ақсай, Ащыайрық, Қайнар, Тұщыайрық, Тасастау көктеу/күзеулік мерзімдік қонысындағы тас құдықтардың құжатталуы осы мақаланың жазылуына негізгі заттай материал болады.

Қоңырат – Қарақобда арасындағы жер-су атауларының топонимикасын зерттеуде отандық географ, ономастик ғалымдардың еңбектеріне сүйендік (Конкашпаев, 1963; Койчубаев, 1974; Көшімова, 2010). Зерттеу нысанындағы жол бекеттері мен құдықтарды құжаттау барысында жергілікті қариялардан кәсіптік ұғымдарға қатысты ақпараттар нақтыланды (мәтінде АЭМ – авторлардың экспедициялық материалдары).

Тарихи құдықтар өзі қолданыста болған уақыттың экологиялық жүйесін айғақтауға, этнология және экология ғалымдарының, жаратылыстану ғылымдарымен пәнаралық байланысын қамтитын заттай дерек-ескерткіш. Үстірт үстінде кездесетін көне тас құдықтарды зерттеу этноархеологиялық бағытты қоса қамтиды. Тарихи құдықтар орналасқан қоныс, діни-тұрғын үй кешендерін құжаттау, сақтау, қорғауды жүзеге асыру *«құқықтық этнология», «нормативтік этнология»* әдістерін алға тартады. «Қазақ ескерткіштануын» нормативтік этнология тұрғысынан талдау да отандық ғылымда жаңашылдық болып саналады. Байырғы құдықтарды зерттеу нәтижесі Үстірт үстінен өткен қатынас жолдарының тарихын айғақтауға мүмкіндік бергенін айтуға болады.

Мәселенің зерттелуі

XVIII-XIX ғасырлардағы әскерилер Маңғыстау, Үстірт құдықтары жайлы алғашқы дәстүрлі құдықтардың халықтың қолданысы кезінде жүргізілген, сондықтан да жазба деректердің нақты мәлімет алу үшін маңызы жоғары (Рычков, 1772; Эверсман, 1840; Маг-Гахан, 1875; Арнольди, 1885; Леваневский, 1894, т.б.).

Поляк зерттеушісі, әрі суретші Бронислав Залесский 1848 жылы Үстірт даласында болып, шыңырау жайлы «...мұндай жерде шыңыраулар өте сирек, бір-біріне дейін ондаған шақырым жер жүруге тура келеді. Олардың бір кездері әлдекімдердің ерен еңбегімен, күшімен қазылғаны даусыз. Олар кез келген жерден қазылғанымен, қазақтар құдықтарды оңай табады. Құдық суының дәмі жүрек айнытардай болғанымен, шөл дала тіршілігінде оның қызметі ерекше. Құдық айналасына аз да болса көгерген өседі, қызылмия дөңгелек жапырағын жайса, қамыс-қоға биікке қол созады, самалмен сыбдырлап, ши тербеледі», – деп құдық басындағы тірлікті тірі табиғатпен байланыстырады (Залесский, 1991: 95).

Үстіртте шыңыраулар ойпатты, сайлы жерлерден қазылады, сайлардың диаметрі 3-4 шақырымға дейінгі жерді алады. Бір сайдан арасы 60-120 метрден 5-20 құдық қазылады. Үстіртте су 20 м, тіпті одан көп тереңдіктен шығады. Жер астындағы су жолы горизонты 1-6 м-ге дейін жетеді. Бір шыңыраудың суы бір мезгілде 40-300 ірі мал басын суаруға жетеді. Үстіртте тұщы су Сам құмдары мен Өліқолтық бұғазы арасындағы Қиюкен, Бикеш, Мәніші, Шекан, Қаратілей, Жезді, Ердалы, Орыс, Жүзадым, Босаға, Сайқұю, Сақсорқұй сайларында, яғни құмды жерде кездеседі. Бұл елді мекендердегі шыңыраулардың тереңдігі 10-40 метрге, ал түбіндегі судың тереңдігі 0,5-1,5 м тереңдікте кездесіп, бір мезгілде 20-100 бас ірі қара малды суаруға жетеді. Су мол шықса, бір күнде 50-300 бас ірі малға дейін суаруға болады. Үстірттегі шыңыраулар тек көш жолдарының бойынан бір-бірінен 10-40 шақырым қашықтықтан қазылған. Көптеген шыңыраулардың арасы

30 шақырым. Су көзі бар жерден бір-біріне жақын етіп 50 шыңырауға дейін қазады (Ищенко және т.б.: 1928: 57).

О.С. Вялов Бесшыңырау деп аталған жерден бір-біріне жақын етіп қазған 16 шыңырауды, ал Қосқұлақтан бір-біріне жақын етіп қазған 10 шыңырауды есепке алған (Вялов, 1934: 150-151). Сам құмдары, Үстірттің солтүстік шығысы, Қошқар ата құмдары, Үлкен Борсұқ құмдарында грунт сулары жер бетіне жақын, құдықтар тереңдігі 2-3 м, кейде одан көп тереңдікте қазылады, бірақ бұл жерде құдық суы мол емес, бір тартқанда ірі мал басынан 30-40 бас малға жетеді.

Хиуа жорығының бір мүшесі М. Арнольдидің «В Закаспийском крае в 1877 году» атты жазбасында Маңғыстау, Үстірт құдықтарымен қатар, құдық суларының дәмі хақында айтылады. Бозат құдығының суы ащы болса, одан әрі екі шақырым жердегі қоналқыдағы құдық суы тұщылау болған (Арнольди, 1885: 15).

Шыңыраулар суы алғау, кермек болады дейді жергілікті тұрғындар. Құдықтың суы алғау (ащылау/тұздылау) болған жағдайда суды кенеп сүзгіден өткізіп, су кермегін табиғи жолмен тазалап ішкен, бұл халықтық білімнің нәтижесі (АЭМ).

Шыңыраулар суының 1 литріне шамамен 15-10 гр тұздан келеді. Маңғыстау қазақтары құдық суы алғау болғандықтан түйені көп өсірген, жылқы саны түйеден аз болған (Казахстан. Природные условия..., 1969: 453). Үстірттің солтүстік батысында шыңырау саны көп болғанымен, суы алғау болғандықтан судың тапшылығы сезіліп тұрады. Кейбір жерлерде 25-30 шақырым радиуста тіпті мүлдем құдық кездеспейді. Терең шыңыраулар Үстірттің орталық бөлігінде кездеседі. Бұл жерде шыңыраулар тереңдігі 20-50 м, кейбірі 70 м. Бұл жердегі шыңыраулардың суы кермек, алғау, тұзды ащы, өте сирек тұщы болып келеді.

Үстірттің оңтүстік шығыс бөлігі, Тұғарақ сордың оңтүстігі мен солтүстік-шығысына қарай, Қосбұлақ және Асматай Матай қонысы, Білеулі (Құрабауыр) қорғаны/керуен сарайы; Барсакелмес (Қарой) сорының батысынан Үстірттің оңтүстігіне қарайғы жерлер шыңыраумен өте аз қамтылған.

Үстіртте негізінен тереңдігі 2 сажыннан бастап, 30-40 сажыннан асатын шыңырау құдықтар қазылған. Әскери саяхатшы Маг-Гахан өз қолжазбасының «Безводная степь» аталатын XI бөлімінде Оксуз аңғарындағы қазақ даласынан тереңдігі 60 метрден асатын құдықтарды кездестіргені айтылады. Маг-Гаханға жергілікті тұрғындар бұл құдықтардың Ақсақ Темір дәуірінде де елді сумен қамтамасыз еткендігін айтқан (Маг-Гахан, 1875: 63).

Қалыптасқан көш дәстүрі бойынша құдық суын сол құдықты қаздыртқан егесі бірінші болып пайдаланған, егер ол болмаған күнде онымен бірге туғандары, бірге туғаны болмаса жақын аталасы пайдаланып, содан кейін қалған ауылдарға кезек берген. О.С. Вялов Үстірт гидрологиясын зерттегенде 63 шыңырау құдықты есепке алған. Үстірттегі тайпалар бұл жерде табиғи су көзінің тапшылығынан құдық суын жыл бойына пайдаланып, малды құдық суымен суара берген.

Үстірттегі Жүзадым құдығы атауы оның тереңдігі 100 м болуымен байланысты қалыптасқан. Үстірт, Сарыой, Дәрібай, Тасастау, Қайнар, Онқұдық шыңырауларының аузы тар, түбі кең «сиясауыт» түрінде қазылған. О.С. Вяловтың Үстірт құдықтарының есебін сараптасақ, құдықтардың басым бөлігінің сипаттамасында түбіне қарай кеңейе түскендігі жазылған (Вялов, 1934: 160-168).

Шыңыраулар тұрақты қызмет еткендіктен бір шыңыраудың басында 1-3 астаудан орнатылады (Ищенко және т.б.: 1928: 62).

П. Рычков: «Хиуа жолындағы Білеулі Ата елді мекенінде құдық суы 30-40 сажын тереңдіктен шыққан», – деп жазған (Рычков, 1772: 124). С.Н. Никитин де Білеулі керуен-сарайына қызмет еткен тас құдықты зерттеу нысанына алған (Отчеты экспедиции..., 1893: 73-77)[5]. Қоңырат – Қарақобда қатынас жолы П. Рычков атап отырған «Хиуа жолының» бір тармағын құрайды.

Э.А. Эверсманның Үстірт шыңырауларына қатысты жазбасы назар аудартады: «Үстіртте тереңдігі 10-20 сажын болатын құдықты терең деп айтуға болмайды. Үстіртте су тапшы, терең құдықтарды ноғайлар да қазған. Терең құдықтар түбінде суы аз, суды сыртқа шығару тез бола қоятын шаруа емес» (Эверсман, 1840: 264).

М. Леваневский «Үстірттегі терең шыңыраулардың тас шегендерін салуға Бұхар және Хиуа жерінен келген құлдар еңбегі пайдаланылған» деген деректі береді (Леваневский, 1894: 106-107). Үстірт үстінен Орта Азия мен Еуропа арасын байланыстыратын керуен жолының өткенін назарға алсақ, керуенбасылардың тек тұрмыс қажетін өтейтін заттық бұйымдарды ғана емес, «жалдамалы жұмысшылар» күшін алып келгені, яғни М. Леваневскийдің «құл еңбегі» деп, қара жұмысқа жалданушыларды айтып тұрғаны еш күмән туғызбайды. Керуенбасылар Орта Азиядан алып келген жұмысшыларды керуен сарайларда, бекеттерде тоқтағанда жергілікті байларға келісім бойынша қалдырып, Еуропадан қайтар жолдарында кері алып қайтқан деп болжауға болады.

Шыңыраудың басына мал келгенде су тарту үшін кемі үш адамның күші қажет: бірі су тартатын түйе немесе атты басқарады, екіншісі су толған месті алып астауға құяды, үшіншісі малдың бір уақытта бір-біріне кедергі келтірмей су ішуін қадағалайды. Үш адам бір сағатта 40-100 бас қойды суара алған (Хозяйство казахов на рубеже..., 1980: 70).

1870-1871 жылдары Маңғыстау орыс әскери қызмет жүйесінің отряд бастығы, полковник Н.П. Ломакиннің «О полуострове Мангышлаке и путях оттуда в разные пункты Закаспийского края» атты жазбасы ИРГО-ның «Кавказ бөлімі жазбаларында» 1873 жылы жарияланды. Н.П. Ломакин бұл жазбасын ИРГО-ның Кавказ бөліміне есеп ретінде тапсырған. Ол Каспий аңғары, Үстірт, Маңғыстаудан өтетін керуен, көш жолдарын сипаттай отырып, Бозащы мен Маңғыстаудағы суат қызметін атқарып тұрған құдықтардың орналасуын барынша қамтуға тырысқан. Еңбекті XIX ғасырдың ортасындағы құдықтарға қатысты «жолсерік» немесе «бағдарлық жазба» ретінде тануға болады, онда саны 172 болатын басты су көзі ретінде қызмет етіп тұрған құдықтың сипаттамасы айтылған. 1880 жылдары тереңдігі 2 сажын болатын Үлек елді мекенінде – 12, тереңдігі 3 сажын болатын Бүрдіген елді мекенінде – 20 құдық есепке алынған. Зерттеуші, сондай-ақ, Бекі елді мекенінен – 12, Торты елді мекенінен – 40 құдықтың санын берген. Н.П. Ломакин 127 құдықтың 47-сі жалпы қауымдық қолданыста, 7-уі адайлардың көш жолында орналасты дейді (Ломакин, 1873: 42). Аталмыш еңбекте Нұрқабай, Қарасият, Жайнама сияқты белгілі шыңыраулардың аты кездеседі (Ломакин, 1873). Жергілікті өлкетанушылардың есептеуі бойынша, алғашқы деректерде өңір құдықтары толық қамтылмаған, әрі құдықтар саны кем көрсетілген (Едилхан, 2013: 93; Жаңбыршыұлы, 2001).

1873 жылы Хиуа жорығына қатысқан әскери зерттеушілер, әскери шығыстанушылардың жазбалары да Маңғыстау, Үстірт шыңырауларының байырғы қалпы туралы маңызды

[5] Отчеты экспедиции 1892 года, 1893. Зауральские степи Уральской области. Усть-Урть снаряженной Акционерами Общества Рязанско-Уральской Ж.Д.С.П. и П.П.Фонь-Дервиз и геологическим под начальством С.Н. Никитина. С приложением отчетной карты и 6 таблиц профилей. СПб.: Типография А.Якобсона.

деректер береді (Гродеков, 1883; Арнольди, 1885). Н.И. Гродеков отряды «Хиуа жорығы» сапарында Үстірт үстінен Аққұрық, Қарсақ, Еркембай, Үшқұдық, Табынсу құдықтары жалғап жатқан жолмен жүріп өтеді. Үстірттегі белгілі Қыңыр құдығының басына тоқтайды. Қыңыр құдығының тереңдігі 30 сажын, ернеуі тас шегендермен биік етіп көтерілген, басына су тартуға шығыр орнатып, астау қойылған. Биік ернеулер құдыққа суырылған құмның түспеуін, құдық суының таза болуын қамтамасыз етеді. Шыңыраудың қауға салатын әйкел ойығының өлшемі шамамен ¾ аршын. 30 сажын тереңдіктен суды тері қауғамен тартып шығарған. Бір қауғаны салып, суын тартып алу үшін шамамен 20 минут уақыт кеткен. Қарақын құдықтарының саны бесеу, сайдан қазылған, тереңдігі 5 сажын, суы тұздылау. Дүйсембай шыңырауы Үстірттің үстінен қазылған, тереңдігі 29 сажын. Қыңыр шыңырауымен екеуінің арасы 11,5 шақырым. Жол бойын одан әрі Ақмешіт, одан кейін Шеркезді шыңыраулары жалғап жатты (Гродеков, 1883: 216-217). Шеркезді шыңырауының тереңдігі 25 сажынды құрады, суы тұзды. Ақмешіт шыңырауының саны екеу, тереңдіктері 10 сажыннан. Шыңырау дөңнің етегінен үгіп қазылған Ақмешіт деп аталған жерасты мешіті жанынан қазылған. Байлар шыңырауы 14, одан 8 ½ шақырым жердегі Қызылақыр шыңырауы 18 сажын тереңдіктен су береді. Қызылақырдан 55 шақырым жердегі көктеудегі Байшағыр шыңырауының тереңдігі 16 сажын, суының бойлығы 1 ½ сажын, ішкі диаметрі 1 аршын. Ал Ақшығанақта (Қызылүмбет) жүздеген құдық қазылған. Ал Итбай, Құнанорыс, Онқауынды шыңырауларының суы алғау, бірақ терең емес. Хиуа жолында орналасқан Меңдәлі, Табынсу, Аланқұдықтың суы мол (Гродеков, 1883: 221-231).

Табынсу, Аланқұдық атаулары сол жерді мекен еткен алан, табын тайпаларымен байланысты. Н. Гродеков әскері одан әрі атты, түйелі көліктермен Табынсу құдығының басына демалуға тоқтаған. Табынсу құдығының да суы алғау, тұзды болғанымен, ол жердің шөбі шүйгін болғандықтан жақсы суатты қамтамасыз еткен (Гродеков, 1883: 235). О.С. Вялов бойынша Табынсу құдығының суы тұзды, мал суаруды қамтамасыз еткен, тереңдігі 3 сажын, суының деңгейі – 1 аршын (Вялов, 1934: 166). Табынсу құдығының жалпы саны 3 (Жаңбыршыұлы, 2001). Апанқұдық Табынсудан 13½ шақырым жерде, Барсакелмес сор/кебірінің батысында орналасқан. Құдық өлшемінің «диаметрі – 6 сажын» деп көрсетілуінің өзі құмды жердегі байырғы апан құдықтың сипатын береді, ал суға дейінгі тереңдігі 4 сажын, суымен бірге тереңдігі 5 сажын деп көрсеткен (Гродеков, 1883: 238). XX ғасыр ортасында Қарақалпақстан археологиялық экспедициясы диаметрі 3,43-5,58 м болатын Білеулі апанқұдықтарын «Үстірт сардобасы» деп құжаттаған, әрі Білеулі апанқұдықтарының тас шегендерінің қалану стилін анықтаған (Манылов, Юсупов, 1983: 176-177).

Ресей офицері Е. Беляевскийдің әскерилер үшін Үстірттен Хиуаға дейінгі жолды сипаттап жазған «жолсілтеме» ретіндегі «Путь от залива Цесаревича через Усть-Урт до Кунграда» атты еңбегінде қатынас жолдарын құдықтар жалғап жатқандығы, құдықтардың бекет ретінде атқарған қызметі қамтылған (Беляевский, 1885). Бұл деректік жазбада Өліқолтық бұғазынан Үстірт, Қоңырат өңіріндегі құдықтар қамтылған. Бұл еңбектің қазіргі байырғы құдықтардың картографиясын жасауға бірден-бір дерек көзі болары анық.

КСРО Ғылым Академиясы антропологиялық отряды комиссиясының жұмысы 1926 жылы қазақ даласына бағытталды. Жер қыртысы, топырақ, ботаникалық зерттеу отрядының жұмыс бағытына жайылымдық жерлерді, егістік жерлерді игеру, төрт түлік

малдың шөбі, яғни от қоры, шөлді аймақтарды игерудің дәстүрлі жолдарын анықтау кірді. Зерттеу жұмысының есебі ретінде М.М. Ищенко, И.С. Казбеков, И.В. Ларин, Б.К. Щелоковтың авторлығымен «Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда» атты еңбек жазылды (Ищенко және т.б., 1928). Экспедиция мерзімдік қонысқа көшудің жерге көшудің тиімділігі, XIX ғасырдағы қыстаудан жайлауға дейінгі, жайлаудан кері қыстауға дейінгі көш жолы мен көш тоқтайтын бекеттерді анықтау, жолда тоқтаудың мерзімі, уақытын анықтауға байланысты зерттеулері көш бойындағы құдықтарды анықтауға негіз болған.

Қоңырат – Қарақобда керуен-көш жолының бойындағы бекеттердің орналасуын нақты анықтауда әскери-топографиялық және экспедициялық карталардың деректік маңызы зор (Генеральная карта Оренбургскаго края, 1861[6]; Схематическая карта районов сезонных пастбищ родов Адай и Табын, Материалы к схеме проекта обводнения у Донызтау река Чаган, 1930-1931...).

Талдау

Құдық этимологиясы

«Құдық» этимологиясының көне түркілік ұғым екенін «сөздіктер» желісі мен түркі халықтары арасында сақталған атауы және фольклорлық деректер айғақтайды. «Құдық» көне түркілік тілде – «құй». «Құдық» сөзінің көнетүркілік нұсқасын Махмұт Қашқари *«құйығ», «құдзұғ», «құзұғ»* сөздерімен берген (Махмұд Қашқари, 1997, I: 432; III: 228, 230). *«Құдзұғлығ»* сөзі «құдықты үй, құдығы бар үй» деген мағынаны берген (Махмұд Қашқари, 1997, I: 554). Ал, «чад» сөзінің оғыз тіліндегі «құдық» атауын беруі, ерте түркілік кезеңде де құдық түрлеріне қатысты атаулардың болғанын айғақтайды (Махмұд Қашқари, 1997, III: 205). *Құңұқ, құйұқ, құдұқ, құдзұқ, құзұқ, құңұқ, құңғұқ* көне сөздерді құдықтың түпнұсқасы деп тануға болады.

Маңғыстау, Орал және Қарақалпақстан қазақтары арасында құдықты көне түркілік ұғыммен *«құйы»* деп атау кездеседі. *Құйыдан су ал.* Маңғыстау қазақтары «құйы» атауын таяз және орташа тереңдіктегі құдыққа қолданғанымен, ертеде жалпы құдыққа қолданған деуге болады. Маңғыстаулықтардың қазіргі таңда *құйы* сөзін таяз, орташа құдыққа қатысты атауы оларды шыңыраудан ажырату мақсатында қалыптасқан. Құдықтың көне түркілік *«құй»* атауын Зайсан, Күршім қазақтары да сақтап қалған. Ал Жамбыл, Меркі қазақтары *«құйы»* деп ағынды судың терең, иірімді жерін айтады (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005: 433-434).

Көне түркілік атау төркіні басқа түркі халықтарында да сақталған. Мысалы, түріктер мен ноғайлар – *куйы*, құмықтар – *къую*, түркімендер – *гуйы,* өзбектер – *кую.*

Шыңырау – Үстірттегі тереңнен жер асты суын шығару үшін қазылған, таспен шегенделіп, аузының айналасы таспен немесе қимен көмкерілген дәстүрлі гидротехникалық құрылыс. Жергілікті жерде *шымырау* деп те аталады.

Орыс түркітанушы ғалым, ориенталист Лазарь Будагов (1812–1878) құрастырған сөздікте *«шыңырау»* сөзінің екі мағынасын атап көрсеткен, біріншісі – *көз, қайнар, бұлақ,* яғни жерасты су көзі, екіншісі – *шұңқыр*, яғни түбі терең шұңқыр (Будагов, 1871,

[6] Генеральная карта Оренбургского края и частей Хивинского и Бухарского владении составлена в долю 1\2100000 долю настоящей величины при Генеральном штабе Отдельного Оренбургского корпуса и гравирована в военно-топографическом депо, 1861. Гравировано в 1851 году исправлено в 1861 году. Оренбург: военно-топографическое депо.

II: 405). Будагов сөздігіндегі анықтамаға назар аударсақ, шыңырау қазақы танымдағы «терең», әрі жерасты су көзімен байланысты көне ұғымды береді.

Шыңырау құдықтар халық арасында, таспен шегендегендіктен *«тас құдық», «тас шыңырау»,* терең болғандықтан *«құрдым құдық»* деп те аталды.

Үстірт тас құдықтарының құрылысы, типі, жеріне қарай кәсіптік, аймақтық атаулар жүйесі қалыптасқан, әрі бұл атаулар Маңғыстау, Доңызтау құдықтарына да ортақ:

Кеуек – 1) Үстірт, Доңызтау, Маңғыстау өңірінде қолданылатын жерасты суының жолдарының атауы; 2) құдық түбіндегі балшықтың құлауынан пайда болатын қуыс; 3) құдық түбіндегі су жиналатын орынның балама атауы.

Күдер су – терең қазылған, суы мол шыңырау құдықтардың балама аты.

Қанды құдық – наным-сенім бойынша түбінде пері, айдаһар мекендеген, құдық тазалауға түскен адамды шығармай қоятын немесе қауға салғанда су бермей қоятын шыңырау. Мұндай жағдайда, құрбандық шалып, құран оқытып, құдық суын сарқып, аластап, магиялық ғұрыптар жасаған.

Құдықтың ұлтаны – құдықтың табаны.

Тебін – құдықтың түбі.

Қораба – құдық түбіндегі су жиналатын, сиясауыттың түбі сияқты кеңейтіп қазған орын.

Қазандық – құдық түбінің ортасынан ұңғып қазылған, су жиналатын орын.

Әуіт, ауыт – құдықтан тартылған суды мол етіп жинап қоятын сыйымдылығы мол, тастан қаланған астау, су қоймасы ретінде қызмет ететін хауыз тәрізді гидротехникалық құрылыс. Әуіт құдықтың басындағы су қоймасы болып саналады. Ауытқа су жинау тек түйе, ат көмегімен жүзеге асады.

Әйкел/әйкел құдық – 1) құдық суын таза ұстау, судың бетін жабық ұстау үшін, әрі кенересі берік болып, құламас үшін бетіне қойылатын, ортасы тесік үлкен дөңгелек тас, тас шегеннің ең жоғарғы бөлігі; 2) тас құдықтың, шыңырау құдықтың Үстірт, Доңызтау, Маңғыстау өңірінде қолданылатын жергілікті атауы.

Шыңырау құдықтың аузына жабылған тасқақпақты да «әйкел» деп атау ішінара кездеседі. Әйкелдің ортасы мес қауға сиятындай етіліп ойылған, сондықтан «әйкел құдық» деген де атау қолданылған. Әйкелдің сыртқы бөлігі де, ішкі ойығы да өңделген. Әйкел – парсы тілінен алғанда ойық, дөңгелек деген мағынаны береді. Маңғыстау, Түрікмен қазақтарының тілінде де ортасы ойық, дөңгелек тас мағынасында қолданылады. Өзбек тілінде *ойкулча* деп аталады (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005: 99-100). Құдық қазу ісі Маңғыстау, Үстіртте ерте кезден дамыған, ал тас құдықтардың қосалқы әйкел атауын ислам діні дендеп енген соң алғаны анық.

Әйкелдің салмағы ауыр тартады, құдықтан суды түйе, ат көмегімен тартқанда тірек ретінде құдық аузы шегенінің жылжып кетпеуін қамтамасыз еткен. Қоңырат – Қарақобда көш жолындағы Бесбай кешеніндегі шыңыраудың біріндегі әйкел көлемділігімен, қалыңдығымен өзіне назар аудартады (Әжіғали, 2015: 12). Құдықтың ернеуін көтеретін тастары мен тас астауларды тас қашаушы, тасшы шеберлер жасаған, кейде құдықшының өз қолынан шыққан.

Қоңырат – Қарақобда көш жолындағы құдықтарды пайдаланатын мерзіміне қарай *тұрақты, уақытша,* ал қабырғасын бекіту, бекітпеуіне байланысты *шегенделген, шегенделмеген* деп топтастырамыз.

Тұрақты құдықтар көш, керуен жолдарында, қоныстарда; уақытша құдықтар мерзімдік қоныстарда қазылды. Тұрақты құдықтардың 4-5 метрге дейін таяз, 4-10 метрге дейін орташа тереңдіктегі, 10 метрден асатын терең түрлері болды. Тұрақты құдықтардың барлық түрінің қабырғасы шегенделеді. Қабырғасы бекітілгендіктен ұзақ жылдар қызмет етеді.

Уақытша құдықтар таяз қазылып, керек емес кезінде көміп тасталып отырған. Қоңырат – Қарақобда ареалындағы мерзімдік қоныстарда қолданыста болған орпа, таңқы, айбарқұдық, қарқұдық, құмқұдық түрлері қазіргі таңда қолданыстан шыққан (АЭМ).

Н.П. Ломакин Маңғыстау және Үстірт құдықтарын зерттеу бойынша тереңдігіне қарай келесідей топтастырған: таяз құдықтар – *еспе,* тереңдігі 2 сажын болатын құдықтар – *орпа,* тереңдігі 4 сажынға дейінгі құдықтар – *құйы,* 5 сажыннан асатындары – *шыңырау* (Ломакин, 1873: 8). Н.П. Ломакин бұл жерде *құйы* деп орташа тереңдіктегі құдықтарды айтып тұр. Қоңырат – Қарақобда көш жолының бір бөлігін қамтыған далалық этнографиялық зерттеу барысында қыстау, көктеу, күзеулік қоныстардан 6 метрге дейін таяз, 6 метрден асатын терең құдықтар құжатталды.

Құдық атауларының жер-су ерекшелігімен байланысты қалыптасуы

Құдық атауларының қалыптасуы тарихи топонимикалық, ономастикалық тұрғыда көңіл аударарлық мәселе. Құдықтардың әр түрлі атауларының қалыптасуы оның тереңдігі мен суының көлеміне, орналасуына және құдықтың иесіне байланысты. Аралдың шығысындағы Оғызқара (оғыз + қара) деген құдық атауының осы жерді байырғы оғыз тайпасының мекендеуімен байланысты екені анық.

Көне түркі тілінде «ақ», «қара» сөздері түсті ғана білдіріп қоймай, белгілі бір мағынаға ие болған. Осыған орай Ақшығанақ, Ақшыңырау, Аққұдық, Ақиген, Ақшілік, Қарақұдық, Қарасу, Қарашеген деген құдық аттары суының мол, тұщылығына, қазылған жерінің қасиеттілігіне қарай қалыптасқан (Көшімова, 2010: 10-32).

«Сары» сөзі түркі-моңғол тілінде сары «анық», «ашық», «айқын», көне иран тіліндегі сар «басты», «негізгі», түркі тіліндегі сар «кең», «жапан» деген мағынаны білдірсе, қазіргі қазақ тіліндегі сары сөзі топонимдерде «кең», «үлкен», «көлемді» мағынасын білдіреді (Койчубаев, 1974: 195). Сарапан (Сары + апан) деген құдықтың атауы көлемінің кеңдігі мен суының молдығына байланысты қалыптасқан. Сарықұдық, Сарышыңырау атаулары терең қазылған құдықтарға немесе жайылымдық қоры мол қоныстан (Сары жаз, Саржайлау) қазылғанына байланысты қалыптасады.

Суы таяз немесе орташа тереңдіктен шығатын жерлердегі мерзімдік қоныстарда құдықтар бір-біріне жақын, әрі бірнеше етіп қазылған. Үшқұдық, Төртқұдық, Алтықұдық, Жетіқұдық, Тоғызқұдық, Қырыққұдық, Жүзқұдық, Мыңқұдық атаулары құдықтың бір жерде шоғырлануымен байланысты. Сондай-ақ, Жалғызқұдық, Қосқұдық атаулары да құдық санын білдіреді.

Суының дәмі мен көлеміне қарай: Көлқұдық, Сорқұдық, Тұзбай, Ащықұдық, Ақшабұлақ, Сорбай, Тұзбұлақ, Жаманқұдық, Қайнарқұдық, Тұщықарасу; қазылған жеріне қарай: Тақырқұдық, Сайқұдық, Баршақұм, Жусан, Бортас, Көкдомбақ, Жолқұдық, Шеңгел, Алтынқұдық, Қызылқұдық, Майтөбе құдық, Қаққұдық, Шиліқұдық, Талқұдық.

«Құдық» атауында қосарлана кездесетін Сор, Ащы, Ала, Қақ сөздері құдық суының алғаулығына байланысты қойылады. Ш. Уәлиханов Қырыққұдық пен Ащықұдықтың

Арыс өзені мен Келес өзені аралығында жатқанын және суының ащы екенін айтқан (Уалиханов, 1985: 263). Сондай-ақ, Ш. Уәлиханов Сарысу өзені аңғарында Алақұнан деп аталған құдықты көрсеткен (Уалиханов, 1985: 265). Арқадағы Бөрітескен деген құдық атауы бөрінің сарып кеткен жеріне қақпан құрарда (аңшы қазақтар қасқырдың жүретін жерін, жолын аңдыған, қасқыр бұтаның түбіне сарып, сол жерді тырнағымен айқастап кетеді) сол жерден судың таяздан шығатынын біліп қаздырғанымен байланысты аталған екен. Бөрітескен құдығы 1811 жылы Сібір әскери линиясының регистраторы Мамедияровтың жолжазбасы мен Ш.Уәлиханов жазбасында кездеседі (Уалиханов, 1985: 265). Сирек болса да әйел атымен аталған құдықтар бар, мысалы Үстіртте Келінқазған аталған құдық белгілі, ал Арқадағы Шөлбарша деген құдықты халық әйел атымен байланыстырады (АЭМ). Қазақ жеріндегі Қосым, Қарамолда, Қожабай, Алтыбай, Адамбай, Байбике, Адырбай деген құдықтар тапсырыс берген адамның есімімен аталған.

Құдық типтері

Еспе. Еспенің екі түрі болады, бірі Маңғыстау, Доңызтауға тән қабырғасы таспен шегенделген (тас еспе), екіншісі Аралдың шығыс бетіне тән шегенделмеген. Еспе (грунт) суының деңгейі бір жыл ішінде маусым сайын өзгеріп отырады. Жауын-шашын көбейсе көтеріледі, жер кеуіп, жер беті тілімденсе төмендейді. Еспе суы 3-4 м тереңдіктен бастап таралған. Қазақстанның өзен жүйесі сирек өңірлерінде еспе суы мен терең қабат аралық жерасты суының үлкен маңызы бар. Маңғыстау, Доңызтауда шегенделетін тас еспелер сайдан, жардың етегінен, ойпаң жерден қазылған. Кей еспелердің түбі кең етіп қазып, оның да су жиналатын түбі *қораба* деп аталады. Таспен шегенделген еспелер тұрақты қызмет еткен. Еспенің бұл түрінің суының аз, молдығы қар, жаңбыр суының түсуімен байланысты. Суы таяздан шыққан еспелердің озық үлгісі – Маңғыстаудың Шат шатқалында, суы терең еспе Шопан Ата жер асты мешіті қорым-кешеніндегі – Ақшымырау (Ақ+шыңырау сөзінен дыбыстық өзгерген). Құдық қазылған жердің топырағы ақ болғандықтан Ақшымырау болып аталып кеткен (Көшімова, 2010: 24).

Қосқұдық. Қоңырат – Қарақобда керуен-көш жолының бойында Қосқұдық, Қосастау деген құдықтар кездеседі. Бір-біріне жақын қазылған суы таяздан шығатын екі құдық та, қатар су тартатын терең екі шыңырау да *қосқұдық, қосастау, қосшыңырау/қосшымырау* атанған. Қосқұдықты қатар қазып пайдалану, құдық басына мал отары бір мезетте жиналғанда мал суару жеңіл болу үшін немесе малды сумен тезірек қамтамасыз ету үшін қолданылады.

Қосқұдық бір-бірінен алыс болмағасын су тарту ісін жеңілдету үшін екеуінің де басына шығыр орнатылып, екеуіне бір көлік (түйе, жылқы) жегілген. Қосқұдықтан қатар су тарту үшін екі долық байланған қыл арқанның ұштары көліктің беліне бекітіліп, көлікті екі құдық арасына жүргізіп отырған, сонда бір құдықтың түбіне жетіп, су толған долықты тартқанда, екінші долық өз құдығының түбіне түседі де, алма-кезек су тартылып тұрады. Құдық басында тұрған адам долықтағы суды астауға төгіп, қайта тастап тұрады (Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков, 1980: 70).

О.С. Вялов зерттеген қосқұдық бір жерден қазылса да бірінің суы тұщы, бірінің суы кермек болған (Вялов, 1934: 150; Қазақтың этнографиялық категориялар, 2017: 780). Қатар қазылған екі шыңырау Р.Карутц жазбасында кездеседі (Карутц, 1911: 88. Табл 13). М.Мұқанов екі түйені қатар жегіп, екі құдықтан қатар су тарту әдісін жазып алған

(Мұқанов, 1949: 89). Қосқұдықтан екі мал көмегімен қатар су тарту мал көп жиналғанда жүзеге асқан (1 а, ә - суреттер).

Суы мол, тұщы шықса бір жерден бірнеше шыңырау қатар қазылып, оларды қосқұдықтап пайдалану Маңғыстаудың Үдек сайында кездескен. Үдекте тереңдігі 10 аршын болатын, суы тұщы 15 шыңырау болған. Ел бұл қоныстан көшкенде шыңырауларды көміп тастаған. Тек бір шыңырауды қазіргі заманға бейімдеп, үстінен техника орнатып сақтап қалған. Үстірттің Маңғыстау бөлігінде 10 жерде Қосқұдық атауымен шыңырау кездеседі (Жаңбыршыұлы, 2001). Қосқұдық атанған жер-су аттарының бәрі дерлік қатар қазылған екі құдықпен байланысты.

а



ә

1-сур. Қосқұдық: а) Көмілген. Маңғыстау, Үдек; ә)сызба реконструкциясы (Қазақтың этнографиялық ..., 3 т., 2017: 752-753).
Fig. 1. Koskudyk: a) Komilgen. Mangystau. Udek; b) scheme reconstruction (Kazakhstan ethnographic…,Vol. 3, 2017: 752-753).
Рис. 1. Коскудык: а) Засыпанный. Мангыстау, Удек; б) схема реконструкции (Казахский этнографический… Т.3, 2017: 752-753).

Маңғыстауда Қаратаудың оңтүстігіндегі, Үстірт үстінде Қосқұдық аталған тереңдігі 9 м-ден 40 м-ге жететін құдықтар бар. (Жаңбыршыұлы, 2001)

Дүңгірлек. Солтүстік және Оңтүстік Үстірттегі шыңыраулардың жергілікті атауы. Дүңгірлек негізінен Үстірт шыңырауларының түбінде жер асты суының мол қоры жиналу үшін кең етіп қазылған орны. Диаметрінің ең үлкені алты қанат киіз үйдей

болған. Одан кең етіп қазса опырылып құлап кетуі мүмкін. Дүңгірлек аталуының себебі, шыңырауды қазып болғасын, су көзіндегі тығынды алып шыққанда су шыңырау түбіне тамшылағанда дүңгірлеп даусы шыққан. Шыңырау қазу өте қиын іс болғандықтан да, судың мол қорын сақтауға болатын мүмкіндігін қарастырған. Әрі табиғи қатты тасты қабат шыңырау түбінен кең орынды ұңғып қазуға мүмкіндік берген.

Мерзімдік қоныстар арасындағы құдықтар және көш жолының ерекшелігі

Керуен-көш жолдарының бойындағы құдықтар ел-елдің арасын байланыстыратын, керуен уақытша тоқтайтын суат, бекет, қоналқалық орын ролін атқарды (Маргулан, 1949: 72). Байырғы керуен жолдары жаугершілікте жорық жолдарын, мал шаруашылығында көш жолдары ретінде қызмет еткенімен, керуен жолдары толығымен көш жолын қамтымаған. Себебі, көшпелілер мал қамы үшін керуен жолдарынан шығып кетіп жайылымы мол жерлерге қарай түсіп отырған (Маргулан, 1949: 70). Мерзімдік қоныстар арасындағы жолдың құдық үстінен өтуі – көшпелілердің өзен, бұлақ су көздерінен шалғай кеткенде табиғи су көздері жоқ кең далада өздерін және малды шөлден аман алып қалуының қамы. Мал отары бір жерде ұзақ тұрақтай алмаған, шөп (от) қоры мен су қоры азайғанда келесі жайылымға көшкен. Мерзімдік қоныстардағы, көш жолындағы құдықтар адамдарды да, малды да ауыз сумен қамтамасыз еткен (Карутц, 1911: 12, 46; Хозяйство казахов..., 1980: 3).

Арал-Каспий аралығындағы, Оңтүстік Үстірт, Оңтүстік Маңғыстаудан солтүстікке, Ақтөбеге жететін жол – алыс қашықтықты еңсерген жолдарының бірі. Антропологиялық экспедиция кезінде зерттеушілер М.М. Ищенко, И.С. Казбеков, И.В. Ларин, Б.К. Щелоков Арал-Каспий аралығынан ортағасырларды бір бөлігі керуен жолдарымен түйісіп отырған үш көш жолын картаға түсірген. Аралдың батысындағы біз **Қоңырат – Қарақобда керуен-көш жолы** деп белгілеген қатынас жолын шартты түрде ***«табындардың көш жолы»*** (Табын жолы) деп, ал оған параллель түскен Оңтүстік Маңғыстау – Үстірт – Ақтөбе арасындағы екі көш жолын ***«адайлардың көш жолы»*** (Адай жолы) деп көрсеткен. Табын тайпасы оңтүстікте Қоңырат өлкесі, солтүстікте Ақтөбе, Қарақобда арасында бір бағытқа тікелей өлшесе 900 км, ал көшу ареалымен, мал отарының ыңғайына қарай жүретін жолмен есептегенде, тек қыстаудан жайлауға дейін кемі 1000 км-ді, ал жайлаудан қыстауға қайтардағы мал отарын айдауға ыңғайлы жолайрықтарға түсуімен қоса есептегенде 2200 км қашықтықты еңсерген. Табындардың оңтүстікте Көксеңгір, солтүстікте Жайыңды өзені аралығындағы көш жолы бір бағытқа тікелей есептесе 350-400 км, ал көшу ареалымен, екі бағытқа (қыстаудан жайлауға; жайлаудан қыстауға) қоса есептегенде тағы 1000 км құрады (Ищенко және т.б., 1928: 106; Схематическая карта..., 1926).

Алғашқы карталар мен жазба деректерді сараптасақ **Қоңырат – Қарақобда керуен-көш жолында** келесідей жер-су атаулары шығады:

Қыстау: Қоңыраттың солтүстігі, Аққұм құмы, Жайынқара қонысы, Барсакелмес соры, Табынсу, Қарақолқа, Қарақұдық, Әжібай, Алан/Аланқала, Ақбұлақ, Майсақұдық, Барлыбай құдық, Көлбайқұдық, Қарашқазған құдық, Қосбұлақ құдық, Әжікелді, Жылдықұдық, Бексеуіл сайы, Үшқұдық, Білеулі қорғаны, Бәйтерек, Әлмәмбет шыңырау, Қарой.

Көктеу, күздеу: Жалғызқұдық, Манатқұдық, Ақтілей, Ақраққұдық, Қоскұдық, Асматай көлі, Асматай құмдары, Аққолқа, Қосбұлақ көлі, Жарқұдық, Жыңғылқұдық, Тоқсанбай, Түкарақсор, Ащыбұлақ, Үлкенсор, Шөміштікөл, Қайнар бұлағы, Қосастау құдықтары, Ащыайрық бұлағы, Ащыайрық жырасы, Доңызтау, Шағрай, Байғұзтау, Беккүмбет қорымы, Нұржан қорымы, Шошқакөл қонысы, Шошқакөл батпағы, Сарықұм, Қаражар тауы, Әлітау, Жаманәле тау, Терескен қонысы, Түлекен, Оймауыт, Астаусалды, Малай, Мастағат тауы, Хантөрткөл сайы, Шерқала таулары, Ащысай, Жем өз.

Кедейсай – шөбі, оты аз, жайылымы шұрайлы емес деген мағына береді (АЭМ).

Жайлау: Жайынды өз, Шатырлы өз, Ақсу көлі, Сағыз өз, Ойыл өзені, Қонжар, Сарықобда, Қарақобда.

Қыстауға қайтар жолда осы бағытпен қайтадан кері жылжып отырған.

Табын жолы мен Адай жолының оңтүстіктен солтүстікке қарайғы бағыты бір болғанымен, көшу жолдары бөлек, бір-біріне параллель жүріп отырған. Адайлар Сам өзенінің солтүстігіндегі жол арқылы, Шағырлы, Доңызтау, Жандыарал шатқалы, одан Терісаққан, Баршақұм, Сағыздағы Баршақұм арқылы, Ащықұмға, одан шығыс жақ беттегі көш жолына түсіп Қайнар, Тасастау, Оймауыттың батыс жақ беті, Хантөрткөл жағалауы арқылы, одан Астаусалды арқылы Жем өзенінен өткен. Кей ауылдар Ойыл өзенінен өтіп, Ақтөбе уезіне дейін жеткен (Схематическая карта…., 1928).



а **ә**

2-сур. Қоңырат – Қарақобда қатынас жолы: а) «Схематическая карта районов сезонных пастбищ Адай и Табын» картасынан кесінді; ә)«Адайлардың көшу жолы» (сол жақта), «Табындардың көшу жолы» (оң жақта). Т. Картаеваның жаңғыртпасы.

Fig. 2. Kongyrat-Karakobda Route: a) Excerpt from the “Schematic map of the seasonal pasture areas of the Adai and Tabyn”; b) “Migration route of the Adai” (left) and “Migration route of the Tabyn” (right). Updated by T. Kartayeva.

Рис. 2. Путь сообщения Конырат – Каракобда: а) фрагмент карты «Схематическая карта районов сезонных пастбищ Адай и Табын»; б) «Кочевые пути Адайцев» (слева), «Кочевые пути Табынцев» (справа). Реконструкция Т. Картаевой.

Оңтүстік Үстірттегі табын тайпасының Ақтөбенің солтүстігіндегі жайлауларға көш жолын 1931 жылы гидротехниктер табын тайпасы ақсақалдарының айтуымен байырғы мерзімдік қоныстарға көшу жолдарын картаға түсірген (Материалы к схеме проекта..., 1931)[7]. Бұл жазба Қоңырат – Қарақобда арасындағы қатынас жолындағы жер-су атауларын толықтыра түседі:

1-жол: Әжібай, Көйке, Қабанбай, Дәулеткерей, Қасырма, Ақбұлақ, Құтайбұлақ, Сула, Дуала, Түрікменәлі, Аққұдық, Шыңырау, Байкөбек, Қасқажол, одан әрі Ақтілей арқылы жүріп Аққолқадан бастау алатын көктеуге келіп тоқтайды. Көктеулік қоныс Қошқарата құмдары, Талдыкөл, Шағрай тауы, Шаған өзені бойын қамтыды. Одан әрі солтүстік бағытқа көшіп жайлауға барған.

2-жол: Әжібай, Қабанбай, Дәулеткерей, Бұлақ көлден өтіп Доңызтаудағы көктеуге тоқтаған. Одан әрі солтүстік бағыттағы жайлауға көшкен.

3-жол: Әжібай, Қарой, Асматай Матай, Шөміштікөл, Ащыайрыққа жетіп, көктеулік қоныс иемденеді. Одан әрі Бесастаудан бастау алып, солтүстікке созылып жатқан жайлауларды иемденді.

4-жол: Әжібай, Ақбұлақ, Бозой арқылы өтіп көктеулік жерге қоныстанды. Көктеу Самматай құмдары, Шөмішкөлді, Ащыайрық сайы, Сарықұм құмдарын қамтыды. Одан әрі Бесастаудан бастау алып, солтүстікке созылып жатқан жайлауларды иемденді.

Бұл деректегі солтүсіктегі жайлаулық жер деп Жем және Ақтөбедегі өзен жағалауларын айтып тұрғаны анық.

Ортағасырларда Хиуа, Хорезм, Бұқара, Үргеніштен бастау алып, Орта Азия мен Шығыс Еуропа, Еділ-Жайық арасындағы сауда-экономикалық байланысты қамтамасыз еткен керуен жолының Оңтүстік Үстіртке түсетін тұсы да Қасқажол деп аталған. Қасқажол атауы, Маңғыстау-Үстірт үстіндегі жолдардың күрделілігімен байланысты екені анық. Оңтүстік Үстіртті еңсеріп, Солтүстік Үстірт арқылы Сарайшық, Орынбор, одан әрі Шығыс Еуропаға бағытталған керуен жолының бастауы осы жолмен жүріп, Үшқұдық, Әжікелді, Қосбұлақ, Білеулі, Шұрық керуен-сарайларына тоқтап, одан әрі керуен жолының бірі оңтүстік-батысқа Сарайшыққа, бірі Орынбор бағытына түссе, бірі көш жолын жалғап солтүстік-батысқа бағытталды. Еділ-Жайықтан әрі қарайғы екі жол айрығының бірі хазар, бірі бұлғар бағытына түсті (Калменов, 2013: 14). Оңтүстік Үстірттегі керуен жолы Қарауылүмбет асуынан өткен соң айрықталды. Орта Азия мен ортағасырлық Қызылқала, Кетікқала арасын жалғап жатқан керуен жолының да оңтүстік бөлігі осы көш жолымен түйісті. Аланқұдық атауымен белгілі қоныста Аланқала керуен сарайы болған, осы бекет арқылы бір керуен жолы Айғырлы, Түбежік, Кетікқалаға жеткен (Манылов, Юсупов, 1982: 170-180; 3-сурет). Аланқұдық сияқты Аланқала топонимикасы да сармат-савроматтар құрамында болған арғытүркілік алан тайпасының атымен байланысты (Көшімова, 2010: 25).

Үшқұдық, Әжікелді, Қосбұлақ, Білеулі, Шұрық керуен сарайлары орналасқан Қасқажол бөлігіндегі елді мекендер кейін қысқы мерзімдік қонысын қоса қамтамасыз

[7] Материалы к схеме проекта обводнения у Донызтау река Чаган Байганинского района 1930-1931 года. 4-папка Актюбинского Облводхоза. 1931. Ақтөбе облысы Байғанин аудандық тарихи-өлкетану музейі қоры.

етті. Ұзақ қашықтықтағы қатынас жолының белгілі бір бөлігінің басқа атауға ие болуы басқа жолдар тарихында да кездеседі. Адайлардың көшу жолының оңтүстік бөлігі **Көкжол** атанған. Көкжол Оңтүстік Маңғыстау мен Хиуа арасындағы керуен, қатынас жолын қамтамасыз еткен (Ищенко және т.б., 1928: 106).

Үстірттегі Ащыайрық, Тұщыайрық, Айрықты жер-су атаулары екі жол айрығына байланысты қалыптасқан. Жол айрықтарының түсуі тарихи жолдардың күрделілігін айғақтайды.



3-сур. Ортағасырлық керуен сарайлар орналасуының схемалық картасы: 1 – Үшқұдық, 2 – Әжікелді, 3 – Қосбұлақ, 4 – Білеулі, 5 – Шұрық, 6 – Қоскұдық (Манылов, Юсупов, 1982: 172).
Fig. 3. Schematic map of the distribution of mediaeval caravanserais: 1 – Ushkudyk, 2 – Azhikeldi, 3 – Kosbulak, 4 – Bileuli, 5 – Shuryk, 6 – Koskudyk (Manylov, Yusupov, 1982:172).
Рис. 3. Схематическая карта расположения средневековых караван-сараев: 1 – Ушкудык, 2 – Ажикелды, 3 – Косбулак, 4 – Блеули, 5 – Шурык, 6 – Коскудык (Манылов, Юсупов, 1982: 172).

Ортағасырлық керуен жолдары одан әрі XVIII-XIX ғасырлардағы сауда-экономикалық қатынас жолына, бір бөлігі осы кезеңдегі көш жолына қызмет ете берді (4-сурет). Оңтүстік Үстірттегі керуен жолының Қасқажол бөлігі XX ғасырдың басында да өзінің тарихи атауын сақтап қалды.



4-сур. Көш жолдарымен түйіскен керуен жолдары: а) Үстірт, Маңғыстау үстінен өткен ортағасырлық керуен жолдары, Түпқараған аудандық-тарихи өлкетану музейі, Форт-Шевченко қ.; Хорезм, Бұқара, Хиуа, Үргеніштен бастау алып, Арал ареалы арқылы өткен керуен, сауда жолдары, XIX ғ. Т.Картаева жаңғыртпасы.
Fig. 4. Caravan routes intersecting migration routes: a) Mediaeval caravan routes across the Ustyurt and Mangystau, Tupkaragan Dictrict Historical and Local History Museum, Fort-Shevchenko; Caravan and trade routes beginning from Khoresm, Bukhara, Khiya and Urgench and passing through the Aral region, 19th century. Updated by T. Kartayeva.
Рис. 4. Пересечение кочевых и караванных путей: а) Устюрт, средневековые караванные пути, проходившие через Мангыстау, Тупкараганский районный историко-краеведческий музей, г.Форт-Шевченко; караванно-торговые пути, начинавшиеся из Хорезма, Бухары, Хивы, Ургенча и проходившие через Аральский ареал.

Деректерге сүйенсек Қоңырат пен Қарақобда қатынас жолының арасында көшпелілер кемі 80 рет, кей жылдары, 100 рет бекетке тоқтаған. Орталық Үстірт, яғни Оңтүстік Үстірт пен Солтүстік Үстірттің қосылар тұсынан солтүстіктегі Сағыз, Ойыл өзендері аралығында 50-70 бекет болды (Ищенко және т.б., 1928: 108).

Нәтижелер

Ащыайрық. Қоңырат, Аққұм қыстаулары мен Қарақобда жайлауы арасындағы Үстірттегі қатынас жолындағы Ащыайрық көктеу/күзеулік қонысты қамтамасыз етті. Ащыайрық Үстірттің солтүстік шығынан көтеріліп түсетін сайда орналасқан,

Ащыайрық бұлағының бастауы тасты Ащыайрық шатқалынан шығып, суы табиғи жыраны қалыптастырған, жыранық екі жақ бетінде байырғы қоныстан тұрғын үйлер, мешіт, кесене, құдықтар сақталып қалған (Әжіғали, 2015: 10). Ащыайрық сайы осы бұлақ, жырамен жалғасады. Ащыайрық діни-тұрғын үй кешені Ақтөбе облысының жергілікті маңызы бар ескерткіштер тізіміне енгізілген. 1892 жылы геолог С.Н. Никитиннің жетекшілігімен жүргізілген «Орал сырты даласы» экспедициясы Үстіртті де қамтып, экспедиция мүшелері 20-27 маусым аралығында Ащыайрық тауының батысындағы сайда орналасқан Шегембай деп аталатын құдықтар басына тоқтайды. Бұл құдықшының өз есімі немесе лақап есімі болуы да мүмкін. Құдық қазумен қатар, шеген сала білу өнеріне қарай халық Шегембай атап кеткен болса керек (Шегенбай болуы мүмкін). Зерттеуші Ащыайрықтағы құдықтар мен бұлақ суының молдығы мен дәмінің тұщы екенін жазған (Отчеты экспедиции 1892 года, 1893: 15)[8].

Ащыайрық тауы деп Ащыбұлақ шатқалын айтқан. Ащыайрық (ащы + айрық) «тұзды айрық» деген мағына береді (Конкашбаев, 1963: 26; Койчубаев, 1974: 47). Ал, бұл жердегі Ащыайрық атауы жерінің тұздылығына немесе құдық суының дәміне байланысты аталмаған деуге толық негіз бар. Ащыайрық сайы сортаңды жер емес, көктеу, күзеуді қамтамасыз еткен жайылымға қолайлы жер. Құдық суы бұл жерде алғау болса, құдық көп қазылмайды, 1-2 құдық қазумен шектелуі мүмкін. Ащыайрық атауының қалыптасуы, Үстірт асуының қиындығымен, әрі бұл жерде құдық қазу технологиясының Тұщыайрыққа қарағанда күрделі болғанымен байланысты. Себебі, Тұщыайрық терең сайда, ал Ащыайрық Үстірттің үстіндегі екі асудың ортасындағы ойпатта орналасқан. Ащыайрық Ащыбұлақ жырасы Доңызтау жазығынан қарағанда Үстіртті екі айрыққа бөліп жатыр, ел екі айрық жағасына қонған.

Ащыайрық құдықтарының суының сапасын, құрамын анықтауды О.С. Вялов пен И.П. Герасимов зерттеу нысанына алған (Вялов, 1934: 169-170; Герасимов, 1930). Халық қолданысында болған уақытта Ащыайрық суы тұщы, әрі сапасы жоғары болған. Жергілікті дерек кісілердің айтуынша Тұщыайрық пен Ащыайрықтың суы қасиетті, қазір беті ашық тұрса да, ешқандай ластанбаған, мөлдір таза, дәмі бұзылмаған (АЭМ).

О.С. Вялов бойынша Ащыайрық құдықтарының суының тереңдігі – 5 м, суының химиялық сараптамасы келесідей: CI – 483,0; HCO2´ – 22,0; SO4˝ – 961,0; Hº – 33,15 (Вялов, 1934: 148, 171). Сараптамада CI, HCO2, SO4˝ – көрсеткіші 1 л. судағы мл көрсеткіші, ал Hº – неміс градусы бойынша берілген. Құдық қорабаларының барлығында дерлік түбінде су өніп тұр, суы тартылмаған. Ащыайрық құдықтарының Тұщыайрық құдықтарынан айырмашылығы, үстіңгі қабаты ғана шегенделіп, қорабасын табиғи тас қабаты құрайды, қорабасын тас қабатын ойып жасайды. Түбі кең етіп тасты қабатты ою арқылы қазылады да, құдық қабырғасының қораба мен құдық ернеуі, аузы аралығы шегенделеді. Қазіргі таңда Ащыайрық құдық суын тіршілікке пайдалану қолданыстан шыққан.

№1-құдық. Құдық аузы ашық, ернеуі бір жағы өңделген ұлутастармен көмкерілген. Аузының ойығы немесе ішкі диаметрі – 0,50х0,60 м. Ернеуінің жерден биіктігі – 1 м., сыртқы диаметрі – 1,50 м. Ернеу қабырғасынан аяқталатын тұсынан бастап, түбіне қарай кеңейетін қорабасына дейін – 1,70 м. Кеңейген тұсының ішкі диаметрі – 1,30 м. Шегенінен бастап түбіне дейін – 1,50 м. Басындағы табиғи ұлутастан ойған, өңделген тас астауы морт сынған (5а-сурет).

[8] Отчеты экспедиции 1892 года, 1893. Зауральские степи Уральской области. Усть-Урть снаряженной Акционерами Общества Рязанско-Уральской Ж.Д.С.П. и П.П.Фонь-Дервиз и геологическим под начальством С.Н. Никитина. С приложением отчетной карты и 6 таблиц профилей. СПб.: Типография А.Якобсона.

№2-құдық. Құдық аузының ішкі диаметрі – 0,54х0,53, сыртқы диаметрі – 1,30х1,80 м. Құдық құмды жардың сайға құлайтын етегіне қарай қазылған. Көктемгі жаңбырда сазды балшықты су ағып, құдықты көміп қалмас үшін құдықтың сыртқы ернеуіне ұлутастар мол қашалған. Ернеуінің жер бетінен биіктігі 0,60 м. Әйкелін құдық аузынан алып тастаған, басында морт сынып бөлек жатыр. Құдық қабырғасы түбіне қарай 0,80 м-ден бастап кеңейеді. Құдық тереңдігі – 4 м (5ә-сурет).

№3-құдық. Құдық аузының ішкі диаметрі – 0,80х0,90 м, сыртқы диаметрі – 1,60х1,50 м. Ернеуінің жер бетінен биіктігі – 0,80 м. Қабырғасы түбіне қарай – 0,80 м бастап кеңейеді. Құдық тереңдігі – 3 м. Басына тас астау орнатылып, астына дере тас қойылған. Астаудың сыртқы көлемі – 1,20х99 см, ішкі көлемі – 0,84х0,69 м (5б-сурет).

№4-құдық. Аузының ішкі диаметрі – 0,40х0,40 м, сыртқы диаметрі 0,90х0,90 м. Ернеуінің жер бетінен биіктігі – 70 см. Қабырғасы түбіне қарай – 0,70 м бастап кеңейеді. Әйкелі бүтін, бірақ құдық аузынан алынып тасталған, бөлек жатыр. Құдық жардың сайдың етегіне қарай құлайтын тұсынан қазылған. Жаңбырлы күні балшықтың ағып, құдық аузын көміп қалмасы үшін, құдық аузы мен ернеуінің айналасына ұлутастар ретсіз қашалған. Ішкі шегені үшін ұлутастың ішкі жағы өңделген. Құдық тереңдігі – 3,20 м.



а ә б

5-сур. Ащыайрық құдықтарының сызбасы: а) No1-құдықтың кескінді сызбасы; ә) No2 құдықтың кескінді сызбасы; б) No3- құдықтың кескінді сызбасы.
Fig. 5. Ashyraiyk wells drawing: a) Schematic diagram of Well №1; b) Schematic diagram of Well №2; Schematic diagram of Well №3.
Рис. 5. Чертеж колодцев Ашыайрыка: а) схема-чертеж колодца № 1; б) схема-чертеж колодца № 2; в) схема-чертеж колодца № 3.

Ақсай. Доңызтаудың Солтүстік Үстіртке көтерілетін шатқалдарында орналасқан Ақсай діни-тұрғын үй кешендері (I, II, III) қайталанбас, күрделі сәулеттік туындылары сақталған байырғы қоныс (Әжіғали, 2015: 12-13). Кешен Ақтөбе облысының жергілікті маңызы бар ескерткіштер тізіміне «ансамбль» санатымен енген. Халық арасында Ақсай-I Жоғарғы (Жаман Ақсай), ал Ақсай-II Төменгі (Жақсы Ақсай) атауымен белгілі. Ақсай-II құдығы тұрғын үй мен мешіт құрылысы аралығынан қазылған, ойма құдық деп аталатын құдық түріне саяды. Ойма құдықтың екі түрі бар. Біріншісі – аузы тар етіп қазылған, қабырғасы таспен шегенделген немесе тасты жерде қабырғасын табиғи

тас шеген құрайтын таяз құдық. Доңызтаудағы тас құдықтардың бір түріне жататын осы құдықтың қабырғасының шегендеуі, тасты қалауы басқа тас құдықтардың тас қалау әдісімен бірдей. Доңызтаудың басқа тас құдықтарынан айырмашылығы ойма құдықтың қабырғасы тік ұңғы (цилиндр) түрінде қазылған, құдық түбі кеңеймейді. Доңызтаудың басқа құдықтарының осы ойма құдықтан айырмашылығы: олардың аузы тарлау өріліп, түбіне қарай кеңи түседі. Бұл тас құдықтардың су көзі аршылып, тазалап тұрмағандықтан, топырақ басқан. Халық арасында сақталған дерек бойынша мешіт пен құдық XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасыр басында өмір сүрген Нұржан ишанға тиесілі (АЭМ). Ақсай маңындағы Нұржан қонысы атауы осы жерде Нұржан ишанның тұрақтап қалуымен байланысты.

Ақсай-II. құдықтың көмілген түбіне дейінгі тереңдігі – 2,50 м. Сыртқы диаметрі – 1,50х1,50 м. Аузы төрт ұлутаспен төртбұрыштап бекітілген (6 а-сурет). Салыстырмалы түрде ойма құдық атауы Арал өңірінде де кездеседі. Бұл жерде ойма құдық атауы суы 1 м-ден, яғни жерді ойған бойда шығатын, көкбұта немесе дүзгенмен шегендеген құдыққа қатысты қолданылады.

Ақсай-I құдығы мешіттен батысқа қарай 40 м жерде. Аузының ішкі диаметрі – 0,46х0,50 м, сыртқы диаметрі – 1,30 х 1,20 м. Ернеуінен бастап құдық түбіне қарай кеңейетін тұсына дейін – 0,70 м., түбі – 3,50 м тереңдіктен бастап топырақпен көмілген. Шегені ұлутастан қаланған (6ә-сурет).

а ә

6-сур. Ақсай құдықтары: а) тас (ойма) құдықтың ішкі шегені. Ақсай-2, Төменгі (Жақсы Ақсай); ә) қорабасының шегені мен құдықтың көмілген түбі. Ақсай-1, Жоғарғы (Жаман Ақсай).
Fig. 6. Aksay wells: a) interior stake of the stone (hewn) well, Aksay-2, Lower (Zhaksy Aksay); b) box stake and buried bottom of the well, Aksay-1, Upper (Zhaman Aksay).
Рис. 6. Колодцы Аксая: а) внутренний сруб каменного (выдолбленного) колодца. Аксай-2, Нижний (Жаксы Аксай); б) сруб и засыпанное дно колодца. Аксай-1, Верхний (Жаман Аксай).

Қайнар-Тасастау. Қайнар – бұлақ көзімен, Тасастау – тасты жердің ойпатымен байланысты қалыптасқан атау Қайнар сайы қазіргі таңда «Қайнар діни-тұрмыстық кешені XVIII – XX ғғ.» атауымен «ансамбльдер және кешен» санаты бойынша Атырау облысының Жылой ауданының жергілікті маңызы бар ескерткіштер тізімінде. Құлсарыдан оңтүстік-шығысқа қарай 196,4 шақырым жерде орналасқан. Кешенде баспаналар, зираттар, Досжан Хазірет Қашақұлының (1815-1890) Оңтүстік Үстірттің Қайнар сайында салдырған мешіті сақталған. Қайнар құдығын солтүстік-шығысындағы ылдидағы бұлақ көзінен ұлутаспен шегендеп жасаған (7-сурет).

Құдықтың JPS мәліметі:
N46˚11’01.00”
E56˚18’45.90”

а

ә

7-сур. Қайнар құдығы: а) жалпы көрінісі; ә) ішкі қабырға шегені.
Fig. 7. Kainar well: a) general view; b) inner wall well chamber.
Рис. 7. Колодец Кайнар: а) общий вид; б) укрепление внутренней стены.

Қайнар мешіт құрылысы салынбастан бұрын мерзімдік қоныс болған. Бұл жердегі тұрғын үйлер мен құдық мешіттен бұрын тұрғызылған. Қайнар құдығы таспен шегенделген *ілме құдық* түріне жатады. Құдықтан суды қолмен іліп немесе қысқа ағаш сырықтың басына темір ілгек қадап, қауғаны сырықпен батырып су тарта берген. Бұлақ көзінен толығатындықтан халық бұл құдық суының дәмі жағынан балқұдық типіне жатқызған. Шеген құдықтың сыртқы диаметрі – 2,5 м, ішкі диаметрі – 2 м. Су деңгейі 1,30 м басталады, құдық түбіне дейінгі тереңдігі – 2,20 м. Құдық шегені өңделмеген ұлутастан. Құдық бетіне әйкел, қақпақ салынбаған, қолданыстағы заманында құдық ашық болғанға ұқсайды. Құдық құмды жерден қазылғандықтан ауқымы кең алынған. Құдық суының тұщылығы мен таяздығын құдықты айнала өскен ши де айғақтайды. Құдық суы мешіт тұрғызған құрылысшыларды ғана емес, сол қонысты мекен еткен халықты және малды сумен қамтамасыз еткен. Құдық бұлақтың қайнар көзімен тоғысатындықтан суы мол болған. Қайнар атануы да осы бұлақ бастауымен байланысты. Қайнар құдығы кейін халық арасында Досжан Хазіреттің құдығы деп те аталып кеткен (АЭМ).

Тасастау. Үстірттің оңтүстігінде Атырау облысы, Жылыой ауданы аумағында, байырғы көш жолының бойында орналасқан бұл сай халық арасында **Астаусай** деп те аталады. Тасастау, Астаусай көктеу, күздеулік мерзімдік қоныстары Үстірттің үстінен қалыптасқан табиғи ойпат, сайда орналасқан. Қоныстың атаулары осы жердің ойпатты сайда болып, үлкен астау секілді көрінуімен байланысты. Тасастау сайында қатарынан қазылған арасы 30-50 м-ден болатын құдықтар астауымен сақталған. Қазіргі таңда кейбір шыңырауларды сыртынан цемент құйып, қоршау жасап, жылқы үйірін суаруға қайта бейімдеген (8а-сурет). Тасастауда Аққиізтоғай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 170-171 км жерде орналасқан ерте темір дәуіріне саятын қорған мен ғибадатхана сақталған, Атырау облысы жергілікті маңызы бар ескерткіштер тізімінің «археология» санатына енгізілген. Бұл екі ескерткіш те Тасастаудың ертеден қоныс болғанын, әрі құдықтардың көне екенін дәлелдейді. Құдықтарды қоса қамтитын ескерткіштер орналасқан аймақ «Тасастау-Қайнар ескерткіштері» атауымен белгілі.

Тасастау құдықтарының JPS мәліметі:
N46°14’32.62”N
E56°24’38.32”E

Тасастау қайнар құдықтары біркелкі, шыңырау түріне жатады. №1 құдықтың ернеуі жерден 1 м жоғары, цилиндр пішінді. Әйкелінің сыртқы диаметрі – 0,90 м, ішкі диаметрі – 0,50 м, әйкелді ернеуі мен тас астау аралығында 0,60 м тас арқаулық бар. Тас астау

дере таспен көтерілген. Сыртқы диаметрі 1,10 х1,20 м, ішкі диаметрі – 0,80 м. Құдық астауымен бірге жалпы көлемі 2,70х0,90х1,10 м. Ішкі қабырғасы өңделген 3-4 тас шегеннен қаланған, ерекшелігі жоғарғы ернеуден кейін дөрекі қаланған үш бұрышты шеген бейнесіне ауысады. Су ернеуі әйкелден бастап есептесе 7 м, ішкі ернеуінен бастап есептесе 6 м басталады. Құдық түбіндегі қорабасына су мол жиналған (8ә-сурет).

а ә

8-сур. Тасастау құдықтары: а) Тасастау сайының жалпы көрінісі; ә) No1 шыңыраудың ішкі шегені.
Fig. 8. Tasastay wells: a) General view of Tasastau ravine; b) No1 inner well chamber.
Рис. 8. Колодцы Тасастау: а) общий вид ложбины Тасастау; б) внутреннее укрепление колодца №1.

Тұщыайрық. Доңызтау асуынан асқанда Үстірт үстіндегі терең сай ретінде қалыптасқан табиғи шатқалды сай. Тұщыайрық (тұщы + айрық) суы тұщы айрық мағынасын береді, айрық атауы сайдың екі жақ шатқал беті мен жол айрығына байланысты қалыптасқан. Сайдың бастауы мен екі жақ шатқалы ұлутастан түзілген. Алғашқы зерттеушілер осы сайдың тасын «сармат тас» деп атаған (Вялов, 1934: 148). Тұщыайрық сайында төрт құдық астау, су сақтайтын әуітімен бірге сақталған. Тұщыайрық құдықтарының JPS мәліметі келесідей:

N46.41261º

E056.70520º

Тұщыайрық құдықтарының барлығының аузындағы шеген тастың ішкі беті өңделген. Әйкел ретіндегі құдық аузы деңгейіндегі тас жарты дөңгелек түрінде қашалған. Құдықтардың түбіндегі су жиналатын қорабаның кеңдігіне қарап, суы мол құдық екенін тануға балады. Басында судың мол қорын сақтайтын әуіт те ұлутастан қаланып, тас арасы тасты балшықпен, Доңызтаудан алынатын жергілікті гипспен (гидрат сульфат кальциі (CaSO4·2H2 O) толтырылған. Алғашқы зерттеушілер Тұщыайрық құдықтарының су деңгейіне дейінгі тереңдігін – 6,5 м деп есепке алған (Вялов, 1934: 148). О.С.Вялов бойынша Тұщыайрық суының химиялық сараптамасы келесідей: CI – 46,9; HCO2´ – 237,3; SO4˝ – 445,0; Hº – 20,49 (Вялов, 1934: 170). Біздің тіркеуімізде су деңгейіне дейінгі тереңдіктің 2-3 метрден асуы құдық түбін қайта аршып, тазалап тұру үдерісінің тоқтауымен байланысты болса керек.

№1-құдық. Аузының сыртқы диаметрі – 1,50 м, құдық аузы ішкі диаметрі – 57 см. Түбіне қарай кеңейеді. Аузынан тік шеген деңгейіне дейін – 1,30 м; шегеннің осы деңгейінен бастап, түбіне қарай кеңейеді. Аузынан су деңгейіне дейінгі тереңдігі – 3,18 м. Әуіттің сыртқы көлемінен ені – 2,20 м, ұзындығы – 3,90 м; ішкі көлемінен ені – 1,75 м, ұзындығы – 2,80 м. Тереңдігі адам еңкейіп су алуға ыңғайлы, яғни 1,20 м.

№2-құдық. Құдық аузы тас қалауының сыртқы диаметрі – 1,40 м, ішкі диаметрі – 0,49х0,48 м. Әйкел аузы ойығы диаметрі – 35 см. Түбіне қарай кеңейеді. Аузынан тік

шеген деңгейіне дейін – 1,50 м; шегеннің осы деңгейінен бастап, құдық түбіне қарай кеңейеді. Аузынан су деңгейіне дейінгі тереңдігі – 2 м.

№3-құдық. Құдық аузы тас қалауының сыртқы диаметрі – 1,45 м, бірінші тас қалауының ішкі диаметрі – 0,60х0,47 м, екінші қалау ішкі диаметрі – 0,50х0,60 м, үшінші қалау ішкі диаметрі – 0,49х0,48 м. Түбіне қарай кеңейеді. Аузынан құдық су деңгейіне дейін – 1,40 м; тас шегеннің осы деңгейінен бастап, құдық түбіне қарай кеңейеді. Аузынан су деңгейіне дейінгі тереңдігі – 2,50 м. Түбіне дейінгі тереңдігі – 5 м. Әуіттің сыртқы көлемінен ені – 3,10 м, ұзындығы – 5 м; ішкі көлемінің ені – 2 м, ұзындығы – 4,13 м. Тереңдігі адам еңкейіп су алуға ыңғайлы – 1,20 м. Тас астауының сыртқы көлемінің ені – 0,88 м; ұзындығы – 1,15 м; ішкі көлемінің ені – 0,64 м, ұзындығы – 0,96 м. (9а -сурет).

№4-құдық. Құдық аузы тас қалауының сыртқы диаметрі – 1,40 м, ішкі диаметрі – 0,46х0,43 м. Аузынан тік шеген деңгейінен түбіне қарай кеңейетін шегеніне дейінгі қабырғасы – 70 см; тас шегеннің осы деңгейінің ішкі диаметрі – 0,46х0,45 м әйкел типіндегі бүтін тас ойық қойылған. Осы деңгейден бастап, құдық түбіне қарай кеңейеді. Құдық аузынан су деңгейіне дейінгі тереңдігі – 2, 55 м. Әуіттің сыртқы көлемінен ені – 2,20 м, ұзындығы – 4,40 м; ішкі көлемінің ені – 1,50 м, ұзындығы – 3, 50 м. Тереңдігі адам еңкейіп су алуға ыңғайлы, яғни 1, 20 м. Тас астауының сыртқы көлемінің ені – 1 м; ұзындығы – 1,30 м; ішкі көлемінің ені – 77 см, ұзындығы – 98 см (9ә-сурет).



а ә

9-сур. Тұщыайрық құдықтарының сызбасы: а) No3 құдық, кескінді сызбасы; ә) No4 құдық, әуіт және тас ас.

Fig. 9. Tushyairyk wells drawing: a) Well №3 Diagram-drawing; b) Well No. 4, large trough

Рис. 9. Чертеж колодцев Тущиайрык: а) колодец №3, схема-чертеж; б) колодец №4, большое корыто.

Қорытынды

Қоңырат – Қарақобда жолының оңтүстік бөлігі тарихи дәуірлердегі «Хиуа жолы» атанған ең ұзақ қатынас жолының бір тармағын құрайды. Қоңырат пен Қарақобда арасындағы ұзақ қашықтықтағы көш жолы оңтүстікте Қоңырат – Аққұм өлкесінде қыстаған табын тайпасының мал санының көлеміне байланысты қалыптасты. Қоңырат пен Қарақобда керуен-көш жолының Ұшқұдық пен Шұрық аралығындағы Қасқажол

бөлігі ортағасырлардағы Орта Азия мен Шығыс Еуропа арасындағы керуен жолының бөлігін құрап, тарихи дәуірлерде бұл жолдың бір бөлігі сауда қатынасына қоса қызмет еткен. Бұл тарихи жолдың қолданыс аясы, қызметіне қарай Хиуа – Қоңырат аралығын керуен, Қоңырат пен Шұрық аралығын керуен-көш, Шұрық – Қарақобда аралығын көш жолдары деп бөлуге болады. Қасқажол бөлігіндегі ортағасырлық керуен сарайлар елді мекенді, қоныста қоса қамтамасыз етті. Қазақтардың көш жолдарының бірнеше бағыттарын қалыптастыруының өзі мал шаруашылығын ұйымдастырудың технологиясын жетік меңгергендігімен байланысты. «Табындардың көшу жолы» деп шартты аталған Қоңырат пен Қарақобда арасындағы керуен-көш жолы «Адайлардың көшу жолы» деп аталған қатынас жолымен параллель түскен. Бұл көш жолдарының бір бөлігі орта ғасырларда Орталық Азиямен Шығыс Еуропаны жалғастырған керуен жолдарының бір бөлігін құрады. Оңтүстік Маңғыстау, Оңтүстік Үстірт пен солтүстіктегі өзендер аралығында ерте ортағасырдан белгілі керуен-көш жолдары қазақ жеріндегі ең ұзақ қашықтағы жолдардың бірі болып саналады.

Қазақ жерін Басқару Ережелерінің енуі, бекіністердің салынуына байланысты, XIX ғасырдың орта кезеңінен бастап қыстаудан жайлауға көшу қашықтығы өзгеріп, көш жолдары қысқара бастайды. Бірте-бірте отырықшыландыру саясатына сәйкес ауылдар қыстауларға тұрақтап қалды. Доңызтау етегіндегі, Солтүстік Үстірт үстіндегі көктеу, күздеулік қоныстар, бос қалған қыстаулық баспаналар, далалық мешіттер, құдықтар тарихи жолдар бойындағы қоныстарды айғақтайды.

Маңғыстау, Доңызтау, Үстірттегі күрделі құдықтар жүйесі және оның ерекшелігі қазақ жеріне келген саяхатшылар, зерттеушілер, әскери шенеуніктердің ерекше назарын аударған. Олар топонимикалық карта жасағанда, елді мекендермен қатар, суаттар мен құдықтар аттарын енгізіп, олардың қала орталығынан қашықтығын көрсетіп отырған. Құдық атауларының тарихи география, тарихи топонимика үшін берері мол. Жер-су аттарының өзгеруі құдық атауларына қатысты топонимикалық, ономастикалық мәліметтер базасын сараптауда қиындық тудыратын мәселе. Құдыққа қатысты атаулар жүйесін алғашқы жазбалар мен тарихи карталар арқылы нақтылай түсу мәселенің ғылыми ақпаратын нығайтады.

Әдебиет

Арнольди М.В., 1885. В Закаспийском крае в 1877 году. Воспоминания офицера. СПб.: Типография Департамента Уделов. 44 с.

Әжіғали С.Е., 2015. Ақтөбе облысының аса көрнекті архитектуралық ескерткіштері: фотокөрме. Ғылыми-ақпараттық басылым. Алматы-Ақтөбе. 52 б.

Беляевский Н.А., 1885. Путь от залива Цесаревича через Усть-Урт до Кунграда. Сборник географических, топографических и статистических материалов по Азии. СПб.: Военная типография. С. 1-89.

Будагов Л.З., 1871. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, со включением употребительнейших слов арабских и персидских и с переводом на русский язык. Т.2. [К-Н] / Сост. Лазарь Будагов. СПб.: тип. Имп. АН. 415 с.

Валиханов Ч.Ч., 1985. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии. 458 с.

Вялов О.С., 1934. Колодцы и источники Устюрта. Известия ГГО. Т.6. №1. С.146-176.

Гродеков Н.И., 1883. Хивинский поход 1873 года. Действия кавказских отрядов. Санкт-Петербург: Тип. В.С. Балашова. Издание редакции исторического журнала

«Русская старина». 345+65 с. / http://militera.lib.ru/h/grodekov_ni/09.html (Қаралған күні: 01.04.2025).

Едилхан А.М., 2013. О колодцах Мангыстау. Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. №1. С. 91-108.

Жаңбыршыұлы Т., 2001. Мен айтайын – бабаңнан. Алматы: Үш қиян. 308 б.

Залесский Б., 1991. Қазақ сахарасына саяхат. Алматы: «Өнер» баспасы. 132 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар, атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017. 5 томдық энциклопедия. Т. 3. ҚРМОМ. Алматы: Әлем Даму Интеграция. 845 б.

Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005. Құрастырған: Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. Алматы: Арыс. 824 б.

Карутц Р., 1911. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке / Пер с нем. Е.Петри. СПб.: Издание А.Ф.Девриева. 188 с.

Койчубаев Е., 1974. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана / АН КазССР. Ин-т языкознания. Алма-Ата: Наука. 274 с.

Конкашпаев Г.К., 1963. Словарь казахских географических названий. Алма-Ата: АН.КазССР. 184 с.

Көшімова Б.Ә., 2010. Маңғыстау өңірі жер-су атауларының түсіндірме сөздігі. Алматы: Нұрлы әлем. 238 б.

Леваневский М.А., 1894. Очерки киргизских степей Эмбенского уезда. Вып. IV. Т.1.

Ломакин Н.П., 1873. О полуострове Мангышлаке и путях оттуда в разные пункты Закаспийского края. Записки Кавказского отдела ИРГО. Кн. VIII. Тифлис. С. 1-42.

Маг-Гахан, 1875. Военные действия на Оксусе и падение Хивы. М.: Университетская типография Катков и К. 304 с.

Манылов Ю.П., Юсупов Н.Ю., 1982. Караван-сарай Центрального Устюрта (в пределах Каракалпакской АССР). Советская археология, №1. С.170-182.

Маргулан А.Х., 1949. Древние караванные пути через пустыню Бетпакдала // Вестник Академии наук КазССР. Алматы. С. 68-77.

Махмұд Қашқари., 1997. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік). 3 томдық. Алматы: Хант. 528 б.

Мұқанов С., 1974. Таңдамалы шығармалар. 16 томдық. Т.15. Халық мұрасы. Алматы: Қазақстан. 236 б.

Рычков Н.П., 1772. Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкой степи в 1771 г. СПб. 104 с.

Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков, 1980. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука. 256 с. + 4 карта.

Эверсман Э.А., 1840. Естественная история Оренбурского края. Часть 1. Оренбург: Типография Казанского университета. 413 с.

Reference

Arnol'di M.V., 1885. V Zakaspiyskom krae v 1877 godu. Vospominaniya oficera. [Transcaspian region in 1877. Memories of an officer]. SPb.: Tipografiya Departamenta Udelov. 44 p. [in Russian].

Azhigali S.E., 2015. Aktobe oblysynyn asa kornekti arhitekturalyk eskertkishteri: fotokorme. [Outstanding architectural monuments of Aktobe region: photo exhibition. Scientific information publication]. Gylymi-akparattyk basylym. Almaty-Aktobe. 52 p. [in Kazakh, in Russian].

Belyaevskiy N.A., 1885. Put' ot zaliva Cesarevicha cherez Ust'-Urt do Kungrada. Sbornik geograficheskih, topograficheskih i statisticheskih materialov po Azii. [The route from Tsarevich Bay through Ust-Urt to Kungrad. Collection of geographical, topographic and statistical materials on Asia]. SPb.: Voennaya tipografiya. P. 1-89. [in Russian].

Budagov L.Z., 1871. Sravnitel'nyy slovar' turecko-tatarskih narechiy, so vklyucheniem upotrebitel'neyshih slov arabskih i persidskih i s perevodom na russkiy yazyk. [A comparative dictionary of Turkish-Tatar dialects, including the most common Arabic and Persian words and with a translation into Russian]. V.2. [K-N]. Sost. Lazar' Budagov. SPb.: tip. Imp. AN. 415 p. [in Russian].

Valihanov Ch.Ch., 1985. Sobranie sochineniy v pyati tomah. [Collected works in five volumes]. Tom 4. Alma-Ata: Glavnaya redakciya Kazahskoy sovetskoy yenciklopedii. 458 p. [in Russian].

Vyalov O.S., 1934. Kolodcy i istochniki Ustyurta. [Wells and springs of Ustyurt]. Izvestiya GGO. V. 6. №1. P.146-176. [in Russian].

Grodekov N.I., 1883. Hivinskiy pohod 1873 goda. Deystviya kavkazskih otryadov. [Khiva campaign of 1873. Actions of Caucasian detachments]. Sankt-Peterburg: Tip. V.S. Balashova. Izdanie redakcii istoricheskogo zhurnala «Russkaya starina». 345+65 p. http://militera.lib.ru/h/grodekov_ni/09.html (Date: 01.04.2025). [in Russian].

Edilhan A.M., 2013. O kolodcah Mangystau [About the wells of Mangystau]. Voprosy istorii i arheologii Zapadnogo Kazahstana. №1. P. 91-108. [in Russian].

Zhanbyrshyuly T., 2001. Men aytayyn – babannan [I speak on behalf of the ancestors]. Almaty: Ysh kiyan. 308 p. [in Kazakh].

Zalessky B., 1991. Kyrgyz Saharasyna Sayakhat. [La vie des Steppes Kirghizes, Journey to the Kyrgyz steppe]. Almaty: «Oner» baspasy. 132 p. [in Kazakh, in Russian].

Kazaktyn yetnografiyalyk kategoriyalar, ugymdar, ataularynyn dastyrli zhyyesi [The Traditional system of ethnographical categories conceptions and designations of Kazakhs. Encyclopedia], 2017. 5 tomdyk yenciklopediya. V. 3, KRMOM. Almaty: Alem Damu Ingegraciya. 845 p. [in Kazakh].

Kazak tilinin aymaktyk sozdigi [Regional dictionary of the Kazakh language], 2005. Kurastyrgan: G.Kaliev, O.Nakysbekov, Sh.Sarybaev, A.Uderbaev zhane t.b. Almaty: Arys. 824 p. [in Kazakh].

Karutc R., 1911. Sredi kirgizov i turkmenov na Mangyshlake. Per s nem. E. Petri [Among the Kyrgyz and Turkmens in Mangyshlak. Translated from German by E. Petri]. SPb.: Izdanie A.F. Devrieva. 188 p. [in Russian].

Koychubaev E., 1974. Kratkiy tolkovyy slovar' toponimov Kazahstana [Brief explanatory dictionary of toponyms of Kazakhstan]. AN KazSSR. In-t yazykoznaniya. Alma-Ata: Nauka. 274 p [in Russian].

Konkashpaev G.K., 1963. Slovar' kazahskih geograficheskih nazvaniy [Dictionary of Kazakh geographical names]. Alma-Ata: AN.KazSSR. 184 p. [in Russian].

Koshimova B.A., 2010. Mangystau oniri zher-su ataularyn tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of place names of the Mangystau region]. Almaty: Nurly Alem. 238 p. [in Kazakh].

Levanevskiy M.A., 1894. Ocherki kirgizskih stepey Yembenskogo uezda. [Essays on the Kyrgyz steppes of the Embensky district]. Vyp. IV. V.1. [in Russian].

Lomakin N.P., 1873. O poluostrove Mangyshlake i putyah ottuda v raznye punkty Zakaspiyskago kraya. [About the Mangyshlak Peninsula and the routes from there to various points in the Trans-Caspian region]. Zapiski Kavkazskago otdela IRGO. Kn. VIII. Tiflis. P. 1-42. [in Russian].

Mag-Gahan, 1875. Voennye deystviya na Oksuse i padenie Hivy. [Military operations on the Oxus and the fall of Khiva]. Moscow: Universitetskaya tipografiya Katkov i K. 304 p. [in Russian].

Manylov Yu.P., Yusupov N.Yu., 1982. Caravanserai Tsentralnogo Ustyurta (v predelah Karakalpak ASSR) [Caravanserai of Central Ustyurt (within the Karakalpak ASSR)]. Soviet archaeology. No. 1. P. 170-182. [in Russian].

Margulan A.Kh., 1949. Drevnie karavannye puti cherez pustynyu Betpakdala [Ancient caravan routes through the Betpak-Dala desert]. Vestnik Akademii nauk KazSSR. Almaty. P. 68-77. [in Russian].

Mahmud Kashkari, 1997. Tyrik tilinin sozdigi (Diuani lugat-it-tyrik) [Dictionary of Turkic dialects]. 3 tomdyk. Almaty: Hant. 528 p. [in Kazakh].

Mukanov S., 1974. Tandamaly shygarmalar. [Collection of works] 16 tomdyk. Vol.15. Halyk murasy. Almaty: Kazakstan. 236 p. [in Kazakh].

Rychkov N.P., 1772. Dnevnye zapiski puteshestviya kapitana Nikolaya Rychkova v kirgiz-kajsackoj stepi v 1771 g. [Daily notes of the journey of captain Nikolai Rychkov in the Kyrgyz-Kaisak steppe in 1771]. SPb. 104 p. [in Russian].

Hozyaystvo kazahov na rubezhe XIX-XX vekov, 1980. Materialy k istoriko-yetnograficheskomu atlasu [Economy of the Kazakhs at the turn of the 19th-20th centuries. Materials for the historical and ethnographic atlas]. Alma-Ata: Nauka. 256 p. + 4 karta. [in Russian].

Yeversman Ye.A., 1840. Estestvennaya istoriya Orenburskogo kraya [Natural history of the Orenburg region]. Volume 1. Orenburg. 413 p. [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Картаева Тәттігүл, тарих ғылымдарының кандидаты, Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, әл-Фараби даңғ., 71, Алматы, Қазақстан Республикасы.

Scopus Author ID: 56509526900

Әшімова Салтанат, ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығы директорының орынбасары, Қабанбай батыр көш., 94, Алматы, Қазақстан Республикасы.

Scopus Author ID: 58347664000

Information about authors:

Kartaeva Tattigul, Candidate of Historical Sciences, Professor, Department of Archaeology, Ethnology and Museology, Al-Farabi Kazakh National University, 71 al-Farabi Ave., Almaty, Republic of Kazakhstan.

Scopus Author ID: 56509526900

Ashimova Saltanat, Deputy Director, International Centre for the Rapprochement of Cultures under the auspices of UNESCO, 94 Kabanbai Batyr Str., Almaty, Republic of Kazakhstan.

Scopus Author ID: 58347664000

Сведения об авторах:

Картаева Таттигул, кандидат исторических наук, профессор кафедры археологии, этнологии и музеологии, КазНУ имени аль-Фараби, пр. аль-Фараби, 71, Алматы, Республика Казахстан.

Scopus Author ID: 56509526900

Ашимова Салтанат, заместитель директора, Центр сближения культур под эгидой ЮНЕСКО, ул. Кабанбай батыра, 94, Алматы, Республика Казахстан.
Scopus Author ID: 58347664000

Авторлық үлес:
Т. Картаева Арал-Каспий аймағының керуен-қоныс жолдары бойындағы қоныстар мен құдықтарға қатысты зерттеудің жалпы тұжырымдамасын, мақсатын және методологиясын әзірледі; материалды талдады.
С. Ашимова эмпирикалық материалды өңдеп, талдау жасап, оның мағыналары мен аймақтың керуен жолдарындағы құдықтардың қалыптасу ерекшеліктерін интерпретациялады.

Author contributions:
T. Kartayeva developed the overall concept, research objective, and methodology for the study related to settlements and wells along the caravan–nomadic routes of the Aral-Caspian region, and conducted an analysis of the material.
S. Ashimova processed, analyzed, and interpreted the empirical data, revealing the significance and specific features of the formation of wells along the caravan routes of the region.

Вклад авторов:
Т. Картаева разработала общую концепцию, цель и методологию исследования, связанного с поселениями и колодцами вдоль караванно-кочевых машрутов Арало-Каспийского региона; сделала анализ материала.
С. Ашимова сделала обработку, анализ и интерпретацию эмпирического материала, раскрывающие значения и особенности формирования колодцев на караванных маршрутах региона.

CC BY NC

Мүдделер қақтығысы:
Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.
Конфликт интересов.
Нет конфликта интересов, связанного со статьей.
Conflict of Interest.
There is no conflict of interest related to this article.

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Turkic Studies Journal 3 (2025) 106-126

Journal homepage: https:tsj.enu.kz

Article

The formation of native land imagery in traditional Kazakh society: On the example of historical toponyms of Western Kazakhstan[1]

G.B. Khabizhanova[a], *G.I. Mensitova[b]

[a]*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan*
ORCID: 0000-0003-4997-5215
(E-mail: gulnara02011966@mail.ru)
[b]*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan*
ORCID: 0000-0003-3232-0749
(E-mail: mensitova.kaznu@gmail.com)
**Corresponding author: mensitova.kaznu@gmail.com*

ARTICLE INFO

Keywords:
Western Kazakhstan, Zhaiyk, Mangystau, toponyms, onomastics, sacred space, ethnic history, folklore, migration, culture.

IRSTI 03.20

DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-3-106-126

ABSTRACT

The article is devoted to the study of elements of the toponymic system of Western Kazakhstan in the context of the processes of territorial identification and the construction of images of the native land in traditional Kazakh society. The toponyms Zhaiyk and Mangistau played a key role in the history and culture of the Kazakh clans that were part of the Junior Zhuz. The region of Western Kazakhstan was not only a traditional place of nomadic settlement but also an important center of economic activity and cultural interaction.

The article examines the ethnic and historical-cultural aspects of the etymology of these toponyms, their connection with tribal migrations, and their role in the processes of forming the ethnic identity of the Kazakhs. Data from written sources, folklore, and historiographic analysis of scholarly literature reveal the marking role of toponymy in the western region of Kazakhstan – as indicators of ethnic boundaries, as a center of ethnic processes that took place here, and as evidence of interactions between individual groups of nomads from ancient times to the Middle Ages.

In the article, the authors employ interdisciplinary methods, including toponymic analysis, historical-comparative, ideographic, and historical-typological approaches. The theoretical framework for the study of toponyms is based on the concepts of “toponymic space,” the historical and cultural landscape, and territorial identity.

The results of the research indicate that since ancient times, the modern territory of Western Kazakhstan has been a region of settlement for nomadic tribes, who developed it economically over thousands of years and filled the space with sacred meanings and mental categories. In this way, a “toponymic picture of the world” was created – closely

[1] This research has been funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP23488984 «Medieval toponymy in the aspect of the formation of the ethnic territory of the Kazakh people»)

© G.B. Khabizhanova, G.I. Mensitova, 2025

linked not only to economic development but also to the parallel processes of the formation of ethnic consciousness among the Sarmatian-Massaget, Oghuz, and Kipchak ethnic communities. The “toponymic space” conceptualized by nomads can be understood as a description of their world, embodied in place names that have become ethnic symbols in the development of the territorial identity of an entire people.

Г.Б. Хабижанова[a]
[a]*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы*
ORCID: 0000-0003-4997-5215
(E-mail: gulnara02011966@mail.ru)

***Г.И. Менситова**[b]
[b]*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы*
ORCID: 0000-0003-3232-0749
(E-mail: mensitova.kaznu@gmail.com)
*Байланыс үшін автор mensitova.kaznu@gmail.com

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы туған жер бейнесінің қалыптасуы: Батыс Қазақстанның тарихи топонимдері мысалында

Аннотация. Мақала Батыс Қазақстанның топонимикалық жүйесінің элементтерін дәстүрлі қазақ қоғамындағы туған жер бейнесінің құрылымы мен аумағын анықтау процестерін зерттеу тұрғысында қарастыруға арналған. Жайық және Маңғыстау топонимдері Кіші жүз құрамындағы қазақ руларының тарихы мен мәдениетінде шешуші рөл атқарған. Батыс Қазақстан өңірі көшпенділердің дәстүрлі қоныстанған орны ғана емес, сонымен бірге экономикалық қызмет пен мәдени өзара әрекеттесудің маңызды орталығы болды. Мақалада топонимдердің этимологиясының этникалық және тарихи-мәдени аспектілері, олардың тайпалардың қоныс аударуымен байланысы және қазақтардың этникалық болмысының қалыптасу процестері қарастырылады. Батыс Қазақстанның белгілі топонимикасын талдау мысалында рулық аумақтарды қалыптастыру, шаруашылық байланыстар және этносаралық өзара іс-қимыл сияқты тарихи процестерді зерделеу үшін маңызды мәселелер қарастырылады. Жазба деректер, фольклор, ғылыми әдебиеттердің тарихнамалық талдауы Қазақстанның батыс өңірі топонимикасының этникалық шекаралар ретіндегі, осында өткен этникалық процестердің, ежелгі дәуірден бастап орта ғасырдағы көшпенділердің жекелеген топтары арасындағы өзара іс-қимылдардың орталықтары ретіндегі таңбалаушы рөлін көрсетеді. Мақалада пәнаралық зерттеу әдістері пайдаланылады, оның ішінде: географиялық атаулардың шығу тегі мен семантикасын зерттеу үшін топонимикалық талдау; жазбаша

Received 19 April 2025. Revised 24 May 2025. Accepted 05 August 2025. Available online 30 September 2025.

For citation: G.B. Khabizhanova, G.I. Mensitova The formation of native land imagery in traditional Kazakh society: On the example of historical toponyms of Western Kazakhstan // Turkic Studies Journal. 2025. Vol. 7. No 3. P. 106-126. DOI:http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-3-106-126

дереккөздер мен этнографиялық материалдардың деректерін салыстыру үшін тарихи-салыстырмалы әдіс; аумақты игерудің тарихи сипатын зерделеуге, қоныстандыру аймақтары мен көші-қон бағыттарын айқындауға арналған тарихи-типологиялық әдіс; оқиғалар мен кеңістіктің мәдени дамуының сипатын белгілеу үшін жүйелік талдау және тарихи қайта құру әдісі; объектіні тарихи-мәдени феномен ретінде сипаттауға арналған идеографиялық әдіс. Топонимдерді зерделеудің теориялық тәсілі «топономастикалық кеңістік» тұжырымдамасына, тарихи-мәдени ландшафт, аумақтық ұқсастық ұғымдарына негізделеді.

Зерттеу нәтижесінде ежелгі дәуірден бастап Батыс Қазақстанның қазіргі аумағы көшпенді тайпалардың қоныстану аймағы болғаны, оны мыңдаған жылдар бойы экономикалық тұрғыдан игеріп, кеңістікті ментальді категориялардың қасиетті мағыналарымен толтырды деген қорытындыға келеді. Осылай, экономикалық дамумен ғана емес, сонымен қатар сармат-массагет, оғыз, қыпшақ этникалық қауымдастықтары арасындағы этникалық сананың қалыптасуының параллель процестерімен тығыз байланысты «дүниенің топонимикалық суреті» жасалды. Уақыт өте келе бір-бірімен тілдік, экономикалық және мәдени жағынан жақын этникалық топтар тарихи қалыптасқан этномәдени кеңістіктің құрылысын көрсететін осы топонимдердің атауын мұқият сақтап қалды. Көшпенділердің көзқарасы бойынша құрылған "топономастикалық кеңістік" бүкіл халықтың аумақтық бірегейлігі ұғымының қалыптасуында этникалық белгілерге айналған атауларда бейнеленген олардың әлемін сипаттауды білдіреді.

Кілт сөздер: Батыс Қазақстан, Жайық, Маңғыстау, топонимика, ономастика, сакралды кеңістік, этникалық тарих, фольклор, көші-қон, мәдениет.

Г.Б. Хабижанова[a]
[a]*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан*
ORCID: 0000-0003-4997-5215
(E-mail: gulnara02011966@mail.ru)

***Г.И. Менситова**[b]
[b]*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан*
ORCID: 0000-0003-3232-0749
(E-mail: mensitova.kaznu@gmail.com)
*Автор для корреспонденции mensitova.kaznu@gmail.com

Формирование образов родной земли в традиционном казахском обществе: на примере исторических топонимов Западного Казахстана

Аннотация. Статья посвящена изучению элементов топонимической системы Западного Казахстана в контексте исследования процессов идентификации территории и конструирования образов родной земли в традиционном казахском обществе. Топонимы Жайык и Мангистау играли ключевую роль в истории и культуре казахских родов, входящих в состав Младшего жуза. Регион Западного Казахстана был не только местом традиционного расселения кочевников, но и важным центром хозяйственной деятельности и культурного взаимодействия. В статье рассматриваются этнические и историко-культурные аспекты этимологии топонимов, их связь с миграциями племен

и процессами формирования этнической идентичности казахов. На примере анализа знаковой топонимики Западного Казахстана рассмотрена постановка проблемы таких важных для изучения исторических процессов вопросов, как формирование родовых территорий, хозяйственные связи и межэтническое взаимодействие. Данные письменных источников, фольклора, историографический анализ научной литературы показывает маркирующую роль топонимики западного региона Казахстана как этнических границ, как средоточия проходивших здесь этнических процессов, взаимодействий между отдельными группами кочевников с эпохи древности и в средневековье. В работе используются междисциплинарные методы исследования, включая: топонимический анализ для изучения происхождения и семантики географических названий; историко-сравнительный метод для сопоставления данных письменных источников и этнографических материалов; историко-типологический метод для изучения исторического характера освоения территории, определения ареалов расселения и маршрутов миграции; системный анализ и метод исторической реконструкции для установления событий и характера культурного освоения; идеографический метод для описания объекта как историко-культурного феномена. Теоретический подход к изучению топонимов основывается на концепциях «топономастического пространства», понятиях историко-культурного ландшафта, территориальной идентичности.

В результате проведенного исследования сделан вывод о том, что с глубокой древности современная территория Западного Казахстана была регионом расселения кочевых племен, осваивавших его экономически в течение тысячелетий и наполнявших пространство сакральными смыслами ментальных категорий. Так создавалась «топонимическая картина мира», тесно связанная не только хозяйственным освоением, но и шедшими параллельно в среде сармато-массагетских, огузских, кыпчакских этнических общностей процессов формирования этнического сознания. Сменявшие друг друга во времени родственные в языковом и близкие в хозяйственно-культурном плане этнические группы бережно сохраняли название данных топонимов, отражавших таким образом, конструирование исторически сложившегося этнокультурного пространства. Созданное в представлении кочевников «топономастическое пространство» означает не что иное как описание их мира, воплощенное в названиях, ставших этническими символами в становлении понятия территориальной идентичности целого народа.

Ключевые слова: Западный Казахстан, Жайык, Мангыстау, топонимика, ономастика, сакральное пространство, этническая история, фольклор, миграция, культура.

Introduction

Toponymy is one of the important types of historical sources. As a rule, natural objects provide researchers with information of various nature, from economic and household, to bioresource, ethnic, spiritual and sacred. Place names reflect the various historical circumstances and events in which they were created and transformed over time. Toponymy is the study of the origins, meanings, formation, and changes of place names. It is closely connected with linguistics, history, and historical geography. From a linguistic standpoint, toponymy provides essential material for the history of language, word formation, and historical lexicology. As an auxiliary science for history and historical geography, it offers

valuable information for studying the settlement of regions, migration processes, ethnic boundaries, and different types of settlements. Toponymic data are an indispensable resource for exploring the history of specific areas, the development of their economies, settlement patterns, and historical-geographical feature. Arising in certain historical periods and recorded in historical sources and folk tales, geographical names were chronological evidence of historical events. Toponyms can change over time: wars, population migrations, and ethnic contacts have left their mark on toponymy. Each historical era left its memory in the form of new names for natural objects. Toponyms arose under specific historical conditions, and their origins are closely connected with the social life and languages of the peoples who inhabited particular lands. In some instances, monuments of material culture have played a significant role in the formation of toponyms, and their study reveals the connection between toponymy and architecture. As a historical source, toponymy not only serves as a means of understanding the past but also represents a crucial element of cultural heritage.

In revealing the source meaning of toponymy, it should be noted that toponyms, as is well known, are a type of sign of geographical space, and in this context, the historical potential of toponyms has not yet been widely utilized in historical research. In this regard, studying the development of space by nomads through the analysis of topographic objects appears to be a promising direction. The examination of such issues as the nature and features of geospace development by ethnic groups in the course of historical processes, as well as questions concerning the ethnic history of individual regions – particularly those related to the study of ethnotoponymy using the methods and findings of related fields of historical research – can enable us to reach a new level in addressing the aforementioned problems. Thus, the aim of this article is to explore the processes of constructing ethnic and territorial identity through the analysis of the symbolic toponymy of Western Kazakhstan.

From a theoretical perspective, the concept of "toponomastic space," introduced into scholarly discourse by the eminent linguist V.N. Toporov (Toporov, 1969: 31-50), allows the term to be filled with meaning and understood as the spatial representations of individual ethnic communities, shaped in accordance with the cultural values they invest during the active cognition of this space.

In this way, a distinct – often regionally specific – "onomastic space" is created and formed, which essentially reflects the modern concept of territorial identity (Guboglo, 2003; Zamyatin, 2004). The transmission of ethnocultural and territorial identity takes place through the spiritualization and sacralization of the "toponomastic space." In this sense, the toponyms examined in the present study emerge as onomastic dominants of territorial identity.

Materials and Methods

The methodological basis of the study is general scientific methods and special techniques of historical and related sciences. To achieve the goal of the study, the following methods and methodological techniques were used:

1) Toponymic analysis to study the origin and semantics of geographical names;

2) Historical-comparative method to compare data from written sources and ethnographic materials;

3) Historical-typological method to study the historical nature of the development of the territory, determining the areas of settlement and migration routes;

Qazaq anderi [Kazakh songs], 1963. Sh. Muhamedzhanovtin redaktorlygymen [Edited by Sh. Mukhamedzhanov]. Almaty: Qazaqtin memlekettik korkem adebiet baspasy. 359 p. [in Kazakh].

Qazaq anderi [Kazakh songs], 1968. A. Shalabaevanyn redaktorlygymen [Under the editorship of A. Shalabaeva]. Almaty: Zhazushy. Volume II. 191 p. [in Kazakh].

Qazaq anderi [Kazakh songs], 2011. Qurastyrgan B.Zh. Zhusupova [Compiled by B.Zh. Zhusupova]. Astana: Koshpendiler. 704 p. [in Kazakh].

Qazaq anderinin antologiyasy [Anthology of Kazakh songs], 1990. Qurastyrgan Zh. Karmenov [Compiled by Zh. Karmenov]. 2 volumes. Volume 1. Almaty: Oner. 336 p. [in Kazakh].

Qazaq anderi: an teksterinin zhinagy [Kazakh songs: a collection of lyrics], 1961. Qurast., red. qaragan N. Shakenov [Compiled and edited by N. Shakenov]. Almaty: Qazaqtin memlekettik korkem adebiet baspasy. 246 p. [in Kazakh].

Majchekin M., 1959. Aqan seri Qoramsauly anderi [Songs of Akan seri Koramsauly]. Almaty: Qazaqtin memlekettik korkem adebiet baspasy. 50 p. [in Kazakh].

Tashenuly K., 2002. Zhyrlar men syrlar [Songs and secrets]. Almaty: Orkeniet. 248 p. [in Kazakh].

Turgynbekuly S., 2006. Aqan seri – Balkadisha. Lirikalyq poema [Akan seri-Balkadisha. Lyric poem.]. Astana. 68 p. [in Kazakh].

Habdulina M.K., 1994. Stepnoe Priishim'e v epohu rannego zheleza [Steppe Priishimye in the Early Iron Age]. Almaty: Rakurs. 170 p. [in Russian].

Haruzin N.N., 1896. Istoriya razvitiya zhilishcha u kochevyh i polukochevyh tyurkskih i mongol'skih narodnostej Rossii [The history of housing development among the nomadic and semi-nomadic Turkic and Mongolian peoples of Russia]. Moscow: T-vo skoropechatni A.A. Levenson. 124 p. [in Russian].

Hasenov S.O., 2024. Zhigittin padishasy [The guy's Padishah]. Kokshetau: Mir pechati. 248 p. [in Kazakh].

Horga arnalgan shygarmalar: a kapella [Works for choir: a chapel], 1973. Qurastyrgandar A. Molodov, G.Ahmetova [[Compiled by A.Molodov, G.Ahmetova]. Almaty: Zhazushy. 96 p. [in Kazakh].

Shne V.K., 1894. Zimovki i drugie postoyannye sooruzheniya kochevnikov Akmolinskoj oblasti [Wintering grounds and other permanent structures of nomads of Akmola region]. Zapiski Zap.-Sib. otdela RGO. Vol. XVII. Issue I. Omsk. 18 p. [in Russian].

Aqan seri tangdamaly olengderi [Selected poems of Akan seri], 1935. Çinap baspaga dayindagan Saken [Collected and prepared for publication by Saken]. Almaty: Qazaqstan korkem adebijet baspasy [Publishing house of fiction of Kazakhstan]. 87 p. [in Kazakh].

Mūqanov S., 1941. Mening mektepterim. Birinshi bolim [My schools. The first part]. Alma-Ata: Qazaqstan LKÇS Ortaliq komitetinin komsomol baspasy [Publishing House of the Central

Committee of the Komsomol of the Leninist Communist Youth Union of Kazakhstan]. 212 p. [in Kazakh].

Information about authors:

Gizzatov Sayalbek, Candidate of Historical Sciences, Professor at the Higher School of Arts and Humanities, Astana International University, 8 Kabanbai Batyr Ave., Astana, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 58937935600

Duysenbay Daniyar, MA, Head of the Laboratory of Primary processing of Archaeological materials, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Researcher, Akmola Regional Museum of Local Lore, 54 Tauelsizdik Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 57192670022

Kassenali Aybar, PhD, Researcher, Center for Research and Preservation of Cultural Heritage, 11 Sh. Kaldayakov Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 55963359900

Авторлар туралы мәлімет:

Гиззатов Саялбек, тарих ғылымдарының кандидаты, Өнер және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің профессоры, Астана халықаралық университеті, Қабанбай батыр даңғ., 8, Астана, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 58937935600

Дүйсенбай Данияр, магистр, археологиялық материалдарды алғашқы өңдеу зертханасының басшысы, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Ғылыми қызметкер, Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі, Тәуелсіздік көш., 54, Астана, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 57192670022

Қасенәлі Айбар, PhD, ғылыми қызметкер, Мәдени мұраны зерттеу және сақтау орталығы, Ш. Қалдаяқов көш., 11, Астана, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 55963359900

Сведения об авторах:

Гиззатов Саялбек, кандидат исторических наук, профессор Высшей школы искусства и гуманитарных наук, Международный университет Астана, пр. Кабанбай батыра, 8, Астана, Республика Казахстан.

Scopus ID: 58937935600

Дуйсенбай Данияр, магистр, руководитель лабораторией первичной обработки археологических материалов, Национальный музей Республики Казахстан, научный сотрудник, Акмолинский областной историко-краеведческий музей, ул. Тауелсиздик, 54, Астана, Республика Казахстан.

Scopus ID: 57192670022

Касенали Айбар, PhD, научный сотрудник, Центр по изучению и сохранению культурного наследия, ул. Ш.Калдаякова, 11, Астана, Республика Казахстан.
Scopus ID: 55963359900

Author contribution:

S.M. Gizzatov analyzed archival materials, supervised field expeditions, and prepared the conceptual and methodological sections of the article.

D.B. Duisenbay conducted the initial processing of archaeological materials, identified and described the historical and archaeological sites associated with the places where Balkadisha lived, and examined the burial area.

A.Ye. Kassenali carried out a textological and analysis of the changes in the song's text and systematized the cultural and historical material.

Авторлық үлес:

С.М. Гиззатов архивтік материалдарды талдады, далалық экспедицияларды басқарды, мақаланың концептуалды және методологиялық бөліктерін даярлады.

Д.Б. Дүйсенбай археологиялық материалдарды бастапқы өңдеуден өткізді, Балкадиша өмір сүрген орындарға қатысты тарихи-археологиялық ескерткіштерді анықтап, сипаттады, қорым аумағын зерттеді.

А.Е. Касеналы ән мәтініндегі өзгерістерді текстологиялық және аналитикалық тұрғыдан талдады, мәдени-тарихи материалдарды жүйеледі.

Вклад авторов:

С.М. Гиззатов проанализировал архивные материалы, руководил полевыми экспедициями, подготовил концептуальную и методологическую части статьи.

Д.Б. Дуйсенбай провел первичную обработку археологических материалов, выявил и описал историко-археологические памятники, связанные с местами, где жила Балкадиша, исследовал территорию захоронения.

А.Е. Касеналы провел текстологический и аналитический анализ изменений в тексте песни, систематизировал культурно-исторический материал.

Conflict of Interest.
There is no conflict of interest related to this article.
Мүдделер қақтығысы:
Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.
Конфликт интересов.
Нет конфликта интересов, связанного со статьей.

Turkic Studies Journal 3 (2025) 147-165
Journal homepage: https:tsj.enu.kz

Turkic languages / Түркі тілдері / Тюркские языки

Article

Қытайдағы қазақтар тіліндегі топикализация стратегиялары

А. Әбіш

Орталық Ұлттар Университеті, Бейжің, Қытай
ORCID: 0009-0008-8217-1538
(E-mail: aynurabish@muc.edu.cn)

ARTICLE INFO

Кілт сөздер: *ақпараттық құрылым, тақырып-түсініктеме, топикализация, топикализация стратегиялары, сөйлем деңгейіндегі топикализация, Орхон көне түркі тілі, ескі ұйғыр тілі, салыстырмалы грамматика, Қытайдағы қазақтар тілі.*

ХҒТАМР 16.21.43

DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-3-147-165

АННОТАЦИЯ

Мақала түркі тілдерінде аз зерттелген топикализация немесе тақырып/ремалық («рема» – «комментарий» ұғымын білдіреді) бағытты зерттеуге арналған. Топикализация мәтінді лингвистикалық талдаудың бір тәсілі ретінде көптеген тілдерде, соның ішінде түркі тілдерінде де қолданылады. Мақалада Қытайда тұратын қазақтардың сөйлем құрылымындағы топикализация мәселесі жан-жақты қарастырылады. Топикализация – тыңдаушы мен оқырманның назарын белгілі бір компонентке аудару және ақпаратты ұйымдастыру үшін сөйлемнің жекелеген бөліктерін айқындайтын маңызды лингвистикалық құбылыс болып табылады.

Зерттеу барысында автор қазақ тіліндегі топикализация маркерлерін анықтайды: грамматикалық маркерлер (сөз тәртібінің өзгеруі, арнайы демеуліктер), просодикалық маркерлер (интонация, үзіліс) және синтаксистік маркерлер (солға қарай ығысу, постпредикаттық топик).

Түркі тілдеріндегі сөйлем құрылымында топикализация маркерлерінің маңызын ашу үшін автор бұл құбылысты тарихи көне түркі тілдері (Орхон руникалық және көне ұйғыр жазбалары) мен қазіргі түркі тілдері (түрік және ұйғыр) негізінде қарастырады. Автор Қытайдағы қазақтардың тілдік жүйесіне қытай, ұйғыр және басқа да тілдердің әсер ететінін атап өтеді. Сондықтан Қытайдағы қазақтардың тіліндегі топикализация маркерлерін ұйғыр, қытай және қазіргі қазақ тілдерімен салыстырмалы түрде талдайды.

Мақалада морфосинтаксистік тәсілдер арқылы топикті білдіру жолдары мен топик шегін айқындаудағы просодикалық маркерлердің рөлі және ‘үоу’, ‘wözį’, ‘bolsa’, ‘degen’ сынды грамматикалық маркерлер арқылы топикализацияның көрінісі жан-жақты қарастырылған. Сондай-ақ, «тақырып-комментарий» құрылымдары да талданып, дискурстағы топик маркерлерінің прагматикалық қызметі сипатталған.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес Қытайдағы қазақ тілі мен Қазақстандағы қазақ тілінің арасында аздаған айырмашылықтар да бар екенін, олардың негізінен синтаксистік құрылымдар мен просодикалық

© А. Әбіш, 2025

бірліктерге қатысты байланысы бар екенін көрсетті. Просодикалық тұрғыда қазақ тіліндегі топик маркерлері интонация мен үзіліс арқылы көрініс табады, бұл барлық түркі тілдеріне тән типологиялық көрсеткіш болып табылады.

Постпредикаттық топикализация жүйелі сипатқа ие емес. Бір сөйлемде бірнеше топик маркерленуі мүмкін, бірақ бұл қатаң грамматикалық ереже болып саналмайды.

Зерттеу барысында ұзақ мерзімді тілдік байланыстардың нәтижесінде Қытайдағы қазақ тілінде кейбір байланыс әсерлері қалыптасқан, алайда оның негізгі грамматикалық жүйесі стандартты қазақ тіліне жақын күйінде сақталғаны да анықталды. Бұл зерттеу Қытайдағы қазақ тілі ерекшеліктерін түсінуге және түркі тілдеріндегі ақпараттық құрылымды зерделеуге елеулі үлес қосары сөзсіз.

A. Abish
Minzu University of China, Beijing, China
ORCID: 0009-0008-8217-1538
(E-mail: aynurabish@muc.edu.cn)

Topicalization strategies in the language of Kazakhs in China

Abstract. This paper focuses on the unstudied phenomenon of topicalization – or the theme-rheme structure (with “rheme” is understood as “comment”) – in Turkic languages. Topicalization, used in many languages including Turkic, is examined here in the sentence structure of Kazakh as spoken by Kazakhs in China. It is a linguistic phenomenon that highlights specific sentence components to structure information and guide the listener’s or reader’s attention.

The research identifies topicalization markers in Kazakh as including grammatical markers (changes in word order, special particles), prosodic markers (intonation, pauses), and syntactic markers (left dislocation, post-predicate topic).

The author demonstrates the significance of topicalization markers in the structure of Turkic sentences by analyzing them in both historical Old Turkic languages (Orkhon runic and Old Uyghur) and in modern Turkic languages (Turkish and Uyghur). It is noted that, in the context of living in a foreign-language environment, the Kazakh language in China has been influenced by Chinese, Uyghur, and other languages. Particular attention is therefore devoted to a comparative analysis of topicalization markers in the Kazakh spoken in China with those in Uyghur, Chinese, and Standard Kazakh.

The article thoroughly analyzes the morphosyntactic means of expressing topics, the role of prosodic markers in determining topic boundaries, and the manifestation of topicalization through grammatical markers such as ‘ɣoy’, ‘wözi̯’,‘bolsa’, and ‘degen’. It also examines theme-comment structures and describes the pragmatic functions of topic markers in discourse.

Received 01 April 2025. Revised 05 May 2025. Accepted 20 August 2025. Available online 30 September 2025.

Дәйексөз үшін: А. Әбіш Қытайдағы қазақтар тіліндегі топикализация стратегиялары // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. № 3. 147-165 б. DOI: ttp://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-3-147-165

For citation: A. Abish Topicalization strategies in the language of Kazakhs in China // Turkic Studies Journal. 2025. Vol. 7. No 3. P. 147-165. DOI:http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-3-147-165

The findings show minor differences between the Kazakh spoken in China and in Kazakhstan, mainly in syntax and prosody. In Kazakh, topic markers are conveyed through intonation and pauses – a typological feature shared by Turkic languages in general and Kazakh in particular. Post-predicate topicalisation is not systematic. Although multiple topics can be marked in a single sentence, this is not a strict grammatical rule.

The study revealed that, as a result of prolonged language contact between Kazakh in China and other languages, some contact influences have developed, but its basic grammatical system remains close to standard Kazakh. This study sheds light on the peculiarities of Kazakh in China and contributes to the study of the information structure of Turkic languages.

Keywords: Information structure, theme-comment, topicalization, topicalization strategies, sentence-level topicalization, topicalization markers, Orkhon-Old Turkic, Old Uyghur, comparative grammar, Kazakh language in China.

А. Абиш
Центральный университет национальностей, Пекин, Китай
ORCID: 0009-0008-8217-1538
(E-mail: aynurabish@muc.edu.cn)

Стратегии топикализации в языке казахов Китая

Аннотация. Статья посвящена малоизученной в тюркских языках топикализации или тема/рематическому («рема» подразумевает «комментарий») направлению в синтаксисе. Топикализация как лингвистический анализ текста используется во многих языках, в том числе в тюркских языках. В статье исследуется топикализация в структуре предложения казахов, проживающих в Китае. Топикализация – важное лингвистическое явление, где выделяются отдельные компоненты предложения для организации информации и направления внимания, слушающего и читающего. В процессе исследования автором выявлено, что маркерами топикализации в казахском языке являются: грамматические единицы (изменение порядка слов, специальные частицы), просодические (интонация, паузы) и синтаксические маркеры (левосторонняя дислокация, постпредикатный топик).

Чтобы раскрыть значимость маркеров топикализации в структуре тюркского предложения, автор статьи раскрывает их в исторических древних тюркских языках (орхонском руническом и древнеуйгурском) и в современных тюркских языках (турецком и уйгурском). Автор отмечает, что в условиях иноязычного проживания казахов Китая на систему казахского языка влияние оказывают китайский, уйгурский и другие языки. Поэтому особое внимание уделяется сравнительному анализу маркеров топикализации языка казахов Китая с уйгурским, китайским языками, со стандартным казахским языком.

В статье достаточно подробно рассмотрены морфосинтаксические способы выражения топика, роль просодических маркеров в определении границ топика и проявление топикализации через грамматические маркеры γoy, wözi, bolsa, degen. Также изучены структуры топик-комментариев и описаны прагматические функции маркеров топика в дискурсе.

Результаты исследования показывают, что есть небольшие различия между языком казахов в Китае и в Казахстане, в целом это касается синтаксических конструкций и

просодических единиц. В просодическом контексте маркеры топика в казахском языке проявляются через интонацию и паузы, что является типологическим показателем для всех тюркских языков в целом и казахского языка, в частности.

Постпредикатная топикализация не носит системного характера. Множественные топики могут маркироваться в одном предложении, но это не является строгим грамматическим правилом.

В процессе исследования выяснилось, что в результате продолжительных языковых контактов в казахском языке в Китае с другими языками сложились некоторые контактные влияния, однако его основная грамматическая система остается близкой стандартному казахскому языку. Данное исследование способствует пониманию особенностей казахского языка в Китае и изучению информационной структуры тюркских языков.

Ключевые слова: информационная структура, тема-комментарий, топикализация, стратегии топикализации, топикализация на уровне предложений, маркеры топикализации, орхоно-древнетюркский, древнеуйгурский, сравнительная грамматика, казахский язык в Китае.

Кіріспе

Қазіргі тіл білімінде ақпарат құрылымы (information structure) және топикализация (topicalization) мәселелері кеңінен зерттеліп келеді. Бұл құбылыстардың маңызы сөйлемдегі белгілі бір элементтің басымдыққа ие болуын, яғни айтылымның құрылымдық және прагматикалық ұйымдасуын түсіндіруде ерекше орын алады.

Топикализация – сөйлемдегі ақпараттың реттілігі мен ұйымдасуына әсер ететін негізгі механизмдердің бірі. Ол түрлі тілдерде грамматикалық, синтаксистік және просодикалық маркерлер арқылы көрініс табады. Түркі тілдерінде топикализация көбінесе сөз тәртібі, интонация ерекшеліктері және арнайы демеуліктер арқылы жүзеге асады.

Қазақ тілінде топикализация арнайы грамматикалық категория ретінде қарастырылмаса да, сөйлемдегі сөздердің орналасу реті мен белгілі бір компоненттің ақпараттық маңыздылығын көрсету тәсілдері арқылы көрінеді. Алайда, Қытайдағы қазақтар тіліндегі топикализация мәселесі арнайы зерттелмеген және оның стандартты қазақ тілімен, сондай-ақ байланыс тілдері – ұйғыр және қытай тілдерімен қатынасындағы ерекшеліктері белгісіз күйде қалып отыр.

Осы зерттеу Қытайдағы қазақтар тіліндегі топикализация стратегияларын анықтап, олардың стандартты қазақ тілімен және байланыс тілдерімен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдауға бағытталған.

Материалдар және зерттеу әдістері

Зерттеу материалы ретінде Қытайдағы қазақтар тілінде айтылған және жазылған мәтіндер, ауызекі сөйлеу үлгілері пайдаланылды. Атап айтқанда:

Қытайдағы қазақтардың ауызекі сөйлеу тіліне негізделген деректер (эксперименттік және далалық материалдар); жергілікті қазақ ұйғыр және қытай басылымдарынан алынған жазба мәтіндер (газеттер, әдеби шығармалар, грамматика, сөздіктер);

ғылыми еңбектерде келтірілген мысалдар (түркітану еңбектері, тіл білімі бойынша мақалалар). Зерттеу барысында автор өзі жинаған дереккөздерді де пайдаланды, бұл материалдардың сенімділігі мен өзектілігін қамтамасыз етеді.

Зерттеу ақпарат құрылымы теориясына (Information Structure Theory) негізделеді. Талдау барысында салыстырмалы-типологиялық, құрылымдық-синтаксистік және дискурстық әдістер қолданылады. Сонымен қатар, интонациялық ерекшеліктерді зерттеу үшін просодикалық талдау жүргізіледі.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Ақпараттық құрылым түсінігі тіл зерттеуіне алғаш рет 1960 жылдары белгілі лингвист Halliday арқылы енгізілген. Кейінірек ғалымдар Chafe (1976), Givón T. (1983), LaPolla (1988, 2005), Lambrecht (1994), Van Valin және LaPolla (1997), Zimmermann және Féry (2010), Krifka және Musan (2012), Johanson (2015, 2021a, 2021b) бұл топикты теориялық тұрғыдан жүйелі түрде талқылаған. Қытайлық зерттеушілер Zhang Bojiang және Fang Mei (1996), Xu Liejiong және Liu Danqing (2003, 2007), Li Baolun, Pan Haihua және Xu Liejiong (2003a, 2003b), Zhou Shihong (2008, 2009) және Lu Jianming (2014, 2017, 2018) қытай-тибет тілдері үшін ақпараттық құрылымды зерттеуде елеулі нәтижелерге жетті. Сонымен қатар, Қытайдың оңтүстік этникалық азұлттар тілдері үшін Dai Qingxia (2001), Hu Suhua (2004), Zhao Yanzhen және Li Yunbing (2005), Li Zeran (2007), Huang Chenglong (2008), Li Jie (2010), Yu Chenglin (2011) сынды зерттеушілер де сәйкесінше зерттеулер жүргізді. Алтай тілдері бойынша нәтижелер Zhou Shihong және Ning Yaoyao (2012), Wei Wei (2012), Wang Bei, Kadir Tursun және Yi Xu (2013), Kadir Tursun және Usur Slam (2015), Abdurishid, Yakup (2016) және бірнеше магистрлік және докторлық диссертацияларда кездеседі.

2017 жылы Қытайдың Minzu университеті “Қытай этникалық азшылық тілдерінің ақпараттық құрылымын зерттеу” тақырыбы бойынша инновациялық және теориялық семинарды ресми түрде бастады. Бұл семинар заманауи лингвистикалық теориялар мен әдістерді қолдана отырып, қытайлық этникалық азшылық тілдерінің ақпараттық құрылымын зерттеуді дамытуға бағытталған.

Қазақ зерттеушілеріне келетін болсақ, Қазақстанда 1920 жылдары А. Байтұрсынұлы сөйлемдерді спикердің біреуге немесе бір нәрсеге қатысты танымы мен пікірін білдіретін құнды ақпарат ретінде қарастырған. 1958 жылы Қ. Жұбанов сөзді спикерден тыңдаушыға берілетін хабар ретінде анықтады. Бұл екі ғалымның көзқарасы дискурстық ақпараттың маңыздылығын растады. Қазақстанда ақпарат құрылымдарын категория ретінде зерттеу 1990 жылдардан басталды. Бұл бағыттағы өкіл ғалымдардың қатарында Аташев[1] (1995) пен Әмір (2002, 2014) бар. Қытайда ғалым Zhang Dingjing (Zhang Dingjing, 2004: 712-713) “белгілі ақпарат” және “жаңа ақпарат” сияқты ұғымдарды бірнеше рет атап өткен. Ол белгілі бір синтаксистік құрылым негізінде құрылым жасалғанда, сөз тәртібінің өзгеруі әртүрлі компоненттерге басымдық беруді білдіретінін атап көрсеткен. Бұл мақалада ақпарат құрылымын зерттеудің теориялық негізі ретінде Johanson (2021a) еңбегі қолданылады[2].

[1] Аташев С., 1995. Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің актуальды мүшеленуі. филол.ғыл.канд... дисс. Алматы. 143 б.

[2] Бұл мақала негізінен ағылшын тілінде жазылған өз еңбегіме негізделген: 2022 жылы Turkic Languages журналының 26-томында (75–88 беттер) жарияланған “Topic in Kazakh as Spoken in China” атты мақалам қазақтілді оқырмандар үшін қолжетімді болуы мақсатында аударылып, қосымша мазмұндармен толықтырылды.

Талдау

Сөйлем деңгейі: топик және комментарий

Сөйлем деңгейінде топик пен комментарий прагматикалық функцияларды білдіреді, олар «белгілі» және «жаңа» ақпарат арасындағы айырмашылық арқылы анықталады. Топик – сөйлемнің қалған бөлігі туралы ақпарат беретін нәрсе. Ал комментарий – топикке қатысты жаңа ақпаратты жеткізеді.

(1) Қытайдағы қазақтар тілі
Aygül *kel-e* *ǰat-ụ̈r*[3].
Aygul come A.CONV LIE.POSTV-AOR3

(1)-мысалда топик *Aygül* – адресатқа белгілі, мәтіннен немесе жағдайдан түсінуге болатын ақпаратты білдіреді. Ал комментарий *kel-e ǰat-ụ̈r* жаңа ақпаратты білдіреді.

Түркі тілдерінде топиктер комментарийден бұрын орналасады. Сөйлемнің басындағы позиция, ағылшын тіліндегідей, топикке арналған ең қолайлы орын болып табылады. Белгісіз (немесе бейтарап) SOP тәртібі бастауыштың топик екенін білдіреді, мысалы, (2)-де көрсетілгендей.

(2) Қытайдағы қазақтар тілі
Asan *ǰaḳsï* *adam.*
Asan good person

Сонымен қатар, бастауыш емес мүшелер де топик позициясын ала алады. OSP тәртібі, мысалы, (3)-мысалда көрсетілгендей, тура толықтауыштың топик ретінде сөйлемнің басына шығуына әкеледі.

(3) Қытайдағы қазақтар тілі
Üy-di, *Ulpan* *sïp̣ïr-dï.*
home-ACC Ulpan sweep-PAST3

Топик құрамдасы әдетте просодикалық тәсілдермен, мысалы, интонация өзгерістері арқылы белгіленеді (Johanson, 2021a: 937). Ол жиі сөйлемнің қалған бөлігінен қысқа үзіліс арқылы ажыратылады, кейде бұл жазуда үтірмен белгіленеді, мысалы, келесі мысалда көрсетілгендей.

(4) Қытайдағы қазақтар тілі
Bul *ǰer-di,* *Ulpan* *tap-tï.*
This place-ACC Ulpan find-PAST3

Мұндай қолданыс ұйғыр тілінде де еркін кездеседі, мысалы, (5)-те көрсетілгендей.

(5) Ұйғыр тілі
Bu *gäp-ni,* *Mämät* *ḳil-di.*
this speech-ACC Memet make-PAST3

Топик-комментарий тізбектері ақпараттық мәндер солдан оңға қарай артатын прогрессивті сызықтық құрылымдарды білдіреді (Johanson, 2015, 2021a: 938). Көптеген

[3] Мысалдар стандартталған Түркологиялық Транскрипция жүйесінде берілген. Бұл жүйе Johanson & Csató (2022: xix–xxi) еңбегінде қолданылған қағидаттарына негізделген.

топик-комментарий құрылымдарында әрбір құрамдас сөйлемнің қалған бөлігіне топик болып табылады. Бұл келесі мысалда көрсетілген.

(6) Қытайдағы қазақтар тілі

Edịl, Ȧminȧ-γa	*gül-dị*	*usun-dị̈.*
Edil Amina-DAT	flower-ACC	give-PAST3

(6)-мысал «Еділ туралы не айтылды?» деген сұраққа жауап береді. Бастауыш – ең маңызды құрамдас, негізгі топик болып табылады. Осы тәртіпте *gül-dị* алғашқы жаңа ақпаратты жеткізеді, яғни *Edịl* дің гүлге не істегенін хабарлайды. Сөйлемнің соңында соңғы жаңа ақпаратты жеткізуші ретінде *Ȧminȧ* ға не болғаны баяндалады.

Сәл өзгертілген сөйлемді (7)-мысалдан қараңыз.

(7) Қытайдағы қазақтар тілі

Edịl gül-dị	*Ȧminȧ-γa*	*usun-dị̈.*
Edil flower-ACC	Amina-DAT	give-PAST3

(7)-мысал «Гүлге не болды?» деген сұраққа жауап береді.

Белсенді сөйлемдердегі тура толықтауыштар пассивтендіру (ырықсыз етіспен) арқылы топикке айналуы мүмкін, бұл жағдайда әсер етуші (пациент) бастауыш позициясына қойылып, алдыңғы қатарға шығарылады (Johanson, 2021a: 938; 2021b: 52). Алайда, бұл әдіс сирек қолданылады, мысалы, (8)-де көрсетілгендей.

(8) Қытайдағы қазақтар тілі

Suwret	*Ayḳ̈in*	*ǰaγ-ị̈-nan*	*sal-ị̈n-dị̈.*
picture	Aykin	side-POSS3-ABL	put-PASS-PAST3

Алайда, барлық құрамдас бөліктерді сөйлемнің басына жылжыту арқылы топикке айналдыру мүмкін емес. Қазақ тілінде VOS тәртібін қолдану, ағылшын тіліндегідей, мысалы, «To go, I don't want to» сөйлеміндегідей етістік предикатын топикке айналдырады дегенді білдірмейді. Предикаттан кейін орналасқан бастауыш немесе толықтауыш, яғни постпредикаттық позицияда тұрған құрамдастар, әлі де топик ретінде қарастырылады (толық мәліметті төмендегі «Постпредикаттық топиктер» бөлімінен қараңыз).

Топикты белгілеу

Демеуліктердің топикты белгілеу функциясы бар, олар топикализация стратегиясын өздері белгілейтін компоненттен кейін орналасу арқылы жүзеге асырады. Мұндай ерекшелікке ие демеуліктер қатарына Г^2*оу, šI^2, wözị, bolsa, degen,* сондай-ақ күрделі демеуліктер *barγoy, barγoy de, barγoy šị̈* жатады (Abish, 2016).

Г^2*оу* демеулігі эпистемикалық бағалаудың белгілі бір түрін белгілеу үшін қолданылатын модальды бөлшек болып табылады. Ал, қарсылықты мәндегі сөйлемдерде бұл демеуліктің ерекше қолданылуын байқауға болады. Мұндай құрылымдарда Г^2*оу* демеулігі әрдайым екпінмен айтылады және сөйлемнің алдыңғы топикализацияландырылған компонентінен кейін орналасады, төмендегі (9)- мысалды қараңыз.

(9) Қытайдағы қазақтар тілі

Kün γoy	*čị̈γ ị̈p*	*tụr,*	*bịraḳ*	*ḳattị̈*	*sụwụḳ.*
sun PTCL	come out IP.CONV	sTAND.POSTV3	but	very	cold

(Abish, 2016: 75)

Күшейткіш мағынасындағы модальды *šI*[2] демеулігі де сөйлемде бір немесе бірнеше топикты көрсету үшін қолданылуы мүмкін, мысалы, (10) сөйлемінде көрсетілгендей.

(10) Қытайдағы қазақтар тілі

Ȧset čị	*wöz*	*bala sị̈ n*	*šị̈*	*üy den*
Aset PTCL	self	child POSS3 ACC	PTCL	home ABL

ḳụw ụp tị̈.
send away IP.POST 3
(Abish, 2016: 86)

Ұйғыр тіліндегі *ču* бөлшегі ұқсас қолдануға ие. Tömürдің (Tömür, 2003: 489; 2011: 422) айтуынша, бұл демеулік белгілі бір компонентті ерекшелету үшін қосылады. Оның төменде (11) ретінде берілген мысалында екпін түсірілген компонент топик ретінде қолданылған.

(11) Ұйғыр тілі

Män	*ču*	*bu*	*yėḳin da*	*u*	*yär gä*
I	PTCL	this	near LOC	that	place DAT

bar al ma y män.
go ABIL NEG PRES COP1SG
(Abish, 2016: 86)

Күрделі демеуліктер *barγoy, barγoy de* және *barγoy šị̈,* мұнда *γoy* екпінмен айтылады, топикты көрсету үшін қолданыла алады. Олар өзара алмастырылуы мүмкін, және бірнеше топик болғанда, олар сөйлемнің кез келген топикализацияланған компонентінен кейін келе алады, мысалы, (12). Қосымша ақпарат үшін (Abish, 2016: 78-79).

(12) Қытайдағы қазақтар тілі

Ụniversitet ter	*barγoy/barγoy de/barγoy šị̈*	*ḳalị̈ŋ*	*ḳar*	
university PL	PTCL		thick	snow
sebeb ị nen	*demalị̈s ḳa*	*tara t ịl ị̈p-tị̈.*		
reason POSS3 ABL	rest DAT	disperse CAUSE PASS IP. POST-3		

(13)- мысалы екі топикализацияланған компоненттерді көрсетеді: *ụniversitetter* және *ḳalị̈ŋ ḳar sebebịnen.*

(13) Қытайдағы қазақтар тілі

Ụniversitet ter	*barγoy/barγoy de/barγoy šị̈*	*ḳalị̈ŋ*	*ḳar*	
university PL	PTCL		thick	snow
sebeb ị nen	*barγoy/barγoy de/barγoy šị̈*	*demalị̈s ḳa*		
reason POSS3 ABL	PTCL	rest DAT		
barγoy/barγoy de/barγoy šị̈	*tara t ịl ị̈p-tị̈.*			
PTCL	disperse CAUSE PASS IP.POST-3			

Тағы бір демеулік wözị топик компонентін белгілеу үшін қолданыла алады. Мысалы:

(14) Қытайдағы қазақтар тілі

Bügün	*wözị*	*kün*	*ḳattị̈*	*suw-up*	*tur.*
today	PTCL	day	very	cold.IP.CONV	STAND.POSTV3

Егер *degen* демеулігі екпінмен және үзіліспен қолданылса, ол алдыңғы орынға шыққан топикты анықтау үшін демеулік ретінде қолданыла алады. Екінші жақ жекеше түрі {-(Ị[4])ŋ}, сыпайы түрі {-(Ị[4])ŋỊ[4]z}, және бірінші жақ көпше түрі {-(Ị[4])mỊ[4]z} сияқты тәуелдік жалғаулар қосыла алады. Мұхамедова (2011) стандартты қазақ тіліндегі *degen* морфеманың қызметін зерттеген. Ол сондай-ақ *degen* сөзін *de-* 'айт-' етістігінен шыққан етістіктен жасалған есім ретінде сипаттайды. (15) мысалында, ол екпінмен айтылып, топик белгілеуші ретінде қолданылады.

(15) Стандартты қазақ тілі
Taw-ḍïŋ *degen bökter-i* *žap-žaṣïl.*
Mountain-GEN PTCL slope -POSS3SG very green
(Muhamedowa, 2011: 268)

Бұл қолдану Қытайдағы қазақтар тілінде де көріледі, мысалы (16).

(16) Қытайдағы қазақтар тілі
ʷOl *degen* *seniŋ* *äke-ŋ.*
X PTCL you.GEN father-2SG

Р. Мұхамедова *degen* демеулігін контрастты топик белгілеуші ретінде қолдануға болатынын да атап өтеді, мысалы, (17). Бұл қолдану Қытайдағы қазақтар тілінде де мүмкін.

(17) Стандартты қазақ тілі
Almaṭï *tawlï,* *Pekin* *degen* *žaẓïḳ.*
Almaty mountainous Beijing PTCL flat
(Muhamedowa 2011: 271)

Айта кету керек, егер *degen* екпінсіз қолданылса, ол біреудің назарын алғаш рет белгілі бір тақырыпқа аудару үшін, немесе белгілі бір атауды, сөзді немесе ұғымды нақтылап көрсету үшін қолданылады, мысалы (18).

(18) Қытайдағы қазақтар тілі
Tị̈l *γïlm-ị̈* *de-gen* *ne?*
language science- POSS3SG say-PTCP what

Жоғарыдағы *degen* сөзі тағы екінші жақ жекеше түрі {-(Ị[4])ŋ}, сыпайы түрі {-(Ị[4])ŋỊ[4]z}, және бірінші жақ көпше түрі {-(Ị[4])mỊ[4]z} сияқты тәуелдік жалғаулары қосылып та келе береді.

(19) Қытайдағы қазақтар тілі
Tị̈l *γïlm-ị̈* *de-gen/* *de-gen-iŋ/*
language science- POSS3SG say-PTCP say-PTCP-2SG
de-gen-iŋiz/ *de-gen-imiz* *ne?*
say-PTCP-2SG say-PTCP-1PL what

Р. Мұхамедованың пікіріне негізделгенде, *degen* стандартты қазақ тілінде де әдетте атауларды немесе сипаттамаларды белгілеу үшін қолданылады. (20) және (21) мысалдарды қараңыз. Дегенмен, оның еңбегінде, стандартты қазақ тілінде тәуелдік жалғаулармен септелетіндігі көрсетілмеген.

(20) Стандартты қазақ тілі
Marlboro de-gen temeki.
Marlboro say-PTCP cigarette
(Muhamedowa, 2011: 264)

(21) Стандартты қазақ тілі
Üzdik de-gen elüw žumi̯s taŋda-l-di̯.
excellent say-PTCP fifty work choose-PASS-PAST3
(Muhamedowa 2011: 265)

Бұдан басқа, шартты копула шылауы *bolsa,* (22) мысалда берілгендей, топик көрсеткіші ретінде қолданылады.

(22) Қытайдағы қазақтар тілі
Bala-lar bolsa ki̯tap ʷok-uw-da.
child-PL PTCL book read-VN-LOC

Бұндай қолданыс ұйғыр тілінде де табылады.

(23) Ұйғыр тілі
Bügün bol-sa, hawa bäk yaχši.
today PTCL weather very good

Топикты анықтайтын белгілерден тағы {-G^{4}A^2 kel-se},{-N^{3}I^2 al-i̯p ayt-sa }, {-N^{3}I^2 al-i̯p ayt-ar bol-sa} тіркестері табылады. Төмендегі екі мысалдағы қолданылуына қараңыз.

(24) Қытайдағы қазақтар тілі
Bala-lar-ɣa kel-se-k, ʷolar ki̯tap ʷoḳ-uw-da.
child-PL-DAT come-HYP-2PL they book read-VN-LOC
(25) Қытайдағы қазақтар тілі
Bala-lar-di̯ al-i̯p ayt-sa-ḳ/ al-i̯p
child-PL- ACC take-IP.CONV tell-HYP-1PL take-IP.CONV
ayt-ar bol-sa-ḳ ʷolar ki̯tap ʷoḳ-uw-da.
tell-AOR BOL.COP-HYP-1PL they book read-VN-LOC

Топиктарды синтаксистік белгілеу

Л. Джонсонның айтуынша, ескі түркі тілдерінде арнайы топиктік көрсеткіштерді қолданбай-ақ, бастауыш емес топиктерді ерекшелеуге болады (Johanson, 2021c: 141). Ескі түркі жазбаларында сөйлем құрамындағы есімдік компоненттердің сөйлемнің сол жағына (сөйлемнің бастауыштық орнына) ешқандай белгісіз орналасуын жиі

кездестіруге болады. Бұл құрылымдар предикаттан бөлініп, «сол жаққа ығысу» (left dislocation) үдерісіне ұшыраған топик болып табылмайды. Бұл – сөйлемнен тыс орналасқан топик элементтері, оларды «… туралы айтатын болсақ», «… қарастыратын болсақ» немесе «… қатысты» деп түсіндіруге болады.

Шығыс ескі түркі тілінде сөйлемнің құрамдас бөліктерінің реті топик-комментарий қағидасына қатты бағытталғандықтан, номинативтегі тура толықтауыштар сөйлемнен тыс топик көрсеткіштері ретінде қолданылады. Бұған (26) және (27)-мысалдар дәлел бола алады.

(26) Орхон
Sab anǰa ïδ-mïš.
word thus send-POST3

(27) Орхон
Xaγan at bun-da ber-di-miz.
ruler name here-LOC give-PAST-1PL

Ескі ұйғыр тілінде де (28) және (29)-мысалдарында көрсетілгендей, сөйлем мүшесінің ішінде орналасқан есім сөзі топик құрамдасы ретінде көрінеді.

(28) Ескі ұйғыр тілі
Ḳara ḳum aš-mïš.
black sand cross-POST3

(29) Ескі ұйғыр тілі
Tamu yol-ï tu-du-ŋuz.
hell way-POSS3SG block-PAST-2PL

Сол жаққа ығысу (left dislocation) топикті ерекше атап көрсету үшін қолданылады. Johanson (Johanson, 2015, 2021a: 939) мұны түсіндіру үшін түрік тілінен мысал келтірген. (30)-мысалдың орнына ерекше екпін қойылған топик (31)-мысалда кездеседі.

(30) Түрік тілі
‹Ali'yi öldür-dü-ler›.
Ali-ACC kill-PAST-PL

(Johanson, 2021a:939)

(31) Түрік тілі
‹Ali, o-nu öldür-dü-ler›.
Ali X-ACC kill-PAST-PL

(Johanson, 2021a: 939)

Бұл құрылымды қазақ тілімен салыстыруға болады. Алайда, мұнда маңызды синтаксистік айырмашылық бар. Қазақ тілінде осы сөйлемнің топигі номинативте емес, табыс септігінде тұруы керек.

(32) Қытайдағы қазақтар тілі
Ȧli-dį, *ʷo-ṇï* *ʷöltįr-įp* *ket-tį*
Ali-ACC X- ACC kill-IP.CONV LEAVE.POSTV-PAST3

Дегенмен, қос тілді адамдар арасында келесі тіркесті ауызекі сөйлеу стилінде қолдану мүмкіндігі артып келеді.

(33) Қытайдағы қазақтар тілі
Edįl, *men* *ʷoγan* *sen-be-y-mįn.*
Edil I he.DAT trust-NEG-PRES-1SG

(33)-мысалда топик *Edįl* ді грамматикалық тұрғыда білдіру үшін ол барыс септігінде, яғни Edįl-ge түрінде болуы тиіс. Осылайша, мұндай құрылымның себебі қытай тілінің ықпалына байланысты екенін қорытындылауға болады. Себебі бұл құрылым қытай тілінде кеңінен танымал үлгі болып табылады, онда топикті топиктік көрсеткіштерді қолданбай-ақ ұқсас түрде ерекшелеуге болады. Классикалық қытай тілінде zhě топиктік көрсеткіші сирек қолданылады. Бұл үлгінің Қытайдың мандарин тіліндегі көрінісі (34)-мысалда көрсетілді.

(34) Қытайша
Zhāng *wǒ* *bù* *xìnrèn.*
Zhang I don’t trust
‘Мен Жанға сенбеймін.’

Постбаяндауыштық топиктар

Л.Джонсон сөйлемнің *SOP* құрылымдарында да есімдіктер соңғы сөйлем шекарасынан оң жақта орналасуы мүмкін екенін атап көрсетеді (Johanson, 2021a: 948, 2021b: 52). Түрік тіліндегі (35) ‘Кетіп қалды, пошташы’, Ұйғыр тіліндегі (36) ‘Жақсы ұстаз, Хамит’ мысалдарына қараңыз.

(35) Түрік тілі
‹Git-ti, *postacı.›*
leave-PAST3 postman
(Johanson, 2021b: 52)

(36) Ұйғыр тілі
Yaχši *oķutķuči-dur,* *Χämit.*
good teacher-COP Χämid
(Johanson, 2021a: 939)

Олар жай ғана предикаттан кейінгі позицияға ығысқан құрамдас бөліктер емес, қайта қосымша элементтер болып табылады. Аталмыш сөйлемдер оларсыз да синтаксистік тұрғыда толыққанды болып табылады. Бұл элементтер көбіне интонациялық үзіліспен ерекшеленеді, ол жазуда үтір арқылы көрсетіледі.

Қазақ тілінде де түрік және ұйғыр тілдеріндегідей осындай құрылымдар бар, мысалы (37)-ні қараңыз.

(37) Қытайдағы қазақтар тілі
Kör-di, Aray.
see-PAST3 Aray

Л. Джонсон бұл құбылысты көбінде ойды нақтылау мақсатында қыстырылған толықтыру деп атап өтеді (Johanson, 2021a: 939, 2021b: 52). Ол негізінен ауызекі сөйлеу стилінде кездеседі, бірақ мұндай құрылымдар тек алдын ала жоспарланбаған сөйлеуге тән емес. Предикаттан кейінгі осындай есімдіктер өздері топик функциясын атқара алмайды, бірақ көбіне алдыңғы дискурста енгізілген топиктерді білдіріп, сол топиктің жалғасуын көрсетеді. Олар сөйлем шекарасы ішінде айтылмай қалған топикті білдіреді және комментарий не туралы екенін нақтылау үшін қосылады. Мысалы,

(38) Қытайдағы қазақтар тілі
Siz-di tanï-ma-dï-m, men.
you-ACC recognize-NEG-PAST-1SG I

Алайда, (39)да бастауыш пен толықтауыш етістіктен кейін келіп PSO сөйлемін құрайды.

(39) Қытайдағы қазақтар тілі
Tanï-ma-dï-m, men siz-di.
recognize-NEG-PAST-1SG I you-ACC

Бастауыш комментарийдің бір бөлігі

Сөйлемнің басында тұрған бастауыштар әдетте топик ретінде түсіндіріледі. Алайда, барлық ақпарат жаңа болып, бастауыш жаңа ақпараттың, яғни комментарийдің бір бөлігі болып табылатын сөйлемдер де кездеседі (Johanson, 2021a: 941), мысалы,

(40) Қытайдағы қазақтар тілі
Kisi kel-di.
person come-PAST3

Сөйлем бастауыш топик болып, предикат арқылы ол туралы комментарий берілетін категориялық құрылым ретінде түсіндірілуі мүмкін, мысалы: «Кісі келді», «Кісі келген екен», «Кісілер келді». Алайда, ол «толығымен жаңа» құрылым ретінде де түсіндірілуі мүмкін: «Бір кісі келді», «Бір кісілер келді».

(41)-мысалда бірінші құрамдас бөлік, яғни бастауыш, топик болып табылады, ал сөйлемнің қалған бөлігі «Кітап қайда?» деген сұраққа жауап ретінде ақпарат береді.

(41) Қытайдағы қазақтар тілі
Kitap bokša-da.
book bag-LOC

Дегенмен, (42)-мысалда бастауыш комментарийдің бір бөлігі болып келеді.

(42) Қытайдағы қазақтар тілі
Boḳša-da *kịtạp* *bar.*
bag-LOC book existing

Нәтижелері

Бұл зерттеу Қытайдағы қазақтар тілінің ақпарат құрылымындағы топикализация стратегияларын жан-жақты талдады. Зерттеу нәтижелері бойынша, Қытайдағы қазақ тілі мен стандартты Қазақстандағы қазақ тілінің грамматикалық негіздері арасында айтарлықтай айырмашылықтар байқалмады. Дегенмен, кейбір морфосинтаксистік және просодикалық маркерлердің қолданылуында кішігірім айырмашылықтар анықталды.

Қытайдағы қазақтар тілінде топикализация грамматикалық, синтаксистік және просодикалық тәсілдер арқылы жүзеге асады. Грамматикалық маркерлер, атап айтқанда, *γoy, ʷözi, bolsa, degen* сияқты демеуліктердің топикализацияланатын компоненттен кейін орналасуы арқылы топик анықталады. Күрделі демеуліктер *barγoy, barγoy de, barγoy šï* сияқты бөлшектер де топик белгілеуші қызметін атқарады.

Синтаксистік тұрғыдан алғанда, сол жаққа ығысу (left dislocation) құбылысы топикты айқын көрсету үшін қолданылады, алайда бұл құбылыс барлық сөйлем мүшелеріне қатысты бола бермейді. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда постпредикаттық позицияда орналасқан компоненттер де топик қызметін атқара алатыны анықталды.

Просодикалық тұрғыдан қарағанда, топик көбінесе интонацияның өзгеруі және қысқа үзілістер арқылы ерекшеленеді. Бұл просодикалық тәсіл сөйлемнің ақпараттық құрылымын айқындауда маңызды рөл атқарады.

Тілдік контактілердің ықпалын зерттеу нәтижелері Қытайдағы қазақтар тілінде ұйғыр және қытай тілдерімен ұзақ мерзімді өзара ықпалдастық нәтижесінде кейбір құрылымдық ерекшеліктердің пайда болғанын көрсетті. Дегенмен, бұл ықпал қазақ тілінің негізгі грамматикалық жүйесін өзгерте алмаған.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Қытайдағы қазақтар тілінің ақпарат құрылымын терең түсінуге және түркі тілдері арасындағы салыстырмалы зерттеулерді жетілдіруге елеулі үлес қосады.

Қорытынды

Осы мақалада қарастырылған топикализация стратегиялары Қытайдағы қазақтар тілінің ақпарат құрылымының өзіндік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Стандартты қазақ тілімен салыстыру арқылы топикализацияның ортақ және ерекше белгілері анықталды. Зерттеу барысында талданған морфосинтаксистік, просодикалық және грамматикалық ерекшеліктер қазақ тілінің түркі тілдері ішіндегі орнын нақтылауға көмектесті. Сондай-ақ, тілдік контактілердің әсерін зерттеу арқылы Қытайдағы қазақтар тілінің ішкі даму динамикасы айқындалды. Бұл зерттеу болашақта түркітану мен қазақ тіл біліміндегі жаңа зерттеулерге негіз бола алады.

Әдебиет

Әмір Р., 2002. Екінші дәрежедегі коммуникативтік талаптардың құрмалас сөйлемдер жүйесіндегі көрінуі // Жұбанов тағылымы: Респ-қ ғылыми-теориялық конференция материалдары. Ақтөбе. Б. 11-15.

Әмір Р.С., 2014. Қазіргі қазақ тілі құрмалас сөйлем жүйесі. Алматы: «Қазақ университеті» баспасы. 110 б.

Байтұрсынов А., 1992. Тіл тағылымы. Алматы: «Ана тілі» баспасы. 448 б.

Abish A., 2021. Kazakh and Karakalpak. [Қазақ және қарақалпақ тілдері]. In: Johanson & Csató (eds.). P. 337-353.

Chafe W.L., 1976. Givenness, contrastiveness, definiteness, subjects, topics, and point of view. In Charles N. Li (ed.), Subject and topic. New-York: Academic Press. P. 25-55.

Dai Q., 2001. Jǐngpǒ yǔ de huàtí. Language Studies 1. P. 100-105.

Givón T., 1983. Topic continuity in discourse: an introduction. In: Givón, T (ed). Topic continuity in discourse: A quantitative cross-language study. Amsterdam: John Benjamins. P. 3-41.

Halliday M.A.K., 1967. Intonation and grammar in British English. Muton: The Hague.

Hu S., 2004. Liángshān yí yǔ de huàtí jiégòu – jiān lùn huàtí yǔ yǔxù de guānxì. 3. P. 9-15.

Huang Ch., 2008. Qiāng yǔ de huàtí biāojì. 7/6. P. 599-614.

Johanson L. & Csató É.Á. (eds.), 2022. The Turkic languages. Second Edition. (Routledge Family Series.). London and New-York: Routledge. 560 p.

Kadir T. & Slam U., 2015. Wéiwú'ěr yǔ huàtí de yùnlǜ biǎoxiàn. Journal of Xinjiang University 43/5. P. 126-132.

Krifka M. & Musan R., 2012. Information structure: Theoretical, typological and experimental perspectives. Berlin: Deutsche National bibliothek. P. 1-44.

Lambrecht K., 1994. Information structure and sentence form: Topic, focus and the mental representations of discourse referents. Cambridge: Cambridge University Press. 376 p.

Lapolla R.J., 1988. Subject and referent tracking: Arguments for a discourse-based grammar of Chinese. In Emonds, J. & Mistry, P. J. & Samiian, V. & Thornburg, L. (eds.) Proceedings of the West Coast conference on linguistics. Department of Linguistics, California State University, Fresno. P. 60-173.

Lapolla R.J. & Poa D., 2005. Jiāodiǎn jiégòu hé yǔyì de yánjiū. In: Liejiong, X. & Pan, H.(eds.) Jiāodiǎn jiégòu de lèixíng jí qí duì hànyǔ cíxù de yǐngxiǎng. Beijin: Press of Beijin University of Foreign Languages. P. 57-78.

Li B. & Pan H. & Xu L., 2003a. Duì jiāodiǎn mǐngǎn de jiégòu jí jiāodiǎn de yǔyì jiěshì (shàng). 1. P. 1-11, 93.

Li B. & Pan H. & Xu L., 2003b. Duì jiāodiǎn mǐngǎn de jiégòu jí jiāodiǎn de yǔyì jiěshì (xià). 2. P. 108-119.

Li Z., 2007. Hāní yǔ de huàt. 5. P. 74-79.

Lu J., 2014. Shì shuō yǔyán xìnxī jiégòu lǐlùn. Academic Exchange 6. P. 5-13.

Lu J., 2017. Zhòngshì yǔyán xìnxī jiégòu yánjiū kāitùo yǔyán yánjiū de xīn shìyě. 4. P. 1-15.

Lu J., 2018. Zài tán yǔyán xìnxī jiégòu lǐlùn. 2. P. 163-172.

Tömür H., 2003. Modern Uyghur grammar. Morphology. Istanbul: Yildiz Press. 599 p.

Tömür X., 2011. Hazirḳi zaman uyγur tili grammatikisi [A Grammar of Modern Uyghur Morphology]. Morfologiyä. Beijing: The Ethnic Publishing House. 471 p.

Van Valin R.D. & Lapolla R.J., 1997. Syntax. Structure, meaning and function. Cambridge: Cambridge University Press. 713 p.

Wang B. & Kadir T. & Yi X., 2013. Wéiwú'ěr yǔ jiāodiǎn de yùnlǜ shíxiàn jí gǎnzhī, 38/1. P. 92-98.

Wei W., 2012. Qiǎn xī hāsàkè yǔ jùzi jiāodiǎn chéngfèn de jù zhòngyīn biǎoxiàn. 4. P. 30-33.

Xu L. & Liu D., 2003. Huàtí yǔ jiāodiǎn xīn lùn. Shanghai: Shanghai Education Press.

Xu L. & Liu D., 2007. Huàtí de jiégòu yǔ gōngnéng. Shanhai: Shanhai Education Press.

Yakup A. & Zhang D. (eds.), 2013. Functional typological approach to modality in the Altaic languages, Analytic comparative linguistic data: 400 sentences. Beijin: Press of Midzu China University.

Yakup A., 2016. Focus in Turkish and Uyghur: A preliminary report on an ongoing contrastive investigation. Turkic Languages 20. P. 113-131.

Yu Ch. 2011 Zàng miǎn yǔ de huàtí biāojì: jiān yǔ hànyǔ bǐjiào. Journal of Midzu China University Sciences of Philosophy and Social Sciences 38/1. P. 77-81.

Zhang D., 2004. Xiàndài hāsàkè yǔ shǐyòng yǔfǎ. Beijin: Press of Midzu China University. P. 712-713

Zhang D., 2015. Shítǐ yǔfǎ lǐlùn – hāsàkè miáoxiě yǔfǎ xué fāngfǎlùn. Beijin: Press of Midzu China University.

Zhang D., 2018. 2. Xiàndài hāsàkè yǔ shǐyòng yǔfǎ (Xiūdìng bǎn). Beijin: Press of Midzu China University.

Zhang B. & Fang M., 1996. Hànyǔ gōngnéng yǔfǎ yánjiū. Press of Tziansi Education.

Zhao Y. & Li Y., 2005. Lùn bái yǔ de huàtí jiégòu yǔ jīběn yǔxù lèixíng. 6. P. 10-22.

Zhou Sh. & Ning Y., 2012. Xiàndài wéiwú'ěr yǔ de huàtí jiégòu. Journal of Beijin Pedagogical University. P. 52-58.

Zimmermann M. & Féry C., 2010. Information structure: Theoretical, typological, and experimental perspectives. Cambridge: Cambridge University Press. 412 p.

Reference

Amir R., 2002. Ekınşı därejedegı kommunikativtık talaptardyŋ qūrmalas söilemder jüiesındegı körınuı [Manifestation of communicative requirements of the second degree in the system of compound sentences]. Jūbanov tağylymy: Resp-q ğylymi-teoriıalyq konferentsiıa materialdary [Zhubanov's lessons: materials of the scientific and theoretical conference]. Aktobe. [in Kazakh]. P. 11-15.

Amır R., 2014. Qazırgı qazaq tılı qūrmalas söilem jüiesı [Modern Kazakh language complex sentence system]. Almaty: “Qazaq universitetı” baspasy. [in Kazakh]. 110 p.

Baitursynov A., 1992. Tıl tağylymy [Language lessons]. Almaty: “Ana tılı” baspasy. [in Kazakh]. 448 p.

Abish A., 2021. Kazakh and Karakalpak. In: Johanson & Csató (eds.). P. 337-353.

Chafe W.L., 1976. Givenness, contrastiveness, definiteness, subjects, topics, and point of view. In Charles N. Li (ed.), Subject and topic. New-York: Academic Press. P. 25-55.

Dai Q., 2001. Jǐngpǒ yǔ de huàtí. Language Studies 1. P. 100-105. [in China].

Givón T., 1983. Topic continuity in discourse: an introduction. In: Givón, T (ed). Topic continuity in discourse: A quantitative cross-language study. Amsterdam: John Benjamins. P. 3-41.

Halliday M.A.K., 1967. Intonation and grammar in British English. Muton: The Hague.

Hu S., 2004. Liángshān yí yǔ de huàtí jiégòu – jiān lùn huàtí yǔ yǔxù de guānxì. 3. P. 9-15. [in China].

Huang Ch., 2008. Qiāng yǔ de huàtí biāojì. 7/6. P. 599-614. [in China].

Johanson L. & Csató É.Á. (eds.), 2022. The Turkic languages. Second Edition. (Routledge Family Series.). London and New-York: Routledge. 560 p.

Kadir T. & Slam U., 2015. Wéiwú'ěr yǔ huàtí de yùnlǜ biǎoxiàn. Journal of Xinjiang University 43/5. P. 126-132. [in China].

Krifka M. & Musan R., 2012. Information structure: Theoretical, typological and experimental perspectives. Berlin: Deutsche National bibliothek. P. 1-44.

Lambrecht K., 1994. Information structure and sentence form: Topic, focus and the mental representations of discourse referents. Cambridge: Cambridge University Press. 376 p.

Lapolla R.J., 1988. Subject and referent tracking: Arguments for a discourse-based grammar of Chinese. In Emonds, J. & Mistry, P. J. & Samiian, V. & Thornburg, L. (eds.) Proceedings of the West Coast conference on linguistics. Department of Linguistics, California State University, Fresno. P. 60-173.

Lapolla R.J. & Poa D., 2005. Jiāodiǎn jiégòu hé yǔyì de yánjiū. In: Liejiong, X. & Pan, H.(eds.) Jiāodiǎn jiégòu de lèixíng jí qí duì hànyǔ cíxù de yǐngxiǎng. Beijin: Press of Beijin University of Foreign Languages. P. 57-78. [in China].

Li B. & Pan H. & Xu L., 2003a. Duì jiāodiǎn mǐngǎn de jiégòu jí jiāodiǎn de yǔyì jiěshì (shàng). 1. P. 1-11, 93. [in China].

Li B. & Pan H. & Xu L., 2003b. Duì jiāodiǎn mǐngǎn de jiégòu jí jiāodiǎn de yǔyì jiěshì (xià). 2. P. 108-119. [in China].

Li Z., 2007. Hāní yǔ de huàt. 5. P. 74-79. [in China].

Lu J., 2014. Shì shuō yǔyán xìnxī jiégòu lǐlùn. Academic Exchange 6. P. 5-13. [in China].

Lu J., 2017. Zhòngshì yǔyán xìnxī jiégòu yánjiū kāitùo yǔyán yánjiū de xīn shìyě. 4. P. 1–15. [in China].

Lu J., 2018. Zài tán yǔyán xìnxī jiégòu lǐlùn. 2. P. 163-172. [in China].

Tömür H., 2003. Modern Uyghur grammar. Morphology. Istanbul: Yildiz Press. 599 p.

Tömür X., 2011 2. Hazirḳi zaman uyγur tili grammatikisi. [A Grammar of Modern Uyghur Morphology]. Morfologiyä. Beijing: The Ethnic Publishing House. [in Uygur].

Barutçu S., 2001. Türkçede enklitik edatlar üzerine: çI / çU [On the Turkish enclitics: çI / çU]. Kök Araştırmalar Dergisi 2. P. 75-86. [in Turkish].

Berta Á., 1996. Deverbale wortbildung im Mittelkiptschakisch-Türkischen [Deverbal word formation in Middle Kipchak Turkic]. Wiesbaden: Harrassowitz Verlag. 698 p. [in German].

Boeschoten H., 2022. A dictionary of Early Middle Turkic. Boston: Brill. 596 p.

Eraslan K., 2012. Eski Uygur Türkçesi grameri [A grammar of Old Uygur Turkic]. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 664 p. [in Turkish].

Erdal M., 2004. A Grammar of Old Turkic. Boston: Brill. 575 p.

Gabain, A., 1959. Die Sprache des Codex Cumanicus [The language of Codex Cumanicus]. In: Deny, Jean & Grønbech, Kaare & Scheel, Helmuth & Togan, Zeki Velidi (eds.) Philologiae Turcicae Fundamenta 1. P. 46-73. Aquis Mattiacis: Steiner. [in German].

Garkavets A., 2000. Urumskiy Slovnik [A dictionary of Urum]. Alma-Ata: Baur. 631 p. [in Russian].

Grønbech K., 1942. Komanisches wörterbuch: Türkischer wortindex zu Codex Cumanicus [Koman dictionary: Turkic word index for Codex Cumanicus]. Copenhagen: Einar Munksgaard. 315 p. [in German].

Guzelanï Ž. & Ahmatlanï İ. & Žappulanï A., (eds.) 1996. Ḳaračay-Malḳar Tilni Aŋïlatma sözlügü [Comprehensive dictionary of Karachay-Malkar language]. Nal'čik: El-Fa. Vol. 1. 1022 p. [in Karachay Balkar].

Karamanlıoğlu A., 1994. Kıpçak Türkçesi grameri [A grammar of Kipchak Turkic]. Ankara: Türk Dil Kurumu. 164 p. [in Turkish].

Kuun C.G., 1880. Codex Cumanicus, bibliothecæ Ad Templum Divi Marci Venetiarum. Primum Ex Integro Editit Prolegomenis Notis Et Compluribus Glossariis Instruxit Comes Géza Kuun. Budapestini: Editio Scient Academiæ Hung. 398 p. [in Latin].

Schinkewitz J., 1947. Rabàÿzì sentaksı [Rabàÿzì syntax], (Trans. Sabit S. Paylı). İstanbul: İbrahim Horoz Basımevi. 122 p. [in Turkish].

Süyerḳụlova, B. & Žanụzaḳ, T. & Žụbaeva, O., (eds.) 2011. Ḳazaḳ Ädebi Tịlịnịŋ Sözdịgị [A dictionary of Kazakh literary language]. Almaty: Ḳazaḳstan respublikasï bịlịm ǰȧne γïłï ŋm ministịrlịgị & A. Bawutursïnułï atïndaγï ṭịl bịlịmị institutï [Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan & Ahmet Bawutursïnułï Language Institution]. Vol. 3. 744 p. [in Kazakh].

Tekin Ş., 1992. "Eski Türkçe" [Old Turkic]. Türk Dünyası El Kitabı. Ankara: Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü Yayınları. [in Turkish].

Tekin T., 1968. A grammar of Orkhon Turkic, Bloomington: India Universitey. 419 p.

Tekin T., 2003. Orhon Türkçesi grameri [A grammar of Orkhon Turkic]. İstanbul: Türk Dilleri Araştırmaları Dizisi: 9. 272 p. [in Turkish].

Toparlı R., 1992. Iršād al-mulūk wa's-salāṭin [The guidance of the kings and sultans]. Ankara: Türk Dil Kurumu. 627 p. [in Turkish].

Ünlü S., 2012. Harezm Altınordu Türkçesi sözlüğü [A dictionary of Khwarezm and Golden Horde Turkic]. Konya: Eğitim Yayınevi. 716 p. [in Turkish].

Ünlü S., 2018. Karahanlı Türkçesi ilk Türkçe satır-altı transkribeli Kur'an tercümesi TİEM 73, Türkiye Türkçesi mealli karşılaştırmalı Kur'ân-ı Kerîm [The first interlinear translition of the Qur'an in Karakhanid Turkic, Comparative Quran with Türkiye Turkish meaning]. Konya: Selçuklu Belediyesi Yayınları. 450 p. [in Turkish].

Zajączkowski A., 1961. Najstarsza wersja Turecka Ḫusräv u Şīrīn Quṭba III [The oldest Turkic version of Khusraw and Shīrīn by Quṭb]. 3 vols., Warszawa: Państwowe Wydawnictwo Naukowe. [in Polish].

Information about author:

Ragıp Muhammed, PhD, Department of Turkic Languages and Dialects, Ege University, Erzene, 35040, Bornova, İzmir, Turkey.

Scopus ID: 57743988300

Автор туралы мәлімет:

Рағып Мұхаммед, PhD, түркі тілдері және диалектілері бөлімі, Эге университеті, Эрзене, 35040, Борнова, Измир, Түркия.

Scopus ID: 57743988300

Сведения об авторе:

Рагип Мухаммед, PhD, кафедра тюркских языков и диалектов, Эгейский университет, Эрзене, 35040, Борнова, Измир, Турция.

Scopus ID: 57743988300

Conflict of Interest.

There is no conflict of interest related to this article.

Мүдделер қақтығысы.

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

Конфликт интересов.

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.

Turkic Studies Journal 3 (2025) 242-252
Journal homepage: https:tsj.enu.kz

Book review

ҒТАМР 17.71.07 DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-3-242-252

REVIEW / СЫН-ПІКІР / РЕЦЕНЗИЯ

Шәкір Ибраев зерттеуіндегі ғұрыптық фольклор

Ж.Ә. Аймұхамбет

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы
ORCID: 000-0002-7061-3000
(E-mail: zhanataias@gmail.com)



Ш. Ибраев. Қазақтың ғұрыптық фольклоры. Монография. Нұр-Сұлтан, ЕҰУ 2021. 252 б.

Көрнекті фольклортанушы ғалым Ш. Ибраевтың қазақтың ғұрыптық фольклорын зерделеген еңбегі қазіргі ғылым үшін маңызды мәселелерді қамтыған бірнеше тараудан тұрады. Бұл тараулардың әрқайсысы күрделі ғылыми сауалдарға жауап беретін талдаулардан түзілген.

Еңбектің кіріспесінде фольклор атауы мен теориясы туралы ғылыми анықтама жүйесі ұсынылған. Ғалым бұл ұғымға жаңаша көзқарас тұрғысынан келіп, фольклордың танымдық, ритуалдық, көркемдік, тәрбиелік мәнін көпқабатты, көпқырлы функциясымен түсіндіреді.

© Ж.Ә. Аймұхамбет, 2025

Еңбектің бірінші тарауы фольклордың кешенді сипатына арналып, іштей бірнеше тараушаларға жіктеліп қарастырылған. Фольклордың этнографиямен, антропологиямен және әдебиеттанумен байланысын ғалым саралай көрсетеді. Антропология саласын фольклормен тығыз бірлікте зерттеудің бүгінгі ғылым үшін маңызын дәйектейді.

Екінші тарауда фольклордағы синкретизм және синтез құбылысы туралы теориялық пайым жасалып, фольклор үлгілерінің синтезделуі туралы тың тұжырым ұсынылған. Фольклордың ақындық, жыраулық өнермен, орындаушылықпен тығыз байланысы, арбау, тілек, бақсылар сарынының да наным-сенімге қатысты туындап, фольклормен біте қайнасуы жоғарыдағы синкреттіліктің, фольклордың кешенді сипатының бір дәйегі болмақ. Ғалым сюжет, мотив, көркемдік бейнелеу тәсілдері сияқты элементтердің жанрлық синкретизмге тән екенін атап көрсетеді. Синтездік сипаттың фольклор үшін маңыздылығын негіздейді.

Фольклорлық дәстүр мен ауызша шығармашылық өнер, фольклордағы көркемдік әдіс, қазақ фольклорының зерттелу тарихы, фольклордың көпнұсқалылығы және импровизациялық өнер, көне фольклор, миф туралы тарауларда осы уақытқа дейінгі ғылыми-теориялық тұжырымдар сарапқа салынып, автордың тың түйіндері мен теориялық пайымдары орын алған. Мифтік танымның халық санасында орнығуы және фольклорға сабақтасуы туралы талдамалары ғылыми еңбектің жаңашыл мазмұнын таныта түседі.

Ғалым еңбек фольклоры туралы тарауда мал шаруашылығы мен егін шаруашылығына қатысты фольклор үлгілерінің мәні мен мазмұнына қатысты байыпты талдаулар арқылы салмақты тұжырымдар жасайды. Бұл ғылыми талдаулар ғұрыптық фольклордың табиғатын, бастау көздерін түсіндіру мақсатында жүзеге асқан.

Кітаптың «Ғұрыптық фольклор» деп аталатын көлемді әрі негізгі бөлімі магиялық жанрлар, отбасылық ғұрып фольклоры, үйлену ғұрып өлеңдері және азалау ғұрып фольклорын талдауға арналған төрт тарауға топтастырылған. Бұл төрт тарау іштей бірнеше тараушаларға тармақталып, ғұрыптық фольклордың жекелеген жанрлар ішіндегі ішкі түрлері толықтай зерделенген. Ғалым магиялық және отбасылық ғұрып фольклоры түрлерінің көне дүниетаныммен, наным-сеніммен тығыз байланысты туындағанын ғылыми негізде дәлелдейді. Үйлену ғұрпы құда түсу, қыз ұзату, келін түсіру сияқты үш маңызды оқиғамен белгіленсе, фольклор үлгілері осылармен байланысты орындалатын сөз және әрекет түрінде туып, қалыптасатынын ғалым өз зерделеуінде жүйелі талдаулар арқылы бекіте түседі.

«Азалау ғұрып фольклоры» деген атау – Ш. Ибраевтың төл тұжырымы. Фольклордың бұл түріне қатысты әлемдік фольклортанудағы теориялық пайымдарға сүйене отырып, ұлттық ерекшелікті екшей көрсетуі еңбектің тың сипатын танытады.

Қазақ фольклорын, оның ішінде ғұрыптық фольклорды зерттеуде жаңашыл тұжырымдар ұсынып, теориялық мәселелерді жүйелеген Шәкір Ибраев еңбегінің ғылыми маңызы зор. Ғалымның «Қазақтың ғұрыптық фольклоры» атты кітабы – ұлттық қана емес, әлемдік фольклортануда да маңызды теориялық тұжырымдар қалыптастырған салмақты зерттеу еңбек.

Шәкір Ибраев – фольклортанудың ірі өкілі ғана емес, қазіргі жаһандану жағдайындағы әдебиеттанудың дамуында айрықша ізденісімен белгілі ғалым. Ғалымның «Абай феномені», «Абайдың ақындық бейнесі» зерттеулері ақын мұрасын структуралық-феноменологиялық әдіс тұрғысынан жаңаша зерделеуімен әдебиеттануымыздың арнасын кеңейтті.

Ғалымның «Қазақтың ғұрыптық фольклоры» атты іргелі зерттеуінің кіріспе сөзі фольклор атауы мен теориясын жүйелеуден басталады. Бұл зерттеуін: «Фольклордың әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметі, мазмұны мен құрылымы заман талабына сай түрлі өзгерістерге түсіп, тарихи дамудың әр қилы өткелінен өткен. Осыған сәйкес фольклорға берілетін анықтама мен тұғырнама да *фольклортану* ғылымының тарихында болған емес. Оның басты себебі ең алдымен, фольклордың *көпқабатты* және *көпқырлы* құбылыс болуында, әрі оны зерттейтін ғылымның тұғырнамасы мен әдістемелік негіздерінің өзгеріп отыратындығында» (3-б.), – деп фольклордың өзіндік ерекшелігін сөз етуден бастайды. Фольклор табиғатының күрделілігіне, әлеуметтік мәні мен халық өмірінде алатын орнына, атқаратын қызметіне назар аударуды басты міндет деп санап, оның жалпы сипаттамасын мынадай тұжырымдама арқылы жинақтап көрсетеді:

«– фольклор – халықтын ауызша сөйлеу әрекетінің (речевая деятельность) айрықша түрі;

– фольклор халықтың дүниетанымына сәйкес рухани-мәдени құндылықтарын ауызша дәстүр аясында тұтастай да, жекелеген белгілері бойынша да жинақтайды;

– фольклор қоғамда, көркемдік, тәрбиелік, танымдық және қолданбалы практикалық (утилитарлық) қызметтер атқарады;

– фольклорда ауызша тіл ұстартудың қызметі тұрмыспен, наным-сеніммен, ғұрыппен және халық өнерінің өзге де түрлерімен (музыкалық, сахналық орындау, мәнерлеп айту, суырып салу, жырлау) синкретті бірлікте көрінеді» (3-4 беттер).

Ш.Ибраев жинақтай көрсеткен бұл тұжырымдама фольклор табиғатын толық ашады. Ғалым «фольклор» терминіне қатысты да өзіндік зерделеуін ұсына отырып, XX ғасыр басында фольклорды жинап-зерттеуде көркемдік шарт басты орында тұрғанын, сол себепті кеңестік дәуірде «халық ауыз әдебиеті» деген мағынада қолданылғанын айтады. Бұл мағына фольклор үшін тарлық ететінін дәлелдей келе фольклордың танымдық, қолданбалы практикалық қызметі басым екенін, одан эстетикалық және өнерлік қызметі бөлініп шыққанын дәйектейді. Ғалым өзі арнайы зерттеу нысанына алған ғұрыптық фольклордың ерекшелік сипаттарын оның теориялық мәселелерімен ұштастыра қарастырады.

Кітаптың бірінші тарауында ғалым фольклордың кешенді сипатын жан-жақты талдау нысанына алады. Бұл кешенді сипат фольклортанудың пәнаралық байланысын көрсететінін әрі оның дамуына және жаңа теориялық-әдістемелік ізденістерге жол ашатынын дәйектейді.

Фольклортанудың этнографиямен сабақтастығына назар аударғанда «сөйлеу әрекетінің ішкі құрылымы, символдық және таңбалық мәні, сөйлеудің дағдыға енген әлеуметтік астары мен қайталанатын себептерін» (11-бет) фольклортану зерделесе, этнография олардың деректілік сипатына назар аударатынын атап көрсетеді. Ғалым сондай-ақ «Этнографияның қалыптасу тарихында ауызша дәстүр ең басты мәлімет көзіне айналды. Этностың тарихи жады, дүниетанымы, мәдениеті, тұрмысы туралы деректер сол этностың өкілдерінен жазылып алынғандықтан ауызша дәстүрдің өзіне айрықша мән беріле бастады. Әкеден балаға, ұрпақтан ұрпаққа өткеру тәжірибесінде халықтың тарихи жады мен мәдениетінің сабақтастығын ауызша дәстүрдің қамтамасыз ететіні дәлелденді. Халықтың ауызша сөз өнері де осы дәстүрдің ішінен орын алды», – деп тұжырымдайды (11-бет). Осы себептен де фольклортану кейде этнографияның бір саласы ретінде қарастырылғанына басқа да ғалымдар еңбектерінен дәйектер келтіреді.

Қазіргі гуманитарлық ғылымда антропологиялық әдіс басымдық алуда. Антропологияның басқа гуманитарлық ғылым салалармен байланысына баса назар аудару, сөйтіп мәдени антропология арнасын жаңа ғылыми ізденістермен байыту XX ғасырдың орта тұсынан бастау алғаны белгілі.

Фольклортанудың да осы негізде өзіндік орны бар екенін көптеген ғалымдар өз назарларынан тыс қалдырмайды. Ш.Ибраев «Фольклортану ғылымы үшін антропологияның қол жеткізген нәтижелерінің мәні аса зор» екенін былайша жүйелеп көрсетеді:

– Фольклор – халықтың сөйлеу әрекетінің бір түрі, сондықтан ол тілмен, дәстүрмен, қалыптасқан әлеуметтік ортамен байланысты;

– Фольклор – қоғамның даму үдерістерімен біте қайнасып жатқан рухани құбылыс болғандықтан, онда әр адамның табиғатын танытатын өзгешеліктері мен әлеуметтік ортаның жалпыға бірдей шарттары бірлікте көрініс табады. Сонда фольклор жеке адам мен социумның арақатынасын табиғи сабақтастықта айғақтай алады (13-бет).

Ш. Ибраевтің бұл теориялық тұрғыдағы дәлелді тұжырымдары фольклордың кешенді сипатын барынша танытады. Осы тұжырымдарды саралай келгенде антропологияның адам тұлғасы арқылы дәстүрлі мәдениетті зерделеп, салыстырмалы талдауға ден қоятынына көз жеткізе түсуге болады. Салыстырмалы талдау арқылы антропология әлемнің түрлі халықтары фольклорында ұқсастықтардың болу себептерін анықтауда жаңа нәтижелерге қол жеткізгеніне қазіргі көптеген зерттеулер дәлел бол алады.

Ш. Ибраев «Құрылымдық антропология» еңбегінің авторы француз ғалымы К.Леви-Стросстың миф структурасын талдаудағы тәсілін тілге тиек ете отырып, антрополог ғалымдардың фольклорлық шығарма құрылымын тарихи даму кезеңдеріне қарай жүйелеуге ықпал еткенін дәлелдейді. Миф логикасын және мифтік бейнелеудің әлеуметтік-тарихи ерекшеліктерін түсіну фольклор поэтикасының тарихи кезеңдерін ажыратуға ықпал ететінін Ш. Ибраев шегелей айтады. Фольклордың дүниетанымдық және психологиялық аспектілерін түсінудің маңызы зор екені белгілі. Ал, бұл тарапта антропологияның ролі маңызды.

Мәдени-антропологиялық мектептер фольклорды және әдебиетті антропологиялық шеңберде қарастыруды түрлі қисындармен негіздеп келеді. Ш. Ибраев халық мұрасын антропология ілімі қағидаларымен байланыстырғанда негізді қисындар мен дәлелді тұжырымдарға назар аударады да, өзіндік тың тұжырымдарды алға шығарады.

Фольклортанудың антропологиямен байланыстын саралағанда ғалым адамтану ғылымының өркен жайған дербес саласы екеніне ерекше назар аудара келе фольклордағы сөз және ауызша сөйлеу табиғаты өз алдына даралай зерттеуді қажет ететінін ескертеді.

Фольклортанудың әдебиеттану ғылымымен сабақтастығы екеуін де филологиялық пән деп танитын қалыптасқан дәстүрге байланысты екенін айта келе Ш. Ибраев бұл әсіресе Кеңес одағы құрамында болған елдер ғылымына тән дейді. Әрине, екеуі де сөз өнеріне қатысты болғандықтан туыстас бола алады. Алайда фольклордың өзіндік функциясы және әдебиеттің өзіндік бағыты бар. Ш. Ибраев екі саланы өзара өзектестіретін сөздің қызметіне ерекше тоқталады да, қалай болғанда да фольклортану дербес сала ретінде қарастырылуы керектігін дәйектейді. Аталған екі саланы пәнаралық байланыс тұрғысынан қарастыру бірден бір дұрыс бағыт екенін ескертеді. Бұл ғылымның кешендік сипатын этнография, антропология, әдебиеттанумен байланысы арқылы сипаттай отырып: «Фольклортанудың кешендік сипаты оны байытатын, пән ретінде жетілдіретін, ғылыми парадигмасын жаңа арнаға бұратын маңызды өріс» деген салмақты қорытынды жасайды (21-бет).

Фольклор туралы пайымдау ондағы синкретизмді және синтез құбылысын аттап өтпейді. Фольклордың синкреттілігі бұл ғылым саласына қатысты зерттеулерде баса айтылады. Ғалым зерделеуінде бұл мәселе магиялық түсінік және соған қатысты ритуалдармен байланысты қарастырылады. Бұл аталғандар фольклордың тұрмыстық, дүниетанымдық тұрғыдағы функционалдық қызметін айғақтайтыны айтылады. «Фольклор синкретизмі сөздің әдет-ғұрыптан, наным-сенімнен, танымдық және тұрмыстық ұғымдардан және әрекеттерден бөлінбеген біртұтас белгілерін сипаттайды» дей келе фольклор жанрларының бір-бірінен ажырамағандығы, басқа өнер түрлерімен бірлікте атқаратын қызметі де оның синкретті табиғатына тән екенін тұжырымдайды (24-бет). Синкретизм мен синтезді ажырата білу керектігін ескертіп, фольклордағы синтез құбылысын екшеп көрсетеді. Синтездің бөлшектерді біріктіріп, тұтастықта қарастыратын ұғым екеніне назар аудара отырып, оны фольклорда жанрлардан бастап, көркемдік-тілдік құралға қатысты деңгейлерде байқауға болатынын дәйектейді. «Алпамыс батыр» жырындағы Алпамыс пен Бадамшаның айтысы, «Қыз Жібек» жырындағы Төлегеннің алты қазбен қоштасуы, Қыз Жібектің Төлегенді жоқтауы, Ақжүністің Қартқожақты, Қобыландының Қарлығаны шешендік толғаумен сөзден тоқтатуы – эпикалық жырларда бірнеше фольклорлық жанрдың бірігуін және олардың эпикалық бейнелеу заңдылығына бағындырылғанын танытатын мысал болса, ғалым осы ерекшеліктің синтез құбылысы екенін бекіте түседі. Фольклорда жанрлар синкретизмінен сақталып келе жатқан белгілер, екінші жағынан жанрлық дамудың синтездік түзілісін байқататыны да ғалымның тың тұжырымына жатады. Фольклорлық эпосқа қатысты синкретизмнен гөрі синтездік бірлестіруді қарастыруды жөн санаған ғалым бұл ойын: «Эпикалық жанрлардағы мақал-мәтелдер, ғибрат, өсиет сөздер, сондай-ақ трансформациялық өзгерістерге ұшыраған миф пен мифтік сюжеттер де синтездік түзілістердің нәтижесінде орын алған құбылыстар» (31-32 беттер) деп түсіндіреді. Бұлардың ара жігін ажыратудың оңай емес екенін, өйткені жанр динамикалық өзгерісте болатындықтан синтездік құбылыстың да сипаты өзгеріп отыратынын ескертеді. Сондай-ақ мұндай құбылыс ертегілерге де тән екеніне тоқталады. Ертегілердегі жұмбақ айту және оны шешу кейде тұтастай сюжеттерді құрайтыны ғалым зерделеуінен тыс қалмайды. Ш. Ибраевтың фольклортанудағы аса құнды тұжырымының бір тармағы синкретизм мен синтезге қатысты. Егер синкретизм «әу бастағы идеологиялық дүниетанымның тармақталмаған біртұтас көрінісінің айғағы болса, синтез көркемдік мақсаттағы ізденістер нәтижесі» (32-бет). Синкретизм әлсіреген тұста өнер мен жанр түрлерін бірлікте қолдану синтездік сипатқа ауысады. Ғалым «көзбен көріп, құлақпен тыңдауға фольклордың синтездік сипаты қолайлы» деп қорытады (32-бет).

Фольклордың көпнұсқалылығы туралы ғалымның ой-пікірі фольклортанушы ғалымдар тұжырымдарымен сабақтасып қана қоймай, өзіндік тың ізденіс нәтижелерін де негіздеуімен ерекшеленеді. Фольклордың көпнұсқалылығы, импровизациялық өнер, фольклордағы көркемдік әдіс теориялық пайымдармен дәйектеліп, жаңаша көзқараспен жүйеленіп беріледі.

Ш. Ибраев ұлттық ғұрыптық фольклорымызды бірнеше ірі тақырыптарға жіктеп қарастырады. Ғалым фольклорлық дәстүр мен ауызша шығармашылық өнерді тереңдей талдап, «фольклордың фольклор болуы – оның ауызша шығармашылық дәстүрмен біте қайнасып жатқаны көркемдік, танымдық, тәрбиелік, ғұрыптық, психологиялық шарттармен әдіптелуінде» деп түйіндейді (38-бет)

Қазақ фольклорының зерттелу тарихына тоқталғанда ғалым фольклордың жиналуы, қағаз бетіне түсуі, жариялануы туралы деректерге шолу жасап қана қоймай, бұл ғылым саласының даму, қалыптасуына үлкен үлес қосқан тұлғалар есімі мен еңбектеріне арнайы тоқталып, жан-жақты талдау жасайды. Сөйтіп ұлттық фольклортанудың бастау көздерін, әр еңбектің атқарған рөлін саралап көрсетеді. Бүгінгі фольклортанушы ғалымдар, жас зерттеушілер еңбектеріне де тоқталып, олардың маңызды жақтарын атайды. Осы бағыттағы пайымдаулары ары қарай көне фолькор туралы тұжырымдарға жалғасады. Көне фольклордың зерттелуінде этнографиялық және антропологиялық ізденістердің маңызды орын алатынын алға тартады. Тотемизм, магия, анимизм, ғұрып сияқты терминдік ұғымдарды түсіндіре отырып, мифтік таным негіздерін сөз етеді. «Ғұрып – миф мазмұнынан туындайтын, реттелген тұрақты іс-әрекеттердің жинақталған үлгісі. Мифтің идеологиялық күші мифке деген сенім мен ғұрыптардың дер кезінде атқарылуымен тығыз байланысты» (137-бет) екеніне тоқталады. Көне фольклорда айқын көрінетін, белсенді рөл атқаратын мифтің өзіндік табиғатын барлай келе, байырғы танымның ғұрыптық рәсімдерді қалыптастырудағы және орындаудағы өзіндік мәнін ашады.

«Фольклор прагматикасы арқылы салт, әдет-ғұрып, наным-сенім, мифтік түсініктер, ахлақ (адамгершілік) нормалары – әлеуметтік сипатқа ие» (139-бет) болатынын атап көрсете отырып, «Сөйлеу актісінің фольклорда бірлескен формада атқарылуы, бір жағынан ұқсас жағдайдың қайталанатынын, екінші жағынан оның әлеуметтік статусын көрсетеді» деп тұжырымдайды (139-бет).

Ш. Ибраевтың ғұрыптық фольклорды зерделеуде мифологияға арнайы тоқталып, оның фольклормен байланысын түсіндіруі ғалымның пәнаралық ықпалдастықты пайымдау ерекшелігін танытады.

Миф, мифология туралы бірнеше ғасырға тиесілі пікір, көзқарастар барын білеміз. Бұл көзқарастардың дені танымдық негізбен байланысты болып келеді. Ғалым Ш.Ибраев та «ертедегі адамдардың ойлау ерекшеліктеріне сәйкес қоршаған орта, табиғат пен қоғам туралы ұғымдардың жиынтығын *мифология (грекше – mythology)* деп атау қалыптасқанына» (142-бет) назар аудара отырып, адамның көне заманнан бастап өзін қоршаған ортаға қарым-қатынасын, оның өзіне әсерін сезініп, сол бойынша бір қорытынды шығаруға және жүйелеуге қол жеткізгенін айтады.

Адамға тән сезіну, ойлау, ерікті әрекет болмысы қоршаған ортаны толығымен жинақтауға негіз болатыны туралы тұжырымдарды алға тарта отырып, әуелі бейсанада орныққан мифтік бейнелер мен эмоциялық ахуал уақыт өте келе санаға ауысқанын, біртіндеп тілдік жүйеге түскенін ғалым қисынды түрде тұжырымдайды. Яғни санада туындағын ой-танымның заттанған көрінісі тіл деп қорытынды жасайды. Бейсаналы, саналы әрекеттердің тұтасуы мифті туындатады. Сөйтіп көне миф адам баласының психикасымен, ойлау жүйесімен, тілмен байланысты болып, бірнеше аспектідегі зерттеу нысанына айналады. Ғалым бұл аспектілерді былайша жүйелеп ұсынады:

– бейсана мен сана деңгейіндегі миф ұғымын психологтар мен антропологтар зерттейді;

– мифтің тіл, таңба, символға қатысын фольклортанушылар қарастырады.

Мифтік шығармашылықта алғашқы қауымдық құрылыстағы адамзаттың дүниені тануы, түсінуі, қабылдауы және түсіндіруі жүзеге асты. Ш. Ибраевтың тұжырымына сүйенсек, фольклор мен көркем өнердің дамуына арқау болған негізгі ұғымдардың бірі осы болмақ. Көркем бейнелеудегі суретті сөздер мен алуан тәсілдер, метафоралар мен

символдар, толықтай айтсақ, көркемдік-бейнелілік жүйе мифтік дәстүрден бастау алады. Ғалым бұл қорытындысын қисынды талдаулар мен дәйекті мысалдармен негіздейді.

Ғалым ғұрыптық фольклорға қатысты ғылыми талдамасын осындай жүйемен тарқата келе әуелі еңбек фольклорына тоқталады.

Терімшілік пен аңшылық тіршілік ету көзі болып келген алғашқы қауым адамдары енді күнкөрістің еңбек етуге негізделген түрлеріне ойысады. Міне, осы тұстан бастап шаруашылықпен айналысу басымдық ала бастайды. Ғалым шаруашылыққа бейімделген адамның ендігі айналысар кәсібін танытатын фольклор үлгілерін табиғи процестермен тығыз байланыста жіктеп көрсетеді.

«Алғашқы қауым адамының қоршаған ортадан бөліп алған бастапқы ұжымдық практикалық қызметінің негізгі нәтижесі – реттелген шаруашылық. Бұл үдерістің еңбек құралының жетілуімен, жануарларды қолға үйрету дағдысымен байланысты материалдық, тәжірибелік аспектісін өз алдына қойғанда, рухани өмірге әкелген өзгерісі де айтарлықтай болды. Адамның ықыласы бұрынғыдай сыртқы дүниеге, жабайы тіршілікке ғана емес, қоғамның ішкі болмысына, шаруашылықты ұйымдастыру ісіне ойысты. Ал бұл болса, қоғам дамуының заңдылықтарын жинақтайтын алғышарттардың бірі еді» (166-бет), – деп атап көрсете келе қазақтың дәстүрлі еңбек үдерісі маусымдық өзгерістерге орайластырғанын айтады. Алайда, шаруашылыққа қатысты фольклорда жанрлық түрлер маусымдық белгілерге қарап жіктелмейтінін де дәйектейді. Оның орнына ғұрыптық магиялық ерекшеліктері молынан орын алатынына назар аударып, мал шаруашылығы мен егін шаруашылығына байланысты фольклор жанрларында киелілікке сену, табиғаттағы тылсым күштерге жалбарыну басым екенін айтады. Ғалым фольклор үлгілерін зерделей отырып атап көрсеткендей: «Тілеу, сұрау, жалбарыну, сыйыну, кейде қорқыту, кейде мадақтау, тіл-көзден сақтау, қорғау, тыйым орындау сияқты магиялық мәні бар іс-әрекеттер мен сөз тізбелері тылсым дүниедегі ие, кие, желеп-жебеуші, қамқоршы немесе зиянкес күштерге бағытталады» (167-бет). Фольклор туындыларының, оның ішінде ғұрыптық, маусымдық фольклордың күллі жаратылыс нысандары мен тіршілік иелерінің иесі мен киесі бар деп сенуі және ол сенімдеріне қатысты ритуалдардың сөзбен, магиялық әрекетпен орындалуы фольклордың синкреттілігінің бір көрінісі. Ш. Ибраев тұжырымы бойынша бұл еңбек фольклорының көнелігін танытатын сипат.

Ш. Ибраев мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы туралы зерделеуін ғұрыптық сипатпен байланысты кешенді түрде қарастыра келе, көне ғасырлардағы тұрмыс-тіршіліктің дүниетаныммен тығыз астасып жатқандығын көрсетеді.

Ғұрыптық фольклор жанрларына келер болсақ, Ш. Ибраев жүйелеуінде магиялық жанрлар, отбасылық ғұрып фольклоры, үйлену ғұрып фольклоры және азалау ғұрып фольклоры болып аталып-түстеледі. Магиялық жанр түрлеріне топтастырылған бәдік, арбау, бақсы сарыны, алғыс (бата), қарғыс – дүниетаныммен тығыз байланысты туындаған түрлер. Бұл жанр түрлері туралы ғалым: «Неолит дәуірінің наным-сенімімен байланысты пайда болған көне фольклор үлгілерінің қатарында практикалық, утилитарлық қызметі басты орында тұратын, сөздің магиялық әсерлі күшіне негізделген жанрлар» деп анықтай түседі. Бұл аталған жанрдың ерекшеліктеріне тоқталғанда сюжеттік құрылымын, мотивтердің орналасу тәртібін былайша көрсетеді:

А) Тылсым күш иелеріне қайрылу;

Ә) Тылсым күш иесін нәтижелі әрекетке бағыттау;

Б) Магиялық сөз бен әрекеттің нәтижесін қорытындылау (182-183 беттер).

Бұл аталған мотивтер белгілі бір тәртіппен орналасып, арнайы ережемен орындалады. Өйткені тылсым күш иелерімен байланысу, оларды өз айтқандарына көндіру өте қиын. Адамға қаскөй күш иелеріне жалыну, жалбарыну немесе оларды сескенту, қорқыту сарыны магиялық жанрға тән басты мазмұн екендігін айта отырып, наным-сенімнен туындаған мұндай фольклордың мән-маңызын танытады. Мифтік түсініктің ғұрыптық рәсімге айналуына мысал ретінде хикаялық әңгімелер мен магиялық жанрлар арасындағы байланысты атап көрсетеді. Хикаялық әңгімелерге арқау болған магиялық жанр мотивтері екенін дәйектейді. Магиялы сөз арқылы тылсым күшке әсер ету сарыны бәдік, арбау сияқты ғұрыптық фольклор үлгілерінде, сондай-ақ бақсы сарынында, алғыс пен қарғыста маңызды орын алатынын талдай отырып, олардың орындалуындағы дербес ерекшеліктерді таныту мақсатында ғалым халықтық дүниетанымға жүгінеді.

Ғұрыптық фольклор жанрларының бір тармағы отбасылық ғұрып фольклоры болса, ғалым ол туралы: «Отбасылық фольклордың мифтік дүниетанымға арқа сүйейтін түпкі идеясы және оның ғұрыппен байланысты функциясы тарихи дамудың нәтижесінде қалыптасқан. Оның жанрлары мен жанрлық түрлерінің басын қосып біріктіретін белгілері үй-ішіне, адам өмірінің маңызды оқиғаларына (туу, үйлену, өлім) қатысты болғандықтан ғана емес, алдымен тарихи-идеологиялық қызметі бойынша біртұтас құрылымдық жүйе құрайды. Отбасылық ғұрып фольклорының о бастағы біріктіруші діңгекті (центральное) идеясы бір негізден тарайды», – дейді (210-бет). Сөйтіп ғұрыптық фольклордың бұл түрі де мифтік дүниетанымнан бастау алып, бір орталық идеядан өрбитінін көрсетеді. Отбасылық ғұрып фольклорының ішкі жанрлары ретінде әлпештеу ғұрып өлеңдері, бесік жыры, сәбилік ғұрып өлеңдеріне талдау жасағанда бір кезеңнен екінші кезеңге немесе бір шекарадан екінші бір шекараға өтуге байланысты нанымнан туындаған сөз бен әрекет назарға алынады. Ғалым шет елдік ғалымдар тұжырымдарын өзіндік қисындармен салыстыра қарайды.

Отбасылық ғұрып фольклорының келесі бір саласы – үйлену ғұрып өлеңдері. Адам өмірінің маңызды бір кезеңі, ұлттық салт-дәстүріміздің айрықша бір бөлігі саналатын үйлену ғұрып өлеңдерін Ш. Ибраев жар-жар, сыңсу, тойбастар, беташар деп жүйелеп қарастырады. Жалпы үйлену ғұрпы құда түсу, қыз ұзату, келін түсіру сияқты үш маңызды оқиғамен белгіленсе, фольклор үлгілері осылармен байланысты орындалатын сөз және әрекет түрінде туып, қалыптасатыны ғалым зерделеуінде жүйелі талдауға арқау болған.

Адам өміріне қатысты фольклор жанрын «Азалау ғұрып фольклоры» деп атау Ш. Ибраев тұжырымына тән. Ғұрыптық фольклордың бұл түрі іштей естірту, көңіл айту, жоқтау болып бөлінеді. Адам дүниеден өткенде орындалатын рәсімдер әлемдегі бар халыққа тән. Алайда әр халық фольклорының өзіндік ерекшеліктері бар.

«Қазақтың аза тұту дәстүрінде фольклорлық шығармалардың жерлеу ғұрыптармен (оқшалау, жуу, жерлеу т.б.) қоса қабат жүрмейтіні байқалады. Оның өзіндік себептері жоқ емес. Өлікті жөнелтуде ислам дінінің шарттары сөз бен ғұрыптың қатар қолданылуына, байырғы түсініктердің ашық орын алуына жол бермейді. Сондықтан да ғұрыптық фольклор жерлеу салтында жанамалы түрде көрініс тапқан» (236- б.), – деп, Ш. Ибраев бұндай ерекшелік себептерін анықтап көрсетеді. Сондай-ақ аза тұту фольклорында көңіл-күйге, саз-әуенге, бейнелі сөзге баса назар аударылатынын, бұл азалау ғұрып фольклоры мәтіндерінің көркемдік қызметіне айрықша мән берілуінің мысалы екенін атап өтеді. Ғалымның ерекше тоқталып, айрықша айқындай айтқан тұжырымына келер болсақ, естірту, көңіл айту және жоқтау өлеңдерінде ғұрыпты бұлжытпай орындау емес, тыңдаған қауымға ұнайтын әсер ететін сөз айтуға баса мән беріледі, сондықтан

лиризмге, тыңдаушы жүрегіне жететін жүйелі де әсерлі, көркемдік қуаты мол сөз бұл жанрдағы өлеңдердің әлеуметтік мәнін арттырады (237-б.).

Қазақтың ғұрыптық фольклоры – зерттелуі жағынан кенжелеп қалған сала. Бұл саланың зерттелуінде кейінгі фольклортанушылар бірсыпыра ізденістерге жол ашты. Ғұрыптық фольклорды зерделеуде этнография, антропология, психология сияқты пәндердің әдіс-тәсілдерін ескеру, сөйтіп кешенді зерттеу жүргізу тиімділігін Ш. Ибраев өз зерттеулерінде баса айтады. Кеңестік саясат ықпалымен фольклор тек әдебиеттану ғылымының әдіснамасымен зерттелгенін, сол себепті поэтикалық тұрғыда қарастыру басым болғанын, бұлайша зерттеудің фольклор табиғатын толық таныта алмайтынын ескерте отырып: «Қазақтың ғұрыптық фольклорының жаратылысы, арғы дәуірлерден келе жатқан өзгешелігі, тарихи даму жолдары бір ғана тарихи даму жолдары бір ғана тарихи поэтиканың ауқымына сыймайды. Оған антропологтардың көзімен қарау – берісі ұлттық және түркілік контексте, арысы жалпыадамзаттық мәдени даму аспектісінде жинақтауға мұрындық болары сөзсіз» (205-б.), – деп фольклортанудың заманауи әдіснамасын алға тартады.

Қорыта айтсақ, ғұрыптық фольклорды зерттеуде жаңашыл тұжырымдар ұсынып, теориялық мәселелерді жүйелеген Шәкір Ибраевтің еңбегі қазақ фольклортануында ерекше орын алады. Ғалымның «Қазақтың ғұрыптық фольклоры» атты іргелі еңбегі тек ұлттық шеңберде қалып қоймай, әлемдік фольклортануда да өзіндік орны бар маңызды теориялық тұжырымдар қалыптастырған зерттеу деп айта аламыз.

Zh.A. Aimukhambet
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan
ORCID: 000-0002-7061-3000
(E-mail: zhanataias@gmail.com)

Ritual folklore in the research of Shakir Ibraev

Sh. Ibraev. Kazakh Ritual Folklore
Nur-Sultan, ENU, 2021. 252 p.

Summary of the review. The work of the renowned folklorist Sh. Ibraev is a comprehensive scholarly work addressing key issues in the study of *Kazakh Ritual Folklore.* Each chapter proffers solutions to complex theoretical and practical problems.

The preface provides a systematic definition of folklore, approaching it from a new perspective and highlighting its cognitive, ritual, artistic, and educational functions.

The first chapter is dedicated to the complex nature of folklore, exploring its connections to ethnography, anthropology, and literary studies, and emphasizing the importance of integrating anthropology into folklore research.

The second chapter provides a theoretical interpretation of syncretism and synthesis in folklore. Ibraev discusses the interplay between folklore and the performance traditions of akyns and zhyraus as well as ritual elements such as incantations, blessings, and shamanic chants. He identifies plot, motif, and artistic techniques as markers of genre syncretism.

Subsequent chapters analyze oral creativity, artistic methods, the history of Kazakh folklore studies, multivariance, improvisation, ancient folklore, and myth. The author examines the deep roots of mythological consciousness in the worldview of the Kazakh people and its integration into folklore.

In the chapter on labor folklore, Ibraev studies examples related to animal husbandry and agriculture and draws conclusions about their meaning and origin in ritual practices.

The central section, "Ritual Folklore," includes four chapters on magical genres, family rituals, wedding songs, and funeral rites. Each chapter is divided into subsections detailing genre subtypes. The author demonstrates that magical and family rituals stem from ancient beliefs. Wedding rituals such as betrothal *(kudalyk),* the bride's departure *(kyz uzatu),* and her reception into the groom's home *(kelin tusiru)* – are shown to give rise to specific verbal and performative works.

Ibraev introduces the concept of "Funeral Ritual Folklore" as an original scholarly category, drawing on global theories while emphasizing Kazakh distinctiveness. His systematization of theoretical problems and innovative conclusions hold major value for both Kazakh and world folklore studies.

The monograph *Kazakh Ritual Folklore* (Kazakting guriptik folklory) presents fundamental theoretical foundations of Kazakh and international folklore studies.

Keywords: Sh. Ibraev, folklore, mythological consciousness, beliefs, syncretism, synthesis, ritual folklore.

Ж.А. Аймухамбет
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилёва, Астана, Республика Казахстан.
ORCID: 000-0002-7061-3000
(E-mail: zhanataias@gmail.com)

Обрядовый фольклор в исследовании Шакира Ибраева

Ш. Ибраев. Казахский обрядовый фольклор (Қазақтың ғұрыптық фольклоры). Монография. Нур-Султан, ЕНУ, 2021. 252 с.

Краткое содержание рецензии. Монография видного учёного-фольклориста Ш. Ибраева посвящена изучению казахского обрядового фольклора, анализу ключевых проблем современной фольклористики.

В предисловии представлена система научных определений теории фольклора и основных понятий, которые рассматриваются с новой современной позиции. В монографии раскрываются познавательные, ритуальные, художественные и воспитательные значения фольклора, отмечаются его многослойные и многогранные функции.

Первая глава труда посвящена комплексному характеру фольклора и включает несколько подразделов, где достаточно подробно раскрывается связь фольклора с этнографией, антропологией и литературоведением, обосновывается важность изучения антропологии в единстве с фольклором для современной науки.

Во второй главе предложено теоретическое осмысление явлений синкретизма и синтеза в фольклоре, сформулированы новые выводы о синтезировании фольклорных образцов. Тесная связь фольклора с искусством акынов, жырау и исполнительством, а также то, что заклинания, благопожелания и шаманские напевы возникают в контексте верований и сливаются с фольклором, служит одним из доказательств упомянутого синкретизма и комплексного характера фольклора. Учёный отмечает, что такие элементы, как сюжет, мотив и художественные приёмы изображения, характерны для жанрового синкретизма.

В главах о фольклорной традиции и устном художественном творчестве, художественном методе в фольклоре, истории изучения казахского фольклора, многовариантности

фольклора и импровизационном искусстве, древнем фольклоре и мифе подвергнуты анализу многие важные научно-теоретические положения и представлены новые выводы и теоретические суждения автора. Доводы об укоренении мифологического сознания у народа, его сопряжение с фольклором подтверждают научную новизну монографии.

В главе о трудовом фольклоре учёный посредством обстоятельного анализа образцов фольклора, связанных с животноводством и земледелием, делает значимые выводы относительно их смысла и содержания.

Раздел «Обрядовый фольклор» включает четыре главы, посвящённые анализу магических жанров, семейного и траурного обрядового фольклора, свадебных песен, рассмотрены подвиды отдельных жанров обрядового фольклора. Учёный доказывает, что магические и семейные обрядовые формы возникли в результате древних мировоззренческих представлений и верований.

Понятие «Траурный обрядовый фольклор» является авторской научной формулировкой. Опираясь на теоретические положения мировой фольклористики, исследователь демонстрирует новаторский характер своей работы. Поэтому в казахском фольклороведении, в исследовании обрядового фольклора монография Шакира Ибраева имеет большое научное значение.

В книге «Казахский обрядовый фольклор» («Қазақтың ғұрыптық фольклоры») изложены важные теоретические положения отечественной и мировой фольклористики.

Ключевые слова: Ш. Ибраев, фольклор, мифологическое сознание, верования, синкретизм, синтез, обрядовый фольклор.

Автор туралы мәлімет:

Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId = 57194569165

Information about the author:

Aymukhambet Zhanat Askerbekkyzy, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId = 57194569165

Сведения об авторе:

Аймухамбет Жанат Аскербеккызы, доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

Scopus ID: https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId = 57194569165

Conflict of Interest.

There is no conflict of interest related to this article.

Мүдделер қақтығысы.

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

Конфликт интересов.

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.

SUBMISSIONS
АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕ
ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ

All information for authors regarding the submission of articles, the procedure for their consideration, review, instructions and recommendations for the design of materials, issues governing the relationship between the author and publisher are presented on the journal's website at: https://tsj.enu.kz/index.php/new/about/submissions#authorGuidelines

Manuscripts whose design does not meet the specified requirements are not considered by the editorial board!

These rules come into force from the moment of publication in the journal and on the website of the journal.

***

Авторлар үшін мақалаларды беруге, оларды қарау тәртібіне, рецензиялауға, материалдарды рәсімдеу бойынша нұсқаулықтар мен ұсынымдарға, автор мен баспагердің өзара қарым-қатынасын реттейтін сұрақтарға қатысты барлық мәліметтер журналдың сайтында көрсетілген: https://tsj.enu.kz/index.php/new/about/submissions#authorGuidelines

Рәсімделуі көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін қолжазбаларды редакциялық алқа қарастырмайды!

Осы ереже журналда және журналдың сайтында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

***

Все сведения для авторов, касающиеся подачи статей, порядка их рассмотрения, рецензирования, инструкций и рекомендаций по оформлению материалов, вопросов, регулирующих взаимоотношения автора и издателя, представлены на сайте журнала по адресу: https://tsj.enu.kz/index.php/new/about/submissions#authorGuidelines

Рукописи, оформление которых не соответствует указанным требованиям, редакционной коллегией не рассматриваются!

Настоящие правила вступают в действие с момента опубликования в журнале и на сайте журнала.

Computer layout and design – Nurusheva D.
English translation and editing – Kupayeva A., Baigazh A.
Kazakh translation and editing – Sharip A., Rakhatkyzy N.
Russian translation and editing – Amalbekova M.
Technical secretary – Rustemova A.

Д. Нурушева – компьютерлік беттеу және дизайн
А. Купаева, А. Байгаж – ағылшын тіліндегі мәтіндерді редакциялау
және ағылшын тіліне аудару
А. Шәріп, Н. Рахатқызы – қазақ тіліндегі мәтіндерді аудару және редакциялау
М.Б. Амалбекова – орыс тіліндегі мәтіндерді аудару және редакциялау
Техникалық хатшы – Рустемова А.

Компьютерная вёрстка и дизайн – Д. Нурушева
Перевод и редактура текстов на английском языке – А. Купаева, А. Байгаж
Перевод на казахский язык и редактура текстов – А. Шәріп, Н. Рахатқызы
Перевод на русский язык и редактура текстов – М.Б. Амалбекова
Технический секретарь – Рустемова А.

TURKIC STUDIES JOURNAL
2025. Vol. 7, No.3 – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University. – 254 pp.
Signed to print 22.09.2025. Print run – 40 copies.
2025. Vol. 7, №3 – Астана: ЕҰУ. – 254 б.
22.09.2025 басуға жіберілді. Тираж – 40 дана.
2025. Т. 7, №3 – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва. – 254 с.
Подписано в печать 22.09.2025. Тираж – 40 экз.

Address of printing house: 13/1 Kazhymukan Str., Astana, Kazakhstan, 010008
tel.: +7(7172) 709-500, (ext.: 31-434)
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1
тел.: +7(7172) 709-500, (ішкі: 31-434)
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1
тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-434)

©L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2025
©Turkic Studies Journal, 2025

tsj.enu.kz

ISSN 2664-5157